



ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДІБИЕТІ

7/2010

*Жүрегі әнге толы
Ұстаздың болсын жолы!*

Сазгер ұстаз Салибеков Әуезхан Көсембекұлының «Қазақ мұраты» әнінің сырғына мұқабаның 2-ші және 3-ші беттерінен қапыға алыңыздар.





Салабеков Әуезхан Косембекұлы 1957 жылы Жамбыл облысы, Талас ауданы, Ақкөл ауылында дүниеге келген. 1957 жылы Ақкөл орта мектебін, 1979 жылы Шымкент қаласындағы Әл-Фараби атындағы педагогикалық институттың музыка және хор ұжымының әдіскері мамандығы бойынша бітірген. 1979-1983 жылдары Талас аудандық мәдениет үйінде әдіскер болып, 1983-1996 жылдары музыка мектебінде мұғалім, 1997 жылдан күні бүгінге дейін Ақкөл орта мектебінде ұстаздық етеді.

Әуезхан Косембекұлы - ұстаздықпен қатар сағатерлікпен айналысын. 60-70 шақты ән жазған өнер иесі. Оның әндері Республика көлеміне танымал әншілер де орындап жүр. Асқар Жүнісбеков, Гани Мәтебаев, Дана Маханбаева, Маратбек Бабақұлов және т.б.

Әсіресе, «Бауырларым», «Ұйықта, бөлем», «Туған елім», «Анама», «Сен болып бәрі кеткен бе?!», «Мектебім», «Аңда санла», «Қыздар-ай», «Хат жазып тұр», «Ана әлди» тәрізді нәзік сезімге бай, ғашықтық сыры терең әндері тыңдарма қауымынан жан дүниесін тебірентіп, рухани жағынан байыттық келеді. Біз бүгін оның «Қазақ мұраты» деген патриоттық әні көпшілік талғамына ұсынғанды жөн көрдік.

Редакциядан

Қазақ мұраты

марш екпінінде. *C-moll* *f-moll*

ТА - РИ - ХИ ЖА - ЗЫЛ - БАН ҚҰ - ДІ - РЕТ ҚҰ - ЯН - ДА,

ДА - НА - ЛЫҚ ЖЫР ЖА - ТЫР БАЛ ТАМ - ГАН ТІ - ЛІН - ДЕ,

А - ЗАТ - ТЫҚ АҢ - СА - ГАН Е - ЛІМ - АЙ Ә - НІ - МЕН,

ХАЛ - ҚЫ - МЫЗ ҚОЛ СОЗ - ДИ БА - ҚЫТ - ҚА БҮ - ГІН - ДЕ!

А - ТАН - ГАН БАР - ША ЖҮРТ А - НА - СЫ,

ЖА - СА - СЫН МАРТ ҚАЗАҚ ДА - ЛА - СЫ. ТӨ - СІН - ДЕ СР - КЕ - ЛЕП ӨС - СІН

ТЕК БАУ - ЫР - МАЛ А - ДАМ - ЗАТ БА - ЛА - СЫ, БАУ - ЫР - МАЛ А - ДАМ - ЗАТ БА - ЛА -

СЫ, БАУ - ЫР - МАЛ А - ДАМ - ЗАТ БА - ЛА - СЫ.

соңы: Баяулата, *G7* *C-moll*

“Қазақ тілі мен әдебиеті” және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

Мақсатым - тіл ұстартып, онер шашпақ...
АБАЙ.

ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

7

2010

1958 жылдың
наурыз айынан
бастап шығады

ШІЛДЕ

МАЗМҰНЫ

Таным табиғатында

Бекжан Досжанов.	Ұрпақ мәселесі мен ат қою дәстүрінің өзара байланысы3
Бауыржан Ердембеков.	Абайдың Байкөкесі.....13

Көкейтесті козқарас

Әлия Есенқызы.	Жүрек сыры немесе Қадыр ағамен сырласу.....21
Жазира Ғайсақызы.	Сабағыңыздың сапасы қандай деңгейде?...25

Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Қайрат Шәріпов.	Тест түрлері, оларды тексерудің тиімді жолдары.....27
Самал Тілеубаева.	Сітпеу есімдігінің түрленуі.....32
Жанаргүл Дүйсенғалиева.	Емтихан билеттері.....35

Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Оралхан Малсақ.	Қарауылбек Қазиев. “Менің шешем”40
Бакытжан Есілханқызы.	Мағжанның “Сағындым” өлеңі.....43
Марал Әділханова.	Олжас Сүлейменов. “Арғымақ”, “Қыз қуу”, “Махамбетке”46
Гүлсім Торетова.	“Күлагер - поэзияның сұлу сазы”50
Баян Қуандықова.	“Абай жолы” романы: “Жайлауда” (үзінді).....53
Баян Шәкенова.	Шыңғыс Айтматов. “Наймаң-Ана”58

Уақыт және әдебиет

Күләш Ахмет.	Сәбит Мұқановтың баспасөздегі алғашқы адымы.....61
--------------	----------------------------------------------------

Оқулыққа қосымша

Әбдіжәлел Аққозов.	Салалас кұрмалас сөйлемдердің парадигмасы.....70
Айман Ақтанова.	Тарихи жад: Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов шығармашылығы.....77
Нүргүл Исмагулова.	Сәбит Мұқанов поэмаларындағы идеялық және эстетикалық мұрат мәселелері.....82
Айман Тоқсамбаева.	Мәшһүр Жүсіп балладаларындағы сюжеттік желі.....92
Айман Жанабекова.	Уақыт ұғымының өсімдік атауларындағы тілдік көрінісі.....98

Өмірмен өзектес өнер

Гүлнар Жұмасейітова.	Әпкелі-сінділі Ғаббасовалардың би театры.....104
Гүлнара Мурсалимова.	Балалар киносының шығармашылық келешегі.....110

Жас ғалым зердесі

Айман Жаманғараева.	Ғафудың ақындық ортасы.....116
Абзал Амиров.	Араб тіліндегі омонимдер бұрынғы және қазіргі зерттеулерде.....124
Айсүлу Тойшыбекова.	Шерхан Мұртазаның азаматтық тұлғасы.....129
Әсем Тұрысбекова.	“Тасбақаның шөбі” әңгімесі: ұлттық мінез-кұлық.....133
Бектай Қожахметов.	Әбділда Тәжібаевтың деректі әдебиетінің ерекшеліктері.....140

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Қусиын Айтқалиев, Төлеутай Ақшолақов, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақырулы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нүргелді Уәлиұлы.

Бекжан Досжанов,
Лев Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің
казак тіл білімі кафедрасының
доценті.

ҰРПАҚ МӘСЕЛЕСІ МЕН АТ ҚОЮ ДӘСТҮРІНІҢ ӨЗАРА БАЙЛАНЫСЫ

Кісі аттарының жасалуындағы экстралингвистикалық факторлар турасында мынадай екі мәселеге тоқталмай отуға болмайды: біріншіден, казак халқының ұлттық танымындағы ұрпақ мәселесі, екіншіден, өмірге келген перзентке ат қою мәселесі. Ұлттық санадағы ұрпақтың орны “Балалы үй - базар, баласыз үй - қу мазар” немесе “Шаңыраққа ие болу”, т.б. секілді мақал-мәтел, тұрақты тіркестерден көрінеді. Адам өмірінде перзенттің орны қашан да жоғары, казак халқының балаға деген сүйіспеншілігі, оның бары мен жоғы туралы ұғымдары ертеден-ақ қалыптасқан “қу бас” деген атаққа қалмау үшін ұрпақ жолында мал-дүниені, жанды пида етеді. Халықтың өмір бойы жиған рухани байлығының негізі болып табылатын ауыз әдебиеті материалдарында перзенттің орны, оның адами болмысы мен қасиеттері жан жақты баяндалады. Халық танымы мен түсінігінің негізінде сомдалған бейне елді қиындықтан құтқарып, бақытқа жеткізетін сондай бір ерекше жаралған перзентті армандаудан туған, сондықтан ол жалпы казак халқының перзентке деген сүйіспеншілігінің көрінісі ретінде де бағалы. Ауыз әдебиеті кейіпкерлерінің көпшілігі күдайдан сұрап алған, зиратының басына түнеп, әулиенің аянын немесе бақсы-балгерлердің батасын алу

арқылы дүниеге келеді. Осындағы жеке адамдардың тағдыры жалпы ұлттық ұғымдағы перзент орнының қаншалықты жоғары екенін көрсетеді. Мысалы, қазақ ертегілерінің тілінде осыған байланысты мынадай сөйлемдер мен сөз тіркестері жиі кездеседі: “Малы орасан көп болған. Бай алпыс үшке жеткенше бала қормей, *бір перзентке зар болған*” [1.127]. “Ертеде өз еңбегімен күн көшірген бір кедей шал болыпты. Шал өмірінде бір *шыр еткен көрменгі*” [1.180]. “Аты белгісіз патша халқына әділ, ғаріп-мүсәпірлерге көп қарасатын болған. Бірақ патша *өзі баласыз болған*” [1.229]. Қазақ ертегілерінің көпшілігі осылай басталады. Бұлай басталуының да перзентке деген көзқараспен байланысты өзіндік себептері бар: байдың да, кедейдің де, патшаның да баршасына ортақ арман - өмірден ұрпақсыз кетпеу. Шығарманың құрылымы да әуелі бардың байлығы, салтанаты туралы баяндауға арналады да, “бірақ” деп, соңында қалатын ұрпағы болмаған соң сонша дүние бақытының түкке тұрмайтындығы меңзеледі: “Байборі малға бай екен, төрт түлігі сай екен, *бір перзентке зар екен. ... Бір перзенттің дертінен. Дәйім қайғы жер екен*” (“Алпамыс батыр” жыры). Кедейдің көрген жоқшылығы мен мұқтаждығы да бір перзенттің болмауымен салыстыруға келмейді: “Ертеде аңшылықпен күн көрген бір кемпір мен шал болыпты. Бірақ өмір бойы бір перзентке зар екен. *Құдайға жалбарынып, тілеген армандары бір бала болады*” [3.35]. Жоқшылықтың азабын тартып жүрсе де, сұрағаны - байлық емес, перзент. Бір перзенттің дертінен дүние, мал-мүлік, байлықтың бәрін тастап, елден шығып, жапан түзді кезіп кететін оқиғалар ауыз әдебиетінің материалдарында жиі кездеседі. Мысалы, “*А Құдай, өзің қай жақтасың, қайда болсаң да, міне, біз сенен бала сұрап қаңғырдық!*” - деп жапан түзге бет алды. Қаңғырып жүре берді [2.115]. Сойтіп жүргенде, құдай көз

жасын көріп, тілегін қабыл етіп немесе әулие аян беріп, бақсы-балгерлердің үшкірген емі қонып, тоғыз ай, он күн дегенде бір бала дүниеге келеді.

Қазақ халқының санасында ұрпағының жоқ болуы - өте үлкен қайғы, баласы жоқ адамға жұрт мүсіркей қарайды: “Тобықбайдың әйелі өмірі бала көтермепті. Мұның баласының жоқ болғанына барлық ел *аяныш етеді екен* де, өзін жақсы көреді екен [2.154]. “Байбөрі осылай деп жүрді жылап, Құдайдан күндіз-түні бала сұрап. Сүйегі сырқырайды Байбөріге, Мұн-зарын естіген жан салып құлақ” (“*Алпамыс батыр*” жыры.). Сонымен қатар ашуланса баласы жоқтығын ең төменгі кемістік ретінде бетіне басатын тұстар да кездеседі: “...бұл той - баласы бардың келетұғын тойы. Ұлы барға орын бар, қызы барға қызық бар. Ұлы жоққа орын жоқ, қызы жоққа қызық жоқ” [2.115; 2.141].

Бір перзентке зар болған талайлар өмірден баз кешсе, ұрпағының өсуі, көп болуы да - үлкен арман. Бұл “жалғыз ұл”, “жалғыз бала”, “қу жалғыз”, “жар дегенде жалғыз” секілді тұрақты тіркестерден де көрінеді. “Жалғыздық құдайға ғана жарасады” деп білетін қазақтың түсінігінде “Жалғыз ұлы бардың кіресілі-шығасылы жаны бар”. Сондықтан оның жолында жаны садаға болып отырады. Ал ауыз әдебиетінде бұл мәселе де басты назарға алынып, арнайы тіркестер арқылы беріледі: “Бұрынғы заманда әлемге аты шыққан бір дәулетті патша болыпты. Оның *жар дегенде жалғыз ұлы* болған екен” [1.31]. “Бағдат шәріндегі Шаһиншаһ патшаның Шаһзада деген *жалғыз ұлы болыпты*” [1.230]. “Ол бидің *жалғыз баласы* болыпты” [1.104]. “Сол байдың *жалғыз баласы* болыпты” [1.198]. “Ертеде бір кемпір болыпты. Оның *жалғыз баласы* болыпты” [1.251]. Осы сөйлемдердің құрамындағы *жалғыз...* деген сөздердің ақпараттық терең мәні бар. “Жалғыз ұл”

ұғымы патшаға да, биге де, байға да, жалғыз кемпірге де - бәріне ортақ, бәріне бірдей. *Жалғыз* сөзі *ұл* немесе *бала* сөзімен бірігіп, тұрақты тіркес құрағанда оның мағынасынан қазақ халқының “жалғызы” туралы психологиялық жағдайларының барлығы көрініс береді: қорқыныш (күдіктену, амандығын тілеу, жолына жанын құрбан етуге дайын болу), қуаныш, сағыныш, сүйініш, медет ету, шүкіршілік, т.б. Жолына жанын шүберекке түйіп отырған ата мен ананың және жауынан намысын қорғап, қолын бақытқа жеткізген ұлаңының атына халық тарапынан жолданатын ізгі тілек пен алғыс шексіз.

Қазақ халқында жалғыз перзентпен қатар жалпы ұрпағына деген көзқарастың орны ерекше. Осы мейірім мен сүйіспеншілік-махаббат тілде түрлі еркелету, жақсы көру мәнді сөздермен таңбаланады. Еркелету, айналып-толғану, жақсы көру мәнінде балаларға арналып айтылатын мынадай сөздер бар: *айым, айналайын, ақботам, ақтайлағым, балашығым, ботам, ботақаным, жалғызым, жаным, жарығым, көзімнің ағы мен қарасы, күнім, қалқам, қарашығым, қарғам, қозым, қоңыр қозым, қуатым, құлыным, құлыншағым, садағаң болып кетейін, т.б.* Бұл сөздер сонымен қатар есім орнына қолданылып, шақыру, өзіне назарын аудару қызметін де атқарады. Жеке тұрғанда да балаға деген сүйіспеншілікті білдіретін бұл сөздер мәтін ішінде түрліше құбылып, алуан түрлі мағыналық реңктерге ие болады.

Осы сөздер арқылы туған перзентіне бағыттталатын түрлі сезімдерінің бірі - сағыныш. Халықтың аузында ғасырлар бойы сұрыпталып, шебер сомдалған ұлттық психологияның типтік белгілері қазақ ауыз әдебиетінен көрінеді, сондықтан қазақ ертегілеріндегі сағынышқа байланысты туған өлеңдерден қысқаша үзінді келтірс кетейік. Жау қолына түсіп хабарсыз кеткен Қара батырдың анасы мұңға толы сағынышын мынадай

жолдармен жеткізеді:

*Ау, шырағым, құлыным,
Маңдайымда тұлымым,
Көлге біткен құрағым,
Жалғызым-ау, шырағым!
Жау алды ма білмедім,
Су алды ма білмедім,
Аң алды ма білмедім,
Жөніңді біліп, шырағым,
Құрбаның болып өлмедім!
Жиырма төрт ай болды,
Мен жалғызды көрмедім?! (“Қара батыр”*

ертегісі). Туған перзентінің жауға кетіп, ұзақ мерзімге кешігуі “Қобыланды батыр”, “Алпамыс батыр” жырларында да бар. Қобыландының әкесі Токтарбай мен анасы Аналықтың, Алпамыстың әкесі Байбөрінің сағыныш-жоқтауы, жау қолындағы қорлықтан құтқарады деген жалғыз үміт-тілегі арнайы жыр жолдары арқылы беріледі. Батырлар жырында негізгі жау - қызылбас пен қалмақ болып келсе, ертегілерде көбіне дұшпан - жеті басты айдаһар, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, т.б. түрінде беріледі. Осының бөрінен ата-анасын, туыстарын, елін батыр өзінің асқан ерлігімен, айласымен, оулиелер мен пірлердің, алдынан шығып отыратын тылсым күшке ие адамдар мен адамша сөйлейтін жануарлардың және тапқыр, алып, желаяқ, сакқұлақ, колтауысар, т.б. секілді достарының көмегімен құтқарады. Ауыз әдебиетіндегі басты кейіпкерлердің бір бойына мейірімділік пен қайырымдылық, жомарттық, елге, жерге деген сүйіспеншілік, туған елдің намысын қорғау жолында жаңын садаға ету, т.б. секілді адами қасиеттер тоғысқан. Ал, бір адамның бойына симайтын, бірақ қиындыққа қарсы тұрып, ел қорғайтын батыр үшін қажетті

өзге ерекшеліктер оның достары арқылы көрінеді де, батыр сол арқылы мақсатына жетеді.

Бұдан шығарма кейіпкерінің кешенді тұлғасын көреміз. Тұлға бойынан көрінетін қасиеттер ұлт ұғымында ғасырлар бойы жинақталып, әр кезеңде туындап отырған түрлі қоғамдық қажеттілік пен сұраныстардың негізінде қалыптасқан.

Шығармалардағы ештеңеге мұқтаж емес батырдың да жүрегі жылы, мейірімге толы, дұшпанына қатал, ол да туған елі мен жерін сағынады, сағыныш сезімі көзінен жас болып ағады, жауға кеткен кек жолында жанын шүберекке түйіп, басын бәйгеге тігеді:

Алтынды ерге сүйеніп,

Елін-жұртын сағынып,

Өксіп-өксіп жылады...

“Еменнен кестім найза, - деп, -

Пенделік тартқан халқыма

Тигіземін пайда” деп,

Күн шыққанша шәһәрін

Екі айналды Қобыланды... (“Қобыланды батыр” жыры).

Құдіретті күштен сұрап алған жалғыздың өзін әкесі намыс пен жауға кесіп кетпес үшін халқының жолында құрбан етуден тартынбайды: “... бетінен жарылқасын, қайда барса жолы болсын, бір жаман алжыған шал, қақиған кемпір қызығын көрді не, көрмеді не, тірі болса қызығын халық, жұрт көрсін!” - деді (*“Желкілдек” ертегісі*). Дұшпаннан кек қайтару мен намыс жолында жанын құрбан ету идеясы “Ер ел үшін туады, ел үшін өледі”, “Еркек тоқты - құрбандық” секілді мақал- мәтелдерден де көрінеді. Жасынан санасына сіңген бұл идея батырлардың арманы ретінде мынадай жолдар арқылы беріледі:

*Айыр ма екен, нар ма екен,
Қайың ба екен, тал ма екен?*

Үйде туып түзде өлген

Батырда арман бар ма екен?! (Ауыз әдебиетінен). Ел қорғап жүріп өмірден өту - батырлардың арманы.

Мәрт мінез, шындықпен өмір кешу, онан ауытқығанда жалған дүниені тәрк ету де ерге тән қасиет ретінде бағаланады: “Мен құдайға жалғаншы болып, жалған дүниеде жүргенімнен өлгенім артық, өзімді өзім құдайға бергенім” деп төбесінен оқ атты [2.125].

Батырдан ұрпақтың қалуы да ауыз әдебиетінде арнайы назарда ұсталады. Негізгі кейіпкердің өзі ата-анасының “өлгенде корген жалғызы” еді, халық батырдың да ұрпақ жалғастығын назардан тыс қалдырмайды және оларға тән ерекшеліктердің бірі - жау болса да тектінің қызынан немесе киелі күшке ие перінің қызынан, т.б. туады. Бұл батырдан туған перзенттің әкесінен асып түсетінін көрсетеді. Ұрпаққа деген сүйіспеншілік тек жақсы көріп армандаумен шектелмейді, олардың асыл текті болуын да басты мақсат етіп қояды.

Ұрпақ бойында болуға тиіс қасиеттер және қиын-қыстау сын сағаттар мен онан шығудың жолдары ауыз әдебиетінде терең зерделенеді. Ауыз әдебиетінің материалдары арқылы белгілі бір батырды танимыз да, соның өміріне қатысты шытырман оқиғалардың куәсі боламыз, кейіпкердің осу, тұлға ретінде қалыптасу жолдарымен танысамыз. Енді оның есімі аталған кезде есім мағынасының қандай екеніне қарамай, сол бай мазмұнды шытырман оқиғалар тізбектеліп көз алдымыздан өте береді. Сондықтан перзент мәселесіне қатысты ұлттық таным аясында сомдалған тұлға әрі адам, әрі бай мазмұнды өмірдің иесі болып табылады.

Қазақ халқының ұғымындағы ұрпақ мәселесі мен *ат қою дәстүрінің* арасында өзіндік байланыс бар. Халық ұғымында, дүниеге ата-анасының арман-тілегімен келген перзенттің затына аты сай болу жағы да қарастырылады, ол өз кезегінде түрлі антропонимдердің жасалуына әсер етеді. Қазақ ауыз әдебиетіндегі негізгі кейіпкерлер бойындағы қасиеттерді жинақтай келгенде “Адам деп кімді айтамыз, оған тән қасиеттер қандай болуы керек?” деген сұрақтың жауабын аламыз. Олардың бірінің бойындағы ерекше қасиетті екіншісі толықтырып, басқа бір қырынан танытып отырады, сондықтан қазақ халқының эстетикалық талғамы негізінде туып қалыптасқан ұлттық болмыс пен мінез-құлықтың кейбір сипаттарын зерделеу үшін халық әдебиетінің материалдарын толықтай назарға алуымыз керек. Сонда ғана ұлттық рухани құндылықтарымыздың кешенді бейнесін көре аламыз. Осы құндылықтар тілде кісі есімі арқылы таңбаланады, яғни, белгілі бір батырдың бойына біткен асыл қасиеттердің барлығы оған берілген есімнің ақпараттық мазмұны арқылы жұртқа танылады. Ештеңеден қорықпайтын, дүние-мүлікке мұқтаж емес, жауынан жеңілмейтін, кез келген уақытта өзінің де, елінің де, бауыры мен қарындасының да намысын қорғай алатын, жылағанды жұбатып, дандайсығанды тәубесіне келтіретін алып батырдың есімі айтылғанда сол ертегіні немесе жырды білетін адам, кейіпкердің басынан кешірген бүкіл өмірі мен оның адами болмысын ойға алады. Демек, шығарманың тақырыбы секілді кісі есімі де өзін иеленген тұлғаның адами болмысының жинақтық атауы болып табылады. Бұл - ауыз әдебиеті кейіпкерлеріне ғана емес, қазіргі кісі аттарына да байланысты жайт. Мысалы, белгілі бір адамның есімі аталғанда танытындар оны өзі білетін қырынан ойына алады. Сөйтіп, адамның адами болмысының

сипаты мен өмірінің мазмұны тандап алынған есімнің аясына мағына - ақпараттық мазмұн ретінде жинақталады. Бұл орайда ол тек атауыш дыбыстық тұлға ғана емес, сол сипат пен мазмұнның тақырыбы ретінде қызмет атқарады. Сондықтан кісі есімі мен перзент өмірінің арасында байланыс болуын қалаудан келіп арман-тілекті арқау еткен түрлі есімдер жасалды. Ғасырлар бойғы халық тәжірибесі жинақтала келе ат қою дәстүрін қалыптастырды. Ауыз әдебиетінде қиялдағы дайын образға ат беріліп не тарихта бар тұлғаның есімі арқылы адами қасиеттің үлгісі боларлықтай кейіпкер бейнесі жасалса, шындық өмірде есімді әркім өз ойлағаны бойынша баланың болашағын ескере отырып тандайды. Осы жерден адам мен есім арасындағы байланыс келіп туындайды.

“Шал мен кемпірдің немесе байдың, ханның жалғыз баласы болыпты...” деп басталатын кейбірінде болмаса, негізінен ауыз әдебиетіндегі басты кейіпкерлердің көпшілігі есімімен аталады. Ол есімдердің қойылуында да көптеген сырлар бар. Әулиеден әулие қоймай қыдырып, етегін шеңгел сыдырып, айлардан ай, жылдардан жыл өткенде Алланың тілектерін қабыл етуімен немесе бір әулиенің аян беруімен перзент сүйеді де, көбіне сол кезде баланың аты да белгілі болады, туылатын перзенттің өмірінен сәуегейлік айтылады да, перзенттің есімі мынадай болады деп ескертеді. Бұл қазақ халқындағы кісі атының өзіндік орнын, ерекшелігін көрсетеді: кісі есімі белгілі бір қасиетке ие, онда кие бар, оның аян арқылы белгілі болуы да жайдан жай емес. Әдетте балаға есім туғаннан кейін беріледі, кейде тумай тұрып та кім деп қоятыны белгілі болады. Қазақ ауыз әдебиетінде, сонымен қатар кейіннен берілетін де есімдер бар. “Дударқыз” ертегісінің кейіпкері - Дударқыздың, “Желкілдек” ертегісінің кейіпкері - жеті жасар Желкілдектің есімі де осылай есейген

кездерінде берілген. Есімдердің қайсысында да ұрпақ камы назарда тұратыны рас, енді осылардың ішінде тумай тұрып берілетін аттардың шығуына тоқталайық. Мысалы, “Әлібек батыр” ертегісінде “Мен саған екі қыз, бір ұл берейін, қолыңды жай, жылама” дейді де, судырлатып батасын бере бастайды. “Ұлыңның атын - Әлібек, қызыңның атын - Қанікей мен Тотай қой” дейді де, ғайып болады” [2.70]. Тумай тұрып қойылатын есімдердің кейбірі аманат арқылы беріледі: “Жалғызжігіттің” Жаңыл деген әйелі бар екен, ол үйінде екіқабат қалыпты. “Соған сәлем де, қыз туса - атын озі білер, менің жайым осындай болды, ұл туса - баланың атын Ертұяқ қойсын” деп жолдасына қош айтып жылап, жанын сол жерде береді” [2.179]. Әулие мен пірлердің, коріпкелдер мен бақсы- балгерлердің сәби есіміне баса назар аударуы, әкенің соғысқа аттанып бара жатып немесе жан тапсырар алдында, соңғы аманат ретінде перзентінің есімін қоюы ұлттық таным-түсініктегі есімнің ұрпақ мәселесімен қатар тұратындығын көрсетеді. Болашағының жалғасы - ұрпақ қазақ үшін қаншалықты маңызды болса, оған берілетін есім де соншалықты маңызды болып табылады. Сондықтан қазақ есімдерінің мазмұнын тұтастай алып қарастырғанда, онда жекселеген оқиғалардан бастап, бүкіл елдің жарқын болашағын көксеуден туған биік арман мен мұратын көруге болады. Ұлттық санада осындай маңызды орны болғандықтан ат қою қазақ халқының өмірінде дәстүрі болып қалыптасты.

Қазақ халқындағы ат қою дәстүрінің негізі ауыз әдебиетінде сақталған. Мұндағы кейіпкерлер есімінің шығу уәждерін халық ұғымында тұрақтап, қалыптасқан ұрпақ мәселесінен бөлек қарай алмаймыз. Қазақтың қиялында сомдалған ұрпағының болмыс бітімі мен адами қасиеттерін есімі арқылы сипаттау мақсатында тілімізде көптеген

антропонимдер жасалды. Қазіргі қазақ антропонимдерін тұтастай алып, жалпы мазмұнын ой елегінен өткізіп зерделер болсақ, ілгеріде аталған адами қасиет элементтерінің баршасын кездестірген болар едік, сондықтан антропоним жасамның экстралингвистикалық мәселелерін сөз еткенде есімін айтып, оның иесін айтпай қою мүмкін емес. Т.Жанұзақов өз зерттеулерінде “...антропонимдерді тұтас бір жүйе ретінде зерттеуді” ұсынады [4.60]. Бұл ұсыныс жайдан-жай айтылып отырған жоқ. Қазақ антропонимдерінің мағыналық аясында ұлттық таным тармақтарының сан түрлі қырлары қамтылған. Сондықтан олардың өзара байланысын кешенді түрде зерттеу антропонимдер жасалуының бір тарауы болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақ ертегілері, 1-том. А., “Жазушы”, 2000.
2. Қазақ ертегілері, 2-том. А., “Жазушы”, 2000.
3. Қазақ ертегілері, 6-том. А., “Жазушы”, 2000.
4. Т.Жанұзақов. Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. Астана, “ІС-Сервис” ЖШС, 2006.

Бауыржан Ердембеков,
Семей мемлекеттік педагогика институтының
психология-педагогика факультетінің
деканы, ф.ғ.д.

АБАЙДЫҢ БАЙКӨКЕСІ

(Жалғасы. Бастапқы бөлігі өткен нөмірде)

Жасынан Байкөкшенің жанында болып, оның әрбір қимылын қалт жібермейтін Абай бірде Байкөкшенің шабыты қысып келе жатқанын тап басады. Бұл туралы Көкбай

естелігінде былай дейді: “Бір мезгілде Байкөкшенің түсіне Абайдың көзі түсті де: “Мына кәрінің жыны ұстап келе жатыр екен”, - деді. Айтқанындай, сол арада Байкөкше Абайға түнде көрген түсін айтып, ұзақ өлеңді шұбатып жөнелді. Түсінде Абайдың бірталай қиындық, қауіптен өтіп өмір мұратына қолы жеткендігін көрген екен. Соны айтумен бірге өзінің жоруын да олеңге қосып, Қарамоладан жолы болып, қастық қылмақ кісілерді жеңіп қайтатынын айтады”. Көрген екі түсін Байкөкше өлеңмен өзі жориды:

*Көкті құшсаң, бақытың көкті шарлар,
Ақылың осы жүрген жаннан артар.
Әкелген екі нәрсең - ғылым, білім,
Сөзіңді естігеннің көңілі тарқар.
Күнді құшсаң боларсың ай мен күндей,
Арқа ұранды қазаққа тегіс бірдей.
Ақ сұңқардың жапыңа лық толғаны -
Тұқымыңнан жан қалмас атқа мінбей...*

Абай өзін мақтағанына емес, Байкөкшенің ақындығына риза болып, бір тоғыз сый беріп қайтарыпты деседі. Байкөкшенің көріпкелдігі айнымай келеді. Абайдың өзі де, балалары да елден асып, ерекше қасиеттерімен қадірлі болған.

Байкөкше - суырып салма ақын. Айтқан өлеңі сол жерде ел есінде қалса қалды, қалмаса қағазға түспей жоғалып отырған. Шежіре ақынның көп дүниесі халыққа жетпей жатқанын көрген Абай: “Байкөке! Сіз ел қорғаған ерді айтып, кейінгі ұрпаққа із қалдырсаңшы”, - дегенде, Байкөкше “Абайжан-ай, сен сияқты сауатты болсам, бір күнде бір кітап өлең жазар едім, амал қанша, қолым қалам, тілім қағаз бола алмайды-ау!” - депті.

Б.Сапаралы ақынның “Әнет баба”, “Мамай батыр”, “Тоқтамыс батыр”, “Кеңгірбай би”, “Қараменде би”, “Көбей

би”, “Тобышак торы”, т.б. тарихи дастан жырлары болғанын тілге тиек ете келіп: “Абайдың Байкөкше ақынға жаздыртқан “Кеңгірбай би” дастанында да би өмірінен деректер мол қамтылған” деген дерек айтады (Қараңыз: “Қазақстан”. Ұлттық энциклопедия. 2-том. А., 1999, 515-б.). Алайда Абай төңірегіндегі естелік-әңгімелерде аталған дастандар туралы, оған Байкөкшенің қатысы туралы ештеңе айтылмайды. Қолымызда Байкөкшенің “Тобышак торы” дастаны ғана болғандықтан қалған көлемді шығармалары туралы пікір айтуды кейінге қалдырамыз.

“Еңлік-Кебегінде” Кеңгірбай туралы кең сөз еткен Шәкәрім де, Байкөкшенің қасында жүрген Көкбай Жанатайұлы да ақыннан әлгі аталған тарихи туындылары туралы естеліктерінде, басқа шығармаларында атамауы көңілді күпті етеді. Егер де дәл сол шығармалар табылып жатса, оны Байкөкшенің қанжығасына байлауға әзірміз, тек ғылыми тұрғыда дәлелденіп, Байкөкше ақынның сөз саптасы мен мұнда лап тұрса. Неге десеңіз ақын Нұржан Наушабаевтың 1910 жылы Қазан қаласынан шыққан “Алаш” деген өлеңдер жинағындағы бір өлеңі осы Байкөкше ақындікі деген дерек айтылып жүр (Қараңыз: Қ.Есенғарин. Өлгендермен өлең үшін араздасуға болмайды ғой // Абай ауылы. 1992. 17 қазан). Алдымен өлеңді келтірейік:

*Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,
Жақсы емес қатты болсаң тікенектей.
Ғылымың ұшан-теңіз болса-дағы
Пайдаң жоқ өз халқыңа қызмет етпей.
Көрген мен көрмегенде көп парық бар,
Жігіт адам ашылмас сыннан өтпей.
Билік пен арамдыққа аранданба,
Әр істің мазмұнына көзің жетпей.*

*Фибрат ал жақсыларға жақын жүріп,
Қаша гөр жамандықтан аулақ шеттей.
Пайдаңды жақсы болсаң тигіз көпке
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей.
Кезінде кезеңдерден қосылып қал
Бәйгеге ұлы дүбір қосқан аттай.
Мұратың бойыңдағы гасель (тұрақты. Б.Е.) болсын,
Иллахи, талапты ерге нұрын төкпей.*

Қ.Есенғариннің айтуынша, Шыңғыстаудың кәрікұлақ, қазыналы қарияларының жадында - осы өлең Нұржандікі емес, Байқокше ақындікі. Алайда, өлең табиғатына зер салсақ, дидактикаға құрылған жазба ақынның шығармасына келеді. Ғалым Б.Кенжебаевтың “Бірсыпыра өлеңдерінде Нұржан заман жайын қазақтың бұрынғы, өз тұсындағы тұрмысын, ел билеген адамдардың іс-әрекеттерін, оқу, өнер, білім, дәулет, бақыт, мінез-құлық мәселелерін сөз етеді. Солар жөнінде бірталай орынды, маңызды, келісті өсиеттер, мақал-мәтел, нақыл сөздер айтады” деген пікірі жоғарыдағы өлеңнің сипатын ашып тұр. Нұржанның “Бірінші Назым” деген өлеңін оқып салыстырған адам екі өлеңнің бір демнен шыққандығын байқайды. Ал Байқокше өлеңі тіпті басқаша, нағыз суырып салма, ағыны қатты озендердей тасып, тогіліп отырады.

*Сөз деген су емес қой ағып жатқан,
Байлардың малы емес қой бағып жатқан.
Парашыл би-болысты талай көрдік
Халықты сұр жыландай шағып жатқан, -*

деген сияқты ертеден қалыптасқан қара өлең ұйқасымен құйылған жыр жолдары әуелгі өлең табиғатынан мүлде басқа.

Бізге жеткен ақынның “Тобышақ торы” дастаны да дәстүрлі қара өлең ұйқасымен жазылған. Шығарма бәйге

аты туралы жазылған алғашқы шығармалардың қатарында. Аз ғана мазмұнына тоқталсақ, Барынбай дегеннің асы болып, кедей Райхан деген жігіт жалғыз торысымен келіп, асқа тігілген үш бәйгені де әкетеді.

“Райхан айтты сонда кәрі-жасқа:

- Істің артын күтіңдер, сендер саспа.

Ішің күйіп, мырзалар, түз жаларсың,

Бәйгені үш аламын дәл осы аста,-

деген үш бәйгенің біріншісі “Найманда одан асқан палуан жоқ” Мұсатайды жер қаптырып, Райхан “Құрыш Қара” деген атқа ие болады. Жүз қадам қашықтықтан биік бағанның басындағы күміс теңгені көздеп түсіріп, екінші бәйгені алады. Үшінші бәйгеде - екі жүз елу аттың алдында келген Тобышак Торышкі, яғни, тағы да Райхандікі. Дастандағы ат сыншысы Қиясбай Байкокшенің өмірден алған - Абайдың қасында жүріп “өмірдің өзін мазақ ететін” Қиясбайы. Өйткені, ел есіндегі Қодардың немересі Көгедайұлы Қиясбай - олпы-солпы киініп, тұрақ-мекенсіз ел аралап өнер көрсетіп, өмірден өткен. Оның көп қасиетінің бірі - ат сыншысы. Кәрікұлак шежіре Б.Исабаев сөзіне жүгінейік: “Астындағы атын желідегі құлынға айырбастай салу ол кісінің машықты ісі де екен. Ел қыдырудан тоқталмайтын жарықтық ат беріп алған құлынын алдына салып айдап жүре береді екен. Жұрттың “атқа құлын алатын Қиясбаймысың” деп сөйлеуі ертеден болған. Бірақ алғашқыда күлкі, әжуа етушілер оны Қиясбектің жайдан-жай істеп жүрмегенін байқайды. Сыншы Қиясбай желідегі құлынның кез келгеніне ат айырбастамаған. Жүйріктігін танып барып айырбастайды екен-ау атын. Соны аңғарған Тобықты жұрты Қиясбек қызыққан құлынды бермейтін, қайта ол құлынды ат қылатын болған” (Ұлылар мекені).

“Тобышақ торы” дастанында да Қиясбайдың осы бейнесі айқын көрінеді. Ел келеке етіп тұрған торыға Қиясбай керісінше оң баға беріп, Райханның көңілін өсіріп тастайды. Бірақ ел Қиясбайдың сыншылығын мазақ етіп:

Ессіздің сөзін сөйлейді деп

Қиясбайды алжыған екен десті.

Тіпті, Сүпатай деген жетім баладан басқа торыға мініп шабуға арланады. Ақыры Қиясбайдың берген сынын толтырған торы бәйгеден жалғыз дара келеді. Дастандағы сыншы Қиясбай бейнесі - Байкөкшенің өзі күнде көріп, қалжың айтып жүрген адамы.

Байкокше ақын Райханның бағын асырған осы атты баяндауда бізге етене таныс тағы бір оқиғаны қосқан. Ол Өскенбай би асынан белгілі, қазақта бұрын болғанмен аса сирек кездесетін ойын түрі - әйелдің жалаңаш шығып, қазыққа байланған кілем жабулы түйенің бұйдасын тісімен шешсе, түйе кілемімен соныкі.

Өскенбай бидің асына қатысқан Тоғалақ руының адамы Өтепберген дегеннің естелігі жеткен. Астағы оқиға төмендегіше өрбиді. Көптен соң жиыннан тағы бір әйелдің шешініп жатқаны байқалады. Сарыкідір тартып қалған қатын екен, бүркеніш жамылып, түйе қасына кеп:

Ерлер, ерлер,

Ерлер туган жерлер.

Қараймын десең де өздерің біл.

Арыстың бұл асында

Бұл бәйгені алмақ дүр, -

деп бүркенішті сыпырғанда, Қүнекең әйелге шапан жапқызып жібереді. Бұйданы шешкізген жоқ. Кілем жабылған інген үстіне қосып, “шешіндірген айыбымыз” деп шапан берілді әйелге.

Дәл осы оқиға “Тобышақ торы” дастанында сәл өзгешелеу, автордың коркемдік қиялына қарай оңделе, түрлендіріле берілген.

Майлы күйе жағылған қазыққа кілем жабылған түйе байланып, соны шешуге Тойке деген кедейдің он сегіздегі жалғыз (өдемілігіне қарап жұрт оны “Аққула” деп атаған екен) қызы шығып топқа қарсы қарап:

*Су тазартар мейлі бет күйесін
Әйтеуір әкеме бір түйе болсын, -*

деп тәуекел етеді.

Аққула сол арада: “Ерлер! - деді,-

Бәріңіз өніп шыққан жерлер” деді.

Білместерің мазақ қып, келеке етіп,

Білгеніңнің маңдай тері терлер еді.

Білсеңдер, дүниеге - әйел ана!

Әйелсіз дүниеге келмес бала.

Алып - анадан дегендей, ат - биеден,

Әйелден неше түрлі туган дана.

Не түсті көргеніңнен ана етін,

Масқаралап күйелеп ана бетін.

Мұны қызық көруші кім де болса

Ананың білмейді екен қасиетін.

Бір кезде бесік көрдім, бала болдым,

Ер жеттік, бойжеткен қыз жаңа болдым.

Тәніме көзі түскен көпшіліктің

Мінекей, бәріңе де ана болдым.

Байкөкше қыздың аузымен елде жоқ осы ойын түрін қағты сынға алады. Көкше жеріндегі осы бір сирек кездесетін анайылау ойын түріне Құнанбайдың да ырза болмағаны естеліктен байқалады. Естелікте айтқан әйел сөзін Байкөкше шығармасында өте әсерлі жымдастыра алған. Дәл осы көріністі

дастанда сөз етуінде ақынның тағылымдық, тәрбиелік мақсаттағы көзқарасы айқындалады. Оқиға сюжетін Өскенбай би асынан алғандығы айқын. Бірақ сарыкідір тартқан келіншектің орнына он сегіздегі Тойкенің Аққула деген қызы шығады ортаға.

Дастанның соңында Райхан бәйгеден түскен олжаны қалыңмалға төлеп, Аққуланы айттырып, жар етеді. Үш бәйгені де жеңіп алған Райхандай ердің ақыр соңында қызық үшін емес, тұрмыстың қиындығынан топ ортасына шығып, ер ұялтатындай ақылды сөз айтқан Аққула қызды өзіне жар қылуы дастанның сюжеттік желісін тартымды етіп, композициялық ішкі құрылысын нығайта түскен.

Байкөкше олең сөзінің бізге жетуіне Абайдың тікелей қатысы болған. Қашанда Байкөкшедей сыр сандықтың ішіндегі олең қоймасын ақтаруға ынтық болған Абай: “Байкоке, “Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада” қазақ-қалмақ болып таласқанда Сыр бойынан көк алалы жылқыға қалың ту алып, боліп айдап шыққан кім еді, білесіз бе, соны айтыңызшы”, - деп Белібай би туралы, Тоқтамыс батыр туралы жыр айтқызған екен.

Абай мен Байкөкше арасындағы осындай рухани жақындықты Ә.Жиреншин сияқты зерттеушілер басқа қырынан танып, Байкөкшені Абайдың ақын шәкірті қатарына қосып жіберген.

Анығында, Байкөкше Абайдың шәкірті емес, керісінше, Абай жас кезінде Байкөкшеден ақындық өнердің қыр-сырын танып, кейін келе Байкөкшенің ақындығын қатты сыйлап, қасына ертіп, жақсы досы еткен. Демек, Абайдың ақындық айналасы, ақындық ортасы дегенде Байкөкшенің аты алдымен аталатыны сондықтан.



Әлия Есенқызы,
Тоганас ауылындағы мектептің
мұғалімі.
Батыс Қазақстан облысы,
Сырым ауданы.

ЖҮРЕК СЫРЫ НЕМЕСЕ ҚАДЫР АҒАМЕН СЫРЛАСУ

- Аға, сіздің жолыңыз - азаматтық жол. Бағыт-бағдарыңыз белгілі, шығар тұғырыңыз, тірер тұяғыңыз, шиыр шеңберіңіз озіңізге ғана аян. Қара жердің тынысы тамырын тереңге жайған алып бәйтерекке қаншалықты мәлім болса, жанр атаулыны күшағыңызға жинаған, даралығыңыз бен даналығыңызды мойындатқан сіз сияқты ұлыға бүгінгіміз бен ертеңіміз соншалықты мәлім. Әттең, сіз сияқты адамдар көп болса. Неге ерекше, өз халқын өле сүйетін сіз сияқты адамдар өмірге біреу ғана болып келеді екен? Ел тағдырын бір емес, мың ойлайтын сізге таңданам, таңданам да табынамын, табынам да күдіретіңізге бас иемін!

*Дәрменсізді мықтыға, зорға балап
Алдарыңда жүреміз жорғалап-ақ.
Күзгындарды жіберіп өз еркіне,
Әнші құсты ұстаймыз торға қамап...*

*Жасығыңды жіберіп ат жарысқа
Арғымақпен кей жерде қой бағады,* - деген өзіңіз
ғой. Бүгінгі өмір заңы осылай өрби бермек пе? Асылымыз азып, жасығымыз неге бас көтереді? Бүкіл әлем әлдилеген әділдік қайда? Сіз ойлаған жоқсыз ба, аға?

*Мен - халықтың мұңымын, жай сырымын.
Жай сырымын, шынында бай сырымын.*

*Қолдан шығып барады келер ұрпақ,
Қайсыбірін айтайын, қайсыбірін?!*

Маңдайға жазғаннан арылу - о дүниелік іс. Арамнан адал, адалдан арам өрбімейтіні белгілі.

Сіз осыны оқушы қауыммен бірге отырып бөліссеніз де, бүгінгідей алмағайып заманда адам бойындағы қымбаттан арзан туып кете ме қорқатын сияқтысыз... Жұмбақты өзіңіз айтып, өзіңіз шешесіз.

*Өкпе емес пе осыным, наз емес пе,
Кейбіреулер барына мәз емес пе?
Туыс көп те, жоқ бірақ туысқандық,
Адам көп те, адамдық аз емес пе?*

Шіркін, өмір қызық қой. Кейде үш ұйықтасан түсіне кірмейтін кереметтерге тап боласың. Сіздің өлеңдеріңізді оқи отырып, дала кезіп, тау кезіп, су кешіп кете беруге болады екен...

*Қиналмаған дәл өстіп өмірі енді
Халық қатты толғанды, тебіренді.
Ауыр жұмыс адамды шаршатады,
Жұмыссыздық одан да ауыр енді...*

Қалаға барсаң да, ауылда да жұмыс іздеп қажыған мамап адамдар, жастар қаншама? Уақытымен ақшалары төленіп, қызу жұмыс істелініп жатса, заман басқаша болар еді-ау. Осы жұрт заманды кінәлайды “заман бұзылды, заман өзгерді” деп. Ал осы заманды адамдар өздері емес пе өзгертетін де, бұзатын да, өз қолдарымен жасайтын да. Қырға шықсаң да - осы өмір, ойға түссең де - осы өмір. Қайсыбірін айтайын, қайсыбірін. Ертеңгі күні озеуреп, өндірішегімізді қанша созғанмен, бүгінгіміздің бүтіндігін ойлау әлдеқайда арзанға түспек. Сіздің толғауларыңыз арқылы мен адам атты пенденің әр қадамына үрейлене қарауды үйрендім. Халықтың қыруар

қаржысының талан-таражға түсіп жатқанын ойлаймын, ойлаймын да жағамды ұстаймын, түршігемін.

“Қайда келдік, қайда барамыз, не болар екен?” деген сұрақтар кес-кестей береді. Сіз не деп едіңіз?

*Заманы бұл ұрлықтың, параның да,
Ашылды әбден ындының, араның да!
Жуылады киімің кірлер болса,
Жуылмайды, кетсе егер көңіл кірлеп.*

Күйбендеп күйкі тірлікпен жүрген “мықтылардың” ұяты оянар ма екен? Олар неге зұлымдыққа, жамандыққа жол береді, неге “сатылмайтын дүние қалдырмады” олар, дәстүр, дін дегенді ойлай ма екен, аға!? Сіз айтасыз:

*Алаңдайсың бәріне, алаңдайсың,
Жалтақтайсың, қайтадан жалаңдайсың.
Ажырата алмайсың кейбір кезде
Хайуан қайсы, апырм-ай, адам қайсы?*

Иә, аға, сіз айтқандай, замананың азабы таусылмайды екен, бәрі де сіз айтқандай, дәл бір кино коріп жүргендей. Бөрі тірлік, бөрі өмір ... Сонымен “Заманың түлкі болса, тазы боп шал” деп қояды-ау. Сонда қасқыр болса, ит боп қуу керек пе? Сіз айтасыз “Қазақ бұрын дәл бұлай емес еді” деп. Сонда “Заманына қарай адамы” болғаны ма? Сонда тағы да кімді кінәлаймыз, заман ба әлде адам ба? Иә, аға, ойлай-ойлай кейде жалығасың, кейде шүкіршілік етесің, кейде тіпті ойсыз қаласың... Қарап тұрсақ, өмірден небір дүрмек өтті, адамдардың, сол дүрмектің басынан небір қилы тағдыр өтті, бәрі де бір “жазмыштың” қолында болар. Адам болып келген соң дүниеге қуанасың, мұңаясың, күлесің, жылайсың, жүгіресің, құлайсың, ірі боласың, кем боласың, сау боласың, ауру боласың, ойлай білесің, ойланбай да жүресің - бәрі де өз ағынымен, өз жолымен екен-ау, Аға! Ендеше, мен оқи

отырып өлендеріңізді ойланамын, ойланамын да жауап іздеп толғанамын, қуана да білемін, тағдыр сокқысы қатты тисе басыма, жылай да білемін, окпелей де аламын достарыма, кешіре де аламын мен оларды, жаза білем, жазғанымды жырта білем, мақтауды да үйрендім, мақтануды да білдім, біреуге артық сөз айтып көңілін қалдыруға да үйрендім, жұмыс істей білемін, демалуды да білемін, білгенімді біреуге үйрете аламын, себебі мен ұстазбын, ерімді сыйлай білемін, себебі мен жармын... Иә, иә, менің қолымнан бәрі келеді, осы қолыммен мен бәрін істей аламын, откені мен - Адаммын! Өйткені, сіз айтқансыз, айналайын Аға:

*Біздер жайлы көп ертегі, көп аңыз,
Оларды біз бар ғасырдан табамыз.
Басқаларды айналдырмай өзіңе,
Өзің өз боп қала білсең, сол - бақыт!*

Дәл сіз айтқандай, мен де озіммен озім, ешкімге еліктемей, ешкіммен сырласпай, тек сізге ғана жүректегі бір түйткіл сырымды қағазбен бөлістім. Қағаз бәрін котереді ... Аға, сізбен сырласу бақыты бұйырды маған, сіз айтқандай:

“Үлгермейміз, түсініп те, байқап та

Кейбір сәттің нағыз бақыт екенін...”. Сол сәтті мен басымнан кешіріп оғырмын, Аға! Қайсыбірін айтайын, қайсыбірін!

Жазира Ғайсақызы,
Атырау қаласындағы
үш тілде оқытатын дарынды
балаларға арналған мамандандырылған
№30 мектеп-гимназияның мұғалімі.

САБАҒЫҢЫЗДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ ДЕҢГЕЙДЕ?

Сабақ - мұғалім мәдениетінің айнасы. Сабақ - білім беруді ұйымдастырудың негізгі жолы. Мұғалім сабақ құрылымына мән беруі қажет. Сабақтың тақырыбы бағдарламаға сәйкес болады. Сол сабаққа арналған жоспар құру, құрылған жоспар арқылы бағдарламалық тақырыпты меңгерту, балалардың пәнге қызығушылығын арттыру мұғалімнің шеберлігін танытады.

Жеке тұлғаға бағытталған әр сабақта оқушыларға шығармашылық ізденіске бағытталған тапсырмалар беріледі. Сабақтың үш мақсаты айқын болуы керек. Білімділік мақсаты: оқушыларды білім, білік, дағды жүйесімен қалыптастыру. Тәрбиелік мақсаты: оқушылардың ғылыми дүниетанымын, тұлғаның адамгершілік қасиетін, қозғарасы мен сезімін қалыптастыру. Дамытушылық мақсаты: оқыту кезінде оқушылардың танымдық қызығушылығын, шығармашылық қабілеттерін, жігерін, көңіл-күйін және ынтасы мен фантазиясын дамыту.

Сабақты өткізу барысында сабақ кезеңдерін толық сақтауға көңіл болген дұрыс. Сабақ кезеңдері: 1) ұйымдастыру бөлімі; 2) өткен материалды пысықтау, есте қайта жаңғырту; 3) жаңа материалды меңгерту; 4) жаңа сабақты бекіту; 5) бағалау; 6) үй тапсырмасын беру.

Үй тапсырмасы оқушы мүмкіндігіне қарай беріледі.

Сабақтың дәлелденген түрлері бар: біріншісі - дәстүрлі

сабақтар; екіншісі - дәстүрлі емес сабақтар. Тәжірибелі ұстаз ретінде театрландырылған, кіріктірілген, сот, аукцион, конференция, дебат, т.б. сабақтардың түрлерін өткізіп жүрміз.

Қазіргі сабақтың бөліктеріне мыналар жатады: 1) ұйымдас-тырушылық; 2) мақсаттылық; 3) ынталандырушылық; 4) коммуникативтілік; 5) мазмұндылық; 6) технологиялық; 7) бақылау; 8) аналитикалық.

Алдымен сабақ жоспарын күруда мұғалімнің ескеретін жәйттері: сыныптың білім деңгейі, сынып оқушыларының пәнге қызығушылығы, білім, білік дағдысының сыныптағы қалыптасу деңгейі, оқу үдерісінде жүргізілетін жұмыстарға оқушылардың құлықтылығы, сыныптағы тәртіп. Сонымен бірге оқушылардың жеке ерекшеліктерін, эмоционалдығын, өз біліміне деген сенімін, импровизациясын, техникалық құралдарды пайдалану ерекшелігін де естен шығармау қажет.

Интерактивті тақталар барлық мектептерде жоқ, болса да барлық негізгі пән кабинеттерін түгел қамтымайды. Сондықтан да сабақта баланың есте сақтау қабілетін дамытуда көрнекілік арқылы сабақ өткізуге көңіл бөлген дұрыс. Әр көрнекілік эстетикалық талапқа сай жасақталуын естен шығармау керек.

Сабақта оқушылардың шығармашылық тұрғыда дамуына әсер ететін тапсырмалардың жүйелі, нақты, іздентуге бағытталғанына назар аудара отырып, балалардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға болады.

Мұғалімнің теориялық білімі жан-жақты болып, өз шәкіртін ғылымға жетелеп, шығармашылық қабілетін арттырғаны абзал. Педагогикалық жаңа технологияларды оқып үйреніп, озық идеялармен қаруланған, терең қазыналы білімпаз, әдістемелік шығармашылығы ұшталған ұстаз мерейі ата-ана мен шәкірт, әріптестер арасында үстем болары хақ.



Қайрат Шәріпов,
Шығыс Қазақстан облысының
Аякоз қаласындағы
Кешірім Бозтаев атындағы
қазақ орта мектебінің
мұғалімі.

ТЕСТ ТҮРЛЕРІ, ОЛАРДЫ ТЕКСЕРУДІҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Тест тапсырмаларының “жабық тест”, “балама тест”, “анықтау тест”, “тіке жауап тест”, “ашық тест”, “сәйкестік тест”, “толықтыру тест” сияқты жеті түрлі формасы қолданыста жүр. Алайда бұл тесті тексеру ұстаздар үшін біраз уақыт қажет етеді. Тест тапсырмаларын тексеруде уақыт үнемдеп, оны тартымды қылып, оқушының қызығушылығын арттыру мақсатында, сондай-ақ тапсырманы орындау барысында оны игере отыруы үшін өзім ойлап шығарған мына тест түрлері мен тексеру формаларын назарларыңызға ұсынып отырмын.

1. Кескін тест.

1. Басқа шырайға негіз болатын сөзді анықтаңыз:

А) салыстырмалы шырай; Ә) жай шырай;

Б) қатыстық сын есім.

2. “Кокпеңбек”, “аппақ” сөздері қай шырай түрінде қолданылып тұр?

А) жай шырай; Ә) күшейтпелі шырай; Б) шырай жоқ.

3. Салыстырмалы шырай қатысқан тіркесті табыңыз:

А) ызалы жүрек; Ә) өте ұяң қыз; Б) шүңіректеу козді.

4. Сын есімнің сұрақтарын табыңыз:

А) кімнің? ненің? Ә) қайда? қалай? Б) қандай? қай?

5. Сын есімнің жай шырай түрін табыңыз:

А) кішірек; Ә) сұлу; Б) бозаң.

6. Сын есімнің асырмалы шырай түрін көрсетіңіз:

А) тіпті аласа; Ә) көгілдір; Б) өткір көзді.

7. Туынды сын есімді табыңыз:

А) білімді; Ә) биік; Б) ауыр.

8. Сапалық сын есімді табыңыз:


А) қайырымды; Ә) ашушан; Б) ыстық.

9. Сын есімді тіркесті көрсетіңіз:

А) он шақты; Ә) биыл бітірді; Б) сұрамсақ адам.

10. Дара сын есімді табыңыз:

А) өткір көзді адам; Ә) көгілдір аспан; Б) киім тазаланды.



Оқушы кестені дәптеріне осылай сызып, дұрыс жауаптарын толтырады.

II. Математикалық тест №1.

I. Басқа шырайға негіз болатын сөзді анықтаңыз:

1) салыстырмалы шырай; 2) жай шырай; 3) қатыстық.

II. “Көкпеңбек”, “апшақ” сөздері қай шырай түрінде қолданылып тұр?

4) жай шырай; 5) күшейтпелі шырай; 6) шырай жоқ.

III. Салыстырмалы шырай қатысқан тіркесті табыңыз:

7) ызалы жүрек; 8) өте ұян қыз; 9) шүңіректеу көзді.

IV. Сын есімнің сұрақтарын табыңыз:

1) кімнің? ненің? 2) қайда? қалай? 3) қандай? қай?

Жауабы: I - 259 IV - 3.. VII - ..

Бұл тапсырмада әрбір үш тест сұрақтарына үш таңбалы санмен жауап беріледі.

III. Математикалық тест №2.

1. Есептік. 2. Реттік. 3. Болжалдық. 4. Жинақтық. 5. Топтау. 6. Бөлшектік.

1. Екі ағашта - бір алма,

Мен де алмаймын, сен де алма.

2. Сезікті бірінші секіреді.

3. Бақыт мыңның біріне ғана бітеді.

4. Әр үйде он-он бестен ірі кара бар.

5. Соңғы санақ бойынша он жеті миллионнан астам қазақ бар екені мәлімделді.

6. Алтау ала болса, ауыздағы кетеді...

Жауабы: 123456

125643

249099

IV. Тест-руно.

1. Басқа шырайға негіз болатын сөзді анықтаңыз:

а) салыстырмалы шырай; б) жай шырай;

в) қатыстық сын есім.

2. “Көкпеңбек”, “апшақ” сөздері қай шырай түрінде қолданылып тұр?

ғ) жай шырай; и) күшейтпелі шырай; о) шырай жоқ.

3. Салыстырмалы шырай қатысқан тіркесті табыңыз:
и) ызалы жүрек; к) өте ұяң қыз; л) шүңіректеу көзді.
4. Сын есімнің сұрақтарын табыңыз:
ө) кімнің? ненің? е) қайда? қалай? і) қандай? қай?
5. Сын есімнің жай шырай түрін табыңыз:
л) кішірек; м) сұлу; н) бозан.
6. Сын есімнің асырмалы шырай түрін көрсетіңіз:
т) тіпті аласа; р) көгілдір; с) откір көзді.
7. Туынды сын есімді табыңыз:
е) білімді; б) биік; а) ауыр.
8. Сапалық сын есімді табыңыз:
м) қайырымды; н) ашушан; н) ыстық.
9. Сын есімді тіркесті көрсетіңіз:
ө) он шақты; ү) биыл бітірді; і) сұрамсақ адам.
10. Дара сын есімді табыңыз:
д) өткір көзді адам; з) көгілдір аспан; к) киім тазаланды
- Жауабы: Білім - теңіз.

V. Тест-бинго.

I. Басқа шырайға негіз болатын сөзді анықтаңыз:

- 1) салыстырмалы шырай; 2) жай шырай;
3) қатыстық сын есім.

II. “Көкпеңбек”, “аппақ” сөздері қай шырай түрінде қолданылып тұр?

- 4) жай шырай; 5) күшейтпелі шырай; 6) шырай жоқ.

III. Салыстырмалы шырай қатысқан тіркесті табыңыз:

- 7) ызалы жүрек; 8) өте ұяң қыз; 9) шүңіректеу көзді.

IV. Сын есімнің сұрақтарын табыңыз:

- 10) кімнің? ненің? 11) қайда? қалай? 12) қандай? қай?

V. Сын есімнің жай шырай түрін табыңыз:

- 13) кішірек; 14) сұлу; 15) бозан.

VI. Сын есімнің асырмалы шырай түрін көрсетіңіз:

16) тіпті аласа; 17) көгілдір; 18) өткір көзді.

VII. Туынды сын есімді табыңыз:

19) білімді; 20) биік; 21) ауыр.

VIII. Сапалық сын есімді табыңыз:

22) қайырымды; 23) аңушаң; 24) ыстық.

IX. Сын есімді тіркесті көрсетіңіз.

25) он шақты; 26) биыл бітірді; 27) сұрамсақ адам.

X. Дара сын есімді табыңыз:

28) өткір көзді адам; 29) көгілдір аспан;

30) киім тазаланды.

Жауабы:

1-10	I ойын	2 5 9 12 14 16 19 24 27 29
11-20	II ойын	
21-30	III ойын	

Бұл тестілердің ерекшелігі - сабақты қорытындылағанда оқушыларды жаппай тексеруге, нәтижесін тез айқындауға тиімділігі. Сонымен қатар математика, сызу сабақтарымен байланыстыра оқушының ойлау деңгейін кеңейтіп, қызығушылығын, дұрыс шешім жасауға ынтасын арттырады.

СІЛТЕУ ЕСІМДІГІНІҢ ТҮРЛЕНУІ

Сабақтың мақсаты: сілтеу есімдігі туралы мағлұмат беру.

Сабақтың міндеті: білімділік - сілтеу есімдігінің түрлену ерекшелігін ұғындыру; тәрбиелік - ақыл-ой тәрбиесі; дамытушылық - оқушылардың шығармашылық ойлау қабілетін арттыру, ой-орісін дамыту.

Тийі: білік пен дағдыны қалыптастыру.

Әдісі: сұрақ-жауап, түсіндірмелі.

Түрі: іздену сабағы.

Сабақ барысы.

Ұйымдастыру: а) оқушыларды түгелдеу; ә) оқу-құралдарын тексеру.

Үй тапсырмасы:

а) Жіктеу есімдігінің түрленуі. ә) Сөйлем жазу немесе мәтін.

Ақтуалдау.

а) Тақтаға оқушы сөйлемін жазу. Есімдікті тауып, ерекшелігіне тоқталады.

1-слайд.



Зат есім, сын есім және сан есімнің орнына қолданылатын сөз табы (орынбасар сөз табы деп те атаймыз).

2-слайд. Мағынасына қарай нешеге бөлінеді? 7 түрі бар.
Қай түрімен таныстық?



Белгілі бір жақ түрінде қолданылатын есімдіктің түрі.
Мысалы: *мен, сен, ол.*

Тақтада берілген сөйлем ішінен есімдіктің ерекшелігіне тоқталамыз.

3-слайд.



Нұсқау және көрсету мағыналарын білдіреді.

Мысалы: *сол, мынау, анау, міне.*

Тақтадағы сөйлемді дәптерімізге жазып аламыз.

Сол есімдігін септейміз.

Мынау (мына) есімдігін тәуелдейміз.

А. Сол.

І. Соның.

Б. Соған.

Г. Соны.

Ж. Сонда.

Ш. Содан.

К. Сонымен.

ілік, табыс, шығыс септіктер

-л дыбысы түсіп қалады

жатыс септігінде - дыбысы

-н-ға айналады

-ы дәнекер дыбыс

Мынау.

Оңаша

Ортақ

І ж. Менің мынауым.

Біздің мынауымыз.

ІІ ж. Сенің мынауың.

Сендердің мыналарың.

Сіздің мынауыңыз.

Сіздердің мыналарыңыз.

ІІІ ж. Оның мынауы.

Олардың мыналары.

Жана сабақ. - Сонымен, бүгінгі өтетін сабағымыздың тақырыбы - Сілтеу есімдіктерінің түрленуі.

(Тақтадағы сөйлемді жазып аламыз).

Дамытуы. а) 97-жаттығу (ауызша).

ә) 98-жаттығу (жазбаша).

б) Сынып іші

(Сілтеу есімдігін қатыстырып түрленуін).

в) “Кітапханада” (көрініс).

Бекітуі. Тест сұрақтары.

4-слайд.

1. Тәуелденген тұлғадағы сілтеу есімдігін тап:

- А) кіміңіз? несі? В) бұнысы, мынауыңыз; С) соның, анаған;
Д) оздерің, озіңіз; Е) барлығынан, бәрінен.

2. Есімдік сөйлемде қандай қызмет атқарып тұр?

Бұдан бірнеше жыл бұрын болған оқиға.

- А) анықтауыш; В) баяндауыш; С) пысықтауыш;
Д) бастауыш; Е) толықтауыш.

3. Дұрыс септелген сілтеу есімдігін тап:

- А) маған; В) сенімен; С) оның; Д) осыдан; Е) сенің.


4. Дұрыс тәуелденген есімдікті көрсет:

- А) маған; В) анадан; С) аналарың; Д) оны; Е) мына.

5. Есімдікті белгіле

- А) анау; В) терезе; С) отыр; Д) кітап; Е) қазір.

5-слайд



Қорытынды:

Бақыт бағанасы /сурет/.

1-қазан;

2-шырақ;

3-сырға;

4-белдік;

5-пырақ;

6-бөйтерек;

7-қыран бүркіт.

Үйге: 99-жаттығу.

Жанаргүл Дүйсенғалиева,
Атырау облысының
Махамбет ауданындағы
Д.Толенов атындағы
мектеп-гимназияның мұғалімі.

ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІ

(6-сынып)

Тест жүйесімен жоғары оқу орнына қабылданып, оны тәмамдаған бүгінгі мамандар үшін ауызша емтиханға билет дайындау қиынға соғуы да мүмкін. Сондықтан да өткен оқу жылында 6-сыныпта жүргізілген емтихан билеттерін ұсынып отырмын. Бұған дейін де журнал бетінде түрлі емтихан билеттері жарияланып жүр. Мен де өз тәжірибеммен бөліскенді жөн көрдім.

3-тапсырмадағы лексикалық, фонетикалық, морфологиялық талдаулар бойынша оқушылардың жалпы білімдерін тексеруге болады.

№1. 1. Сөз тұлғасы. Түбір мен қосымша.

2. Дефис арқылы жазылатын шылаулар.

3. Мақалдарды аяқтап, ауыспалы мағынада қолданылған сөздерді анықта, тура мағынасына мысал келтір:

а) *Кітап - білім ...*

ә) *Ат - адамның ...*

б) *Ел іші - алтын ...*

в) *Балалы үй - ...*

№ 2. 1. Дара сөздер мен күрделі сөздер.

2. *Ма (ме, ба, бе, па, пе)* шылауының емлесі.

3. Төмендегі сөздерге омонимдес сөздер тауып, сөйлем құра:

Жүз, жастық, өкпе, қас.

№ 3. 1. Біріккен сөздер.

2. *Және, мен (бен, пен)* шылауларының емлесі.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Абай Әйгерімді осыдан үш ай бұрын ұзатып әкелген еді.

(М.Әуезов).

№ 4. 1. Қос сөздер, түрлері.

2. Көмекші етістіктер.

3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Бала ояна қоймады.

(Ш.Мұртаза).

№ 5. 1. Қысқарған сөздер.

2. Негізгі және туынды еліктеу сөздер.

3. Төменде берілген сөздерді көп мағыналы ретінде келтіріп, сөз тіркесін құра:

Көз, аяқ, бас, бет.

№ 6. 1. Тіркесті сөздер.

2. Ортақ етіс.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Қыз шананың арт жағынан кеп тізерлей отырды.

(С.Мұратбеков).

№7. 1. Атауыш, көмекші және одағай сөздер.

2. Ырықсыз етіс.

3. Синоним сөздерді топтап жаз:

Алыс. Сүйкімді. Сұлу. Тартымды. Қашық. Өңді. Алшақ. Келбетті. Жаман. Кең. Ұстамды. Нашар. Әдепті. Аңғар. Тәрбиелі. Үлкен. Көрегенді. Байқа

№8. 1. Зат есім, жасалуы. Деректі және дерексіз зат есімдер.

2. Үстеудің емлесі.

3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Әлдекім Ахмет шалды сыртынан көрсетіпті. (М.Мағауин).

№9. 1. Сын есім. Сын есімнің жасалуы.

2. Тұйық етістіктің емлесі.

3. Төмендегі сөздердің омонимдік қатарын тауып жаз, түсінік бер:

Жаз. Бала. Асық. Бақ.

№10. 1. Сапалық және қатыстық сын есім.

2. Өзгелік етіс.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

*Тоқаң селт етіп басын көтерді де, есіктен кірер адамды
козбен тосты.* (Д.Исабеков).

№11. 1. Сан есім. Дара және күрделі сан есімдер.

2. Үстеудің емлесі.

3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Қонақ бала қанша асығы барып білмейді. (М.Мағауин).

№12. 1. Есімдік. Есімдіктің мағыналық түрлері.

2. Өздік етіс.

3. Омоним, синоним, антоним сөздерді топқа бөліп жаз:

Туыс. Алыс. Дәу. Бет. Ет. Ат. Қой. Дерт. Ағайын. Кесел. Зәру. Кең. Тума. Келбет. Суық. Тар. Қараңғы. Ұзын. Ай. Жарық. Ыстық. Жылы. Қысқа. Үй. Күн. Ауыр. Кәрі. Тұщы. Жас. Қалың. Жұқа. Сал. Көр. Жамағат. Қат. Ащы. Мал. Көрме.

№13. 1. Етістік.

2. Сан есімнің емлесі.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Планетаның табиғаты өте қызық екен. (Т.Сұлтанбеков).

№14. 1. Дара етістік пен күрделі етістік.

2. Біріккен сөздердің емлесі.

3. Өлең жолдарына фонетикалық талдау жаса:

Әсемпаз болма әрнеге,

Өнерпаз болсаң, арқалан. (Абай).

№15. 1. Болымды және болымсыз етістіктер.

2. Тіл мәдениеті.

3. Берілген мақал-мәтелдерді аяқтап, антоним сөздерді тап:

1. *Көп сөз - көмір,*

2. *Ер жігіт ел үшін туады,*

3. *Ер бір рет өледі,*

№16. 1. Сабақты етістік пен салт етістік.

2. Есімдіктердің емлесі.

3. Асты сызылған сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздер тауып жаз:

Ұзақ жол, биік ағаш, қалың кітап, жас адам.

№17. 1. Есімше. Есімшенің жасалуы мен түрлері.

2. Одағай сөздер. Одағайдың түрлері.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса.

Мен бұл елге егін жинау үстінде келіп едім. (Ғ.Мүсірепов).

№18. 1. Көсемше. Көсемшенің жасалуы мен түрлері.

2. Көмекші есімдер.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Адамның атының сүйкімді болуы да зор бақыт па деймін?!

(Б.Соқпақбасв).

№19. 1. Тұйық етістік.

2. Болжалдық сан есім.

3. Берілген сөзді жақша ішіндегі сөздермен тіркестіріп, мағынасын түсіндір:

Қоңыр (сиыр, жіп, дауыс, күз, жел, аю)

№ 20. 1. Үстеу. Үстеудің құрамдық түрлері.

2. Жұрт алдында сойлеу мәдениеті.

3. Сойлемге морфологиялық талдау жаса:

Өмірде осы тәрізді әділетсіздіктер толып жатыр.

(Б.Соқпақбаев).

№ 21. 1. Үстеудің мағыналық түрлері.

2. Әдеби тіл және оның нормалары.

3. Берілген сөздерден жұрнақ арқылы туынды түбір жаса:

Ой, сый, тәрбие, жүз, сықақ.

№ 22. 1. Еліктеу сөз. Еліктеу сөздің түрлері.

2. Болымсыздық есімдігі.

3. Сөздерге фонетикалық талдау жаса:

Сейсенбай, егеуқұйрық, сөзшең.

№ 23. 1. Септеулік шылаулар.

2. Белгісіздік есімдігі.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Терезеден бұлыңғыр ғана жарық түсіп тұр. (С.Мұратбеков).

№ 24. 1. Жалғаулық шылаулар.

2. Қайталама қос сөздер.

3. Сөйлемге фонетикалық талдау жаса:

Торы дөнен қос аяқтап шаба жөнелген. (С.Мұратбеков).

№ 25. 1. Демеулік шылаулар.

2. Қосарлама қос сөздер.

3. Сөйлемге морфологиялық талдау жаса:

Еламанның үсік шалған беттері қап-қара, еріндері тілініп кеткен. (Ә.Нұрпейісов).



Оралхан Малсақ,
Алматы облысының
Еңбекшіқазақ ауданындағы
Қойшыбек орта мектебінің
мұғалімі.

ҚАРАУЫЛБЕК ҚАЗИЕВ. “МЕНИҢ ШЕШЕМ”

(8-сынып, 2-сағаты)

Сабақтың мақсаты: білімділік - Қарауылбек Қазиевтің “Менің шешем” әңгімесін қорытындылау, алған білімдерін жинақтап бекіту, соғыс жылдарындағы аналар еңбегі туралы білімдерін толықтыру; тәрбиелік - оқушыларды ананы құрметтей білуге, мейірімділікке, ана еңбегін ақтай білуге, төзімділікке тәрбиелеу, дамытушылық - оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, іздендіру, сайыстыру.

Сабақтың түрі: білімді жинақтау, қорыту сабағы.

Пәнаралық байланыс: қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі.

Корнекілігі: автор суреті, Н.Хлудовтың “Көш” туындысы, ана жайында қанатты сөздер.

Сабақтың барысы.

I. Бәйге (зымыран сұрақтар):

1. Қарауылбек Қазиев қай жылы қай жерде дүниеге келді?
2. Соғыс ауыртпалығы ауылда кімдерге түсті?
3. Бала түн жарымына дейін неге ұйықтай алмады?
4. Бала түнде неліктен сыртқа жүгірді?
5. Анасының аяғы неліктен қанайды?
6. Ауданнан келген оқилдерге анасы қандай жауап берді?

7. “Ой, қайран азаматым-ай, арыстандай айбарым едің, арманда кеттің-ау!” Тұрмыс-салт жырларының қай түрінде айтылған?

8. “Әрине, ән айтып келе жатқан сен емессің” сөйлемінде оқшау сөздің қай түрі кездеседі?

9. “Әне, алыстан арба үстінен шырқалған ән естілді”. Бұл кімдердің әні?

10. Әңгімеге арқау болған оқиға.

II. Көкпар (мақал-мәтел айту).

Мына суреттегі көш бастаған ана сендерге сәлемдеме беріп жіберді. Мұны ашу үшін қолға алған әр бала ана және еңбек туралы мақал-мәтел айтуы керек.

III. Тіл-өнер (тақтамен жұмыс).

1. Ошақтағы ...та ошірусіз, уатылған сексеуіл де кіргізілген жоқ, бұзауың да байлаулы қалпында. (от, огонь, fire)

2. ...болса, асығып-үсіккенді күнделікті әдетіне айналдырып алған. (шешем, мать, mother)

3. Бұл өзі ...соғысының соңғы жылдарындағы оқиғалар еді. (Отан, Родина, hometown)

4. Елжіреген ...менің, әлі тосып жатырмысың? (Жүрегім, сердце, heart)

5. ... орнымнан атып тұрып, есіктің алдында тұрған шешімді итеріп жіберіп, далаға жүгіріп шықтым. (мен, я, me)

Екі сөзді тапқан оқушы математикалық тәсілмен дыбыстарға мінездеме береді.

IV. Жанды сөз (кітаппен жұмыс).

Жазушының тіліне, сөз қолданысына назар аударту.

1. Жұмысқа асығып бара жатқан ана бейнесі.


2. Қарны ашқан, нан жегісі келген баланың ашуы.

3. Әңгімедегі аналар еңбегі.


V. Білгірлер (дәптермен жұмыс).

1. Өңгімедегі ана кім? Қандай адам?

Ана бейнесін ашатын сөздерді пайдаланып жазып қойыңдар.



“Майдан” және “Тыл” сөздерін топтастырып жазыңдар.



VI. Ділмар (түйінді ой).

Түйіншек ашылады, одан мынадай сөздер шығады:

1. Ана - еңбегі сарқылмайтын күш;
2. Ана - ұмытылмас есім;
3. Ана - теңдесі жоқ құдірет.

Берілген тақырыптарға ойтолғау жазу.

Қорытынды бөлім.

Бүгінгі сабақта нені талдағанымызды саралап, оқушылар еңбектерін бағалау.

Бакытжан Есілханқызы,
Шығыс Қазақстан облысының
Күршім ауданындағы
Сарыолаң орта мектебінің
мұғалімі.

МАҒЖАННЫҢ “САҒЫНДЫМ” ӨЛЕҢІ

(5-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - Мағжан өмірі жайлы қосымша мағлұматтар бере отырып, өлең тақырыбы мен мазмұнын меңгеру, ақын мінезін ашу; тәрбиелік - ақын өмірін үлгі ету, оқушы бойына туған жерге деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру; дамытушылық - оқушы ойын шындап, тіл байлығын жетілдіру, еркін сөйлеп, өз ойын анық жеткізе білуге төселдіру.

Сабақ түрі: аралас сабақ.

Сабақ әдісі: сын тұрғысынан жазу және оқу, сұрақ-жауап, топпен жұмыс.

Пәнаралық байланыс: информатика, сурет, қазақ тілі.

Сабақ көрнекілігі: ақын портреті, газеттер, ақын өмірі мен шығармашылығына байланысты сөздер, электрондық оқулық.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру.

II. Үй тапсырмасын талдау.

Үй тапсырмасы ойын түрінде тексеріледі. Мұнда ақынның өлеңдер жинағының III томы саудаға түседі.

1. Мағжан аталарың туралы не білесіңдер?
2. “Қысқы жолда” өлеңін жатқа оқу.
3. Сурет бойынша әңгімелеу.

III. Жана сабақ. Сабақ мақсаты: “Сағындым” өлеңімен танысу, ақын өмірінің бір қырынан түсінік алу.

1. “Ой қозғау” стратегиясы.

- Балалар, қалай ойлайсындар, өлең неге “Сағындым” деп аталған? Ең алдымен өлеңді тыңдайық (компьютерден өлең мәтіні оқылады).

- Ақын кімді сағынады? Нені сағынады? Неге сағынады? Ол қайда? (абақтыда).

- Абақты сөзінің синонимін кім айтады? (Абақты - түрме-зындан-тас үй)

- Абақтыда кімдер қамалады? (Кісі өлтірген қылмыскер, адам тонаған қарақшы, наша шеккен нашақор, арақ ішіп, қылмыс жасаған адам қамалады.)

- Ал Мағжан аталарың неліктен түрмеге қамалған? (Өз елін сүйгені үшін, ұлтжанды болғаны үшін...)

- Енді ақынның жары - Зылиқа апай естелігін тыңдайық. “Мағжанды 1929 жылы 6 маусымда Қызылжардағы үйде ұстады. Біздер үрпиісіп қалдық. Келген НКВД-ның адамдары екен, өте қатулы. Келесі күні оны поезбен Алматыға алып кетті. Кейін Москвадағы Бутырь түрмесіне жіберген екен. Бұл хабарды естісімен Мағжанмен кездесуге дайындалдым. Бірақ түрме бастықтары рұқсат бермеді. Екінші рет 1930 жылы 10 жылға Карелияға жіберді. Бұл хабарды естісімен жолға жиналдым. Алдымен Ленинградтан пәтер жалдап, тотесінен Петрозаводск арқылы тура Мағжан жүрген жерге бардым. Айналасы темір тікенектермен қоршалған түрмеге жету өте қорқынышты. Төңірек қалың орман. Түрме, лагері дегенде ылғи баскесер пәлелер отырады деп ойлайсың ғой. ал мұндағылардың бәрі оқыған білімді азаматтар екен...”.

- Мағжан - өз халқын сүйген ақын. Сол халқының мұң-мұқтажын, қайғы-мұңын жырлап, жұртының жүрегіне

шұғылалы сәулесін шашты. Айыбы осы екен-ау! Шындықты жырлағаны ма жазығы? Үшінші рет азамат ақын 1937 жылы тұтқындалып, 1938 жылы атылды. Енді ақын өлеңіне оралайық.

Топтық жұмыс.

I топ. Түрме көрінісі. а) Өлеңге ат қой. ә) Өлең шумақтарында не суреттелген? б) Өлеңді оқығанда қандай сезімде боласың?

II топ. Сағыныш сезім. а) Өлеңді мәнерлеп оқы, ат қой. ә) Ақын кімдерді, пелерді сағыныпты? б) Өлеңді оқығандағы сезімін.

III топ. Алаш өлмес, көркейер. а) Үзіндіге ат қой. ә) Ақын абақтыға кімдер үшін түсті? б) Ақынның қандай ой-арманы көрінеді?

Ақынға мінездеме.

Газет шығару. Шығармашылық жұмыс (Тақырып беріледі).

I. Бес арыс. II. Сағыныш сазы. III. Көркейген қазақ елі.
IV. Сэнкуэн. Бес жолды өлең.

1) Зат есім. Мағжан

2) Сын есім. Шыншыл, ақ жүректі

3) Етістік. Болады, өмір сүреді, отеді

Сойлем: Мағжан - шыншыл, ақ жүректі, отты, рухы биік болып өмір сүрген.

V. “Жылы лебіз” стратегиясы. Оқушылар Мағжанға, қазақ еліне арнаған өздерінің тілектерін айтады.

VI. Бағалау. Топ жетекшілері бағалау парақтарын өткізеді.

VII. Үй тапсырмасы: өлеңді жаттау; “Мағжандай боп өсемін” тақырыбында шағын шығарма.

Марал Әділханова,
Ақтобе облысының
Темір ауданындағы
№3 “Шұбаркүдык” орта мектебінің
мұғалімі.

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ. “АРҒЫМАҚ”, “ҚЫЗ ҚУУ”, “МАХАМБЕТКЕ”

(8-сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - заманымыздың заңғар каламгерлерінің бірі, саңлақ ақып, қажырлы қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің өмірі, шығармашылығынан мәлімет беру; дамытушылық - оқушылардың көркем оқу шеберлігін, ой-өрістерін дамыту, поэзиялық шығарманы талдау дағдыларын жетілдіру, қосымша деректер арқылы дүниетанымдарын кеңейту; тәрбиелік - жас өрендерді ұлтжандылыққа, ізгілікке тәрбиелеу, көркем сөздің табиғатын, сөз орнегінің қадір-қасиетін ұғындыру.

Сабақтың типі: бекіту сабағы

Сабақтың түрі: аралас.

Сабақтың әдісі: көркем оқу, оңғімелеу, эвристикалық, мәтінмен жұмыс, талдау, тестпен жұмыс, ойландыру, іздендіру.

Сабақтың көрнекілігі: Олжас Сүлейменовтің портреті, интерактивтік тақта, шығармалар жинағы, үлестірме қағаздар.

Пәнаралық байланыс: орыс әдебиеті, тарих, қоғамдық білім негіздері.

Сабақтың барысы.

Ұйымдастыру кезені.

Оқушылармен сәлемдесу, сабаққа қатысымын тексеру, оқушылардың зейінін сабаққа аудару, сабақ мақсаты туралы хабарлау. Оқушылардың білімі жиналған жетон арқылы бағаланатынын хабарлау.

I. Үй тапсырмасын тексеру. Мәнжазба: “О.Сүлейменовтің өмірі мен шығармашылығы”

1. “Тұлғалы ақын - туған елдің мандаты”
2. “Ойшыл пәлсапашы, насихатшы, жаршы”
3. “Кемдігі жоқ ер, міні жоқ шешен”
4. “Қаламгер - халық перзенті”

Оқушылар интерактивтік тақтадан корнекіліктер арқылы мәнжазбаларын қорғайды.

II. Олжас Сүлейменов - екі мәдениеттің, екі әдебиеттің төл перзенті. Ақын поэзиясының бар жарқылымен, бар нәрімен, қазақ тілінде төл туындыдай болып жетуіне, түп-нұсқадағы ойдың ортаймай жетуінде аудармашы Қадыр Мырза Әлінің еңбегі зор.

Оқушылар ақынның оқулықтан берілген аударма өлеңдерін жатқа айтады.

III. Семантикалық карта бойынша жұмыс

<i>Өлеңпен үзінді</i>	<i>Даладағы ат қандай! Нәсер шөпке белшесінен батқандай</i>	<i>Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның Аржағында жатады бір нәзіктік</i>	<i>Тұрып алмай именіп, Қуып жет те, сүй мені!</i>
<i>Тақырып</i>			
“Арғымақ”			
“Қыз қуу”			
“Махамбетке”			

IV. Түсініктеме күнделігі. Семантикалық карта бойынша тапқан өлең шумақтарынан үзінді келтіріп, оған өз пікірін

білдіреді

V. Оқушылар өлең құрылымымен жұмыс жүргізеді.

VI. Мағынаны ашу кезеңі.

Топтастыру кестесі арқылы көркемдегіш сөздерді тауып, кесте толтырылады.

ТІЛДІК КӨРКЕМДЕГІШ ТӘСІЛДЕР

Ажарлау	Құбылту	Айшықтау
Теңеу	Метафора	Қайталау
Эпитет	Кейіптеу	Анафора
Ассонанс		Эпифора
Аллитерация		

Флипчартқа жазылған схема арқылы оқушы ойын жинақтайды. Оқушы білімін нақтылай түсу үшін флипчарттан бірнеше мысалдар көрсетіліп талданады.

Нағыз кәусар жігітті,	О, даланың жолбарысы,
Нағыз қайсар жігітті,	көкжалы
Нағыз бүлбүл жігітті,	/метафора/.
Нағыз дүлдүл жігітті	Даладағы ат қандай!
/анафора, эпифора/	Носер шөпке
	белшесінен батқандай
	/эпитет/ т.б.


VII. Бүгінгі болмысымыздың әр қырынан әсем бейнелеуімен қатар қазақ халқы тарихының поэзия кестесіне өзіне дейін түспеген қатпар-қатпар көне қыртыстарын терең қопарып, ұлттық ой-санауымыздың даму үрдісіндегі талай-талай кезең белестерді тартымды да татымды жырлады.

Ақынның түпнұсқа өлеңдері орыс тілінде жатқа оқылады.

VIII. INSERT стратегиясы бойынша не білетіндіктерін, олар үшін не жаңа екенін анықтайды. Толтырылған карта бойынша пікір алысады. Түсініксіз ұғымдарды бірлесе талдайды. Бір-бірінің білімін толықтырады.

<i>У</i>	-	+	?
<i>Білемін</i>	<i>Білдім</i>	<i>Мен үшін жаңа ақпарат</i>	<i>Мені таңқалдырады</i>
<i>Олжас Сүлейменов</i>	Өмірі мен шығармашылық қызметі туралы қосымша деректер арқылы мәлімет алдым.	Махамбеттің өміріне арнап жазған “Қызыл жусан” атты екі сериялы көркем фильмінің сценарийі	“Аз и я” кітабы үшін “ұлы орыстық” ғылымның көсемдері Греков, Лихачев, Рыбаков, “оқшантайдан шыққан” Колбиндердің ақынның жүрегіне түсірген сызаттары қаншама десеңші!

IX. “Топтастыру” стратегиясы. Шығармашылық қызметінің қандай түрлерін біліп шықты.



X. “Бірін-бірі тексеру” ойыны жүргізіледі.

Оқушылар ақын шығармашылығы мен өмірінен берілген тест сұрақтарын белгілеп, бірін-бірі тексереді.

XI. Олжас Сүлейменов - сан қырлы талант. Оның қаламынан туған әр жанрдағы көркем дүниелер жас ұрпақ бойынан орын алатыны сөзсіз. Олай болса, оқушылар сөз өнері әлемінің есігін ашып, жүрек түпкірінде жатқан ой толғауларын ақын ағаларына арнайды.

Үйге тапсырма: “Тұлғалы ақын - туған елдің мандаты”

жазба жұмысына дайындық жүргізу, материалдар жинақтау.

Оқушылар білімі сабақ үрдісінде жинаған жетондары арқылы бағаланады.

Гүлсім Төретова,
Ақтобе облысының
Мұғалжар ауданындағы
Қандыағаш қалалық
№4 казак орта мектебінің
мұғалімі.

“ҚҰЛАГЕР - ПОЭЗИЯНЫҢ СҰЛУ САЗЫ”

(Х сынып)

Сабақтың мақсаты: білімділік - шығарманың мазмұнын меңгерту, тарихи фактілерге назар аудару, Ақан мен Құлагердің күдіреттілігіне көз жеткізу; тәрбиелік - өнерге, еліне, тарихына, табиғатына, тілге деген патриоттық сезімін ояту, ұлттық дәстүрді қалыптастыру; дамытушылық - оқушылардың ізденімпаздығын, байкампаздық қасиеттерін ояту, тапқырлыққа, ой еркіндігіне, зерделілікке баулу, тіл байлығын тереңдету, өз ойларын айта білуге дағдыландыру.

Сабақтың түрі: сын тұрғысынан ойлау.

Оқыту әдістері: проблемалық сұрақтар, топтастыру, салыстыру, әдеби- теориялық талдау.


Корнекілігі: Ілияс суреті, плакаттар, кітап, географиялық карта.

Пәнаралық байланыс: тарих, география, бейнелеу өнері, музыка.

Сабақтың барысы.

“Создер сөйлсіді” стратегиясы бойынша тақтаға шығамыз.

Үй тапсырмасын сұрау.




Ақынды сал, сері, сазгер дейміз. Осы қасиеттеріне сай тағы қандай мінездеме бере аласыздар? (Поэмадан үзіндіні жатқа оқу.)


Ақан әлеуметтік теңсіздікті қалай суреттеген? Үстем тап өкілдері кімдер?

Ілияс Жансүгіровтің “Құлагер” поэмасы. Поэтикалық олемі. Композициялық компоненттері. “Құлагер” - поэманың сұлу сазы. Ақын шығармашылығының биік шыңы”.

Мұхаметжан Қаратаев.

Слайд пен тірек-сызба арқылы талдау





Интерактивті тактамен жұмыс

Көркем мәтінге әдеби-теориялық талдау

<i>Теңеу</i>	<i>Эпитет</i>	<i>Метафора</i>

Салыстыру стратегиясы

Айырмашылығы	Үқсастығы	Айырмашылығы
“Құлагер” фильмі		“Ақырғы бәйге”
Көкдауыл Ыбан	Ақанның өмірі мен тұлпары Құлагер туралы	Көктүйғын Моңке Шашубай

Күреңбайдың Құлагерге берген сипаттамасын мәтіннен оқу, топтастыру



Бекіту. Мәтінді қорытындылай келе, Батыраш Қотыраштарға “Ұрпақ үкімі” атты айыптау соты ұйымдастырылады.

1. Ақынның сұм заманнан соққы жеп, жан серігі Құлагерден айырылу себебі неде?

2. Батыраш, Қотыраштарға ауыл ақсақалдары өз үкімдерін берді. Ал, сендер қандай үкім шығарар едіңдер?

Ойтолғау. “Құлагер - омыртқамның ішіндегі жұлыным-ай!”

Бағалау.

Баян Қуандықова,
Екібастұз медициналық колледжінің
оқытушысы.

“АБАЙ ЖОЛЫ” РОМАНЫ: “ЖАЙЛАУДА” (ҮЗІНДІ)

Сабақтың мақсаты: білімділік - жазушы өмірі мен шығармашылығынан мағлұмат беру, шығармаларының маңыздылығын таныту, романды оқыта отырып идеялық мазмұнын ұғындыру, көркемдік тілін ашу; дамытушылық - өзіндік ой-қиялына ерік бере отырып прозалық шығармаларды талдау дағдысын, тілін, ой-өрісін дамыту, өз ойын еркін, жатық жеткізе білуге дағдыландыру, мәнерлеп оқу дағдысын қалыптастыру; танымдық - өз бетімен іздене білуге, қосымша материалды іріктей алуына, ой қорытуға үйрету; тәрбиелік - жас ұрпақ бойына ұлттық құндылықты сіңіру, ұлы мұраттар жолында еңбек етуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

Сабақ түрі: жаңа білім қалыптастыру сабағы

Сабақ әдісі: сұрақ-жауап, ойтолғау, шығармашылық ізденіс, Қанипа Бітібаева технологиясы.

Сабақтың өзекті мәселесі: “Жуан ауыл әнге де жуандық, зорлық етеді екен...” (83-б.)

Пәнаралық байланыс: тарих, орыс әдебиеті, музыка.

Сабақтың көрнекілігі: жазушы портреті, дәйексөз, кітаптары бойынша көрме, естеліктер, интерактивті тақта арқылы сызбалар.

Сабақтың барысы.

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Балалармен амандасып, түгелдеп, зейінін сабаққа аудару.

Ойшақыру. “Қазақ жазушыларынан, әрине, Абайды сүйемін. Менің бала күнімнен ішкен асым, алған нәрімнің барлығы да - Абайдан. Таза әдебиет сарынына бой ұрғанда маған Абай деген сөз қазақ деген сөзбен теңбе- тең түскендей кездері бар сияқты. Абайды сүюім үнемі ақылдан туған, сыннан туған сүйіс емес, кейде туған орта, кір жуып, кіндік кескен жерді сүюмен барабар болатыны бар” деп жазылған пікірді кім толғаған деп ойлайсындар? (сабақтың тақырыбы мен мақсатын анықтау).

II. Жаңа сабаққа бет бұру кезеңі. Мұхтар Әуезовтің өмір жолы, шығармашылығы туралы торт топқа төрт түрлі тақырыпта тапсырма берілді. Оқушылардың ізденген, зерттеген мәселелері бойынша пікір алмасу, ой болісу.

Пікір алмасу бағыттары:

1. Мұхтар Әуезовтің өмір жолы. Өмір жолын график сызбамен корсету.



* 1908-1913 жылдары Семейдегі орыс гимназиясында оқиды, одан кейін осы қаладағы мұғалімдер даярлайтын төрт жылдық семинарияны бітіріп шығады.

* 1923ж. Ленинград университетінің филология

факультетіне түседі.

* 1945ж. Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш толық мүшелерінің /академиктерінің/ бірі.

* 1949ж. КСРО Мемлекеттік сыйлығы берілді.

* 1959ж. Лениндік сыйлыққа ие болды.

* 1961ж. қайтыс болды.

2. Мұхтар Әуезовтің шығармаларын топтастыру.

3. Ақын шығармашылығы туралы кімнің пікірлерін білесіндер?

III. Жана сабақ.

“Абай жолы” романынан алынған үзінді - “Жайлауда” тарауы алдын ала оқуға берілді. Үзіндіні Қанипа Бітібаеваның технологиясы бойынша үлгіге түсіреміз.

Тақырыбы:

I. Әншілік өнер

II. Идеясы

III. Әдеби жанр



IV. Әдеби теориялық ұғымдар

V. Лиризм

VI. Салт-дәстүрлер, ұлттық ойындар

“ЖАЙЛАУДА”

Дәлелдеме

Авторы: Мұхтар Әуезов. Тақырыбы: Әншілік өнер. Әдеби жанры: роман-эпопея. Идеясы: Құлақтан кіріп бойды алар Жақсы ән мен тәтті күй. Көңілге түрлі ой салар Әнді сүйсең, менше сүй!... (Абай).

Салт-дәстүр, ұлттық ойындар. Керімбала мен Қапаны мынау көрші ауылдың бірі бастанғыға шақырып, алтыбақан күрған екен.(96-б.)

Біржан дәл жүрер кезінде, Ұлжан өз үйінен дәм татқызып, бата берді де, он сапар тіледі.

Өз қолынан үлкен күміс тайтүяк сыйлады. Қасындағы бар жолдасына қоржын тола манат, мақпал, сәлем-сауқат берілді.

Лиризм. Құрмет, қошамет. Екінші қолымен келіншегің құшақтай қошаметтеп, торғын шәлісінің сыртынан құрметтеп сипады.(73-б.). Қысым. Төмен отырған келіннің санын қатты шымшып, мытып отырды. (84-б.). Ризашылық. Ауылыңда, елінде көрген сый-құрметім қайда жүрсем де есте болар, күдай ырза, мен ырза! (88-б.).

Әдеби теориялық ұғымдар. а) Эпитет: ауыр еңбек (56-б.), отты, нұрлы көз (63-б.), асыл өнер

ә) Теңеу: Бейне бір шаңырақтан күн сәулесі түскендей (68-б.), өнер аралындай (61-б.).

б) Тұрақты тіркестер: Жан ұшырып жүгіріп келеді (59-б.). Зәрің шашып келген Майбасар (58-б.). Әңгір таяқ ойнағады. (55-б.) Мұрттай ұшып жығылам (55-б.). Қозы көш жерге кетті (91-б.).

в) Мақал-мәтел: “Өнерпаз болсаң - өр бол”.

г) Портрет: Шошақтау боп біткен үлкен қой көзді, аққызыл жүзді, қалың шашты Керімбалада сапалы қайра

бар, ұстамды, сырлы салмақ бар (70-б.).

ғ) Алғыс, қарғыс сөздер: Құдай көңіліңді өсірсін. Айналайын, келінжан, өркенің өссін! Осы әніңмен, осы сәніңмен өт жалғаннан (74-б.). Тозақ отында күйдірген, жолын болмағыр, Майбасар (59-б.). Тілеуің құрғыр (59-б.). Тіліңе шок түссін, қан шелек (88-б.).

Кейіпкерлер әлемі. Әйгерім. Жібектей есілген кішіпейіл ғой өзі /60-б./.

Біржан. Солардың ішіндегі ең көрнектісі және бар жиынға қадірлі, сүйіктісі - мынау қос ішекті домбыраны безілдетіп отырған орта бойлы, қызғылт жүзді, кең ақ маңдайлы, нұрлы жігіт.

Айғыз. Құнанбайдың үлкен ауылында малшы қатындарды, ас пен сауынды басқаратын қатал тоқал Айғыздың бұлар басына салған әлек бейнеттерін шағады.

IV. Сабакты бекіту. “Телестудиядағы кездесу” ойынын жүргізу. Оқушылар арасынан жазушы тағайындалады. Оқушылар телестудияға шақырылған жазушыға сұрақтарын қояды және шығармадан алған әсерлерімен бөліседі, өздерінің тілектерін білдіреді.

V. Қорыту. Бағалау. Әр топ бағалау парақтары бойынша өзін-өзі бағалайды.

VI. Үйге тапсырма: “Мұхтар Әуезов - сөз зергері” (шығарма).

Баян Шәкенова,
Мәжит Жүнісов атындағы
жалпы орта білім беретін
мектептің мұғалімі,
Батыс Қазақстан облысы,
Жаңақала ауданы,
Жаңақазан ауылы.

ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ. “НАЙМАН - АНА”

Сабақ мақсаты: 1) “Адамзаттың Айтматовы” атанған ұлы жазушының шығармашылығы туралы түсінік беру; 2) елін, жерін сүйеге тәрбиелеу, адамның рухани күштерін ояту, ана махаббатын дәріптеу; 3) оқушылардың өз бетінше салыстырып білу, зерттеу, қорытынды, тұжырым жасау сияқты дағды-машығын дамыту.

Көрнекілік: географиялық карта, Шыңғыс Айтматов портреті.


Сабақтың түрі: сын тұрғысынан ойлау.

Қолданылатын әдіс-тәсілдер: топтастыру, кубизм, түсініктеме күнделігі, ой-толғаныс.

Сабақтың барысы.

I. Ой шақыру. а) Шыңғыс Айтматов кім? ә) Шығармаларында қандай мәселелерді көтереді? б) “Мәңгірт” деген сөздің мағынасын қалай түсінесіңдер?

II. Топтастыру.



III. Кубизм. Кубикті иіреді, қай жағы түссе, сол жағының сұрағына жауап береді.

1) Суреттеңіз. Оқиға болған жерді суреттеп беріңіз?

2) Зерттеңіз. а) Ана-Бейітті атудағы жазушының мақсаты не? о) Адамдарды мәнгүртке айналдыру қай ғасырдан бар? б) Мәнгүрт кожалары үшін неге бағалы? в) Аңыздағы мәнгүрт рәміз бейне екендігін дәлелде.

3) Байланыстыр. Аңыздағы мәнгүрт пен қазіргі замандағы мәнгүрттің айырмасы бар ма?

4) Қолданыңыз. а) Кейіпкер іс-әрекетіне байланысты қандай нақыл сөз, мақал-мәтел айтар едіңіз? ә) Шығармадағы сөз кестелерін, ой айшықтарын тап. (Құлындай шырқырап, тікендей қайсар шашы, жаралы құстай, мидай дала, қанаты қайырылған құстай, меңіреу қара тастай - теңеу; ана-жүрек, ана-зарлық - метафора; темір құрсау, асыл қазына, түнек тарих, тірі өлік, қара күйік, қанды су, кезбе саудагер, сары сағым - эпитет; ит өлген жер, көзден ғайып болу, ұлардай шулау, сүйекке таңба, ит-құсқа жем болу, ит арқасы қиянда, көзіне оттай басылу, ойы сан саққа жүгіру - фразалық тіркес)

IV. Венн диаграммасы

Ғабит Мүсірепов

“Ананың анасы”

Шыңғыс Айтматов

“Найман-Ана”

1. Қырық жігіт, Жалпақ балуан	1. Ананың махаббаты	1. Жуан-жуандар
2. Қызы	2. Қайсар, батыл	2. Мәнгүрт ұл
3. Ана қызын азат етеді	3. Жауыздық атаулыға қарсы	3. Ұлын құтқара алмайды
4. Ана тірі қалады		4. Ана өледі

V. Түсініктеме күнделігі. 1) *Жуан-жуандар* - ертедегі Шығыс Азияны мекендеген тайпа аты. 2) *Найман* - қазақтың белді

руының аты. 3) *Мәңгүрт* а) ақыл-есі кем, есуас, жынды ә) өз ұлтын, тарихын, салтын ұмытқан адам. 4) *Бұрымшашты* - жуан-жуандардың басшысы әйелдер секілді шашын өсіріп өріп қояды. 5) *Ереуіл аты* - ұзақ сапарға шыдамды ат. 6) *Зұлмат* - қараңғылық, қара түнек. 7) *Аша* - түйеге жүк арту үшін арнайы жасалған ер тәрізді сайман. 8) *Түмен* - мыңдаған, мыңғырған мал деген мағынада. 9) *Барақ түйе* - жүні ұзын, жүндес түйе. 10) *Садизм* - біреуді азаптауға, қорлауға құмарлық.

VI. Еркін жауап. Болжаңыз. а) Жауыздыққа, оның асқан түрі адамды ақыл-естен айыруға сендердің көзқарастарың қандай? ә) Егер де ана тірі қалса, баласының санасын оята алар ма еді? б) Оқиганы қалай аяқтар едің? в) Бүгінгі заманда адам бойынан қатігездік пен қатаңдық жиі көрініс беруде. Неге? Бұл заман дертін қалай ауыздықтауға бөлады?

VII. Сабакты қорытындылау. Баланың анаға деген махаббаты шексіз, мәңгілік. Оның рәмізі ретінде ана өліп бара жатқан кездегі басынан ұшқан ақ жаулықтың құсқа айналып кетуі дәлел бола алады. Мәңгүрт ұл ең киелі, ең қасиетті ұғымдардан ажырап қалып, адам құлағы естімеген ауыр қылмыс жасады. Жауыздыққа лағнет айтар кейіпкер шығармада жоқ. Мәңгүрт перзенттің қолынан қаза тапқан Ананың ақ жаулығы ғана құс болып аспанға ұшып, болған сұмдық туралы шырылдап шырқырады, бірте-бірте аңызға айналады.

Үйге: 1) үзінді жаттау; 2) “Ботасын іздеген мұңды ана” тақырыбына көрініс дайындау.



Күләш Ахмет,
әл Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университетінің
филология факультетінің
қазақ әдебиеті кафедрасының
доценті.

СӘБИТ МҰҚАНОВТЫҢ БАСПАСӨЗДЕГІ АЛҒАШҚЫ АДЫМЫ

Сәбит Мұқанов алғашқы жарияланған әңгімем “Түсімде” деп шегелеп айтқанымен ол көзімізге түсе қойған жоқ. Оның есесіне 1922 жылдың 24 қарашасында шыққан газеттің (“Еңбекші қазақ”) 55-санынан бастап “Сәбит Мұқанов” деген есімді жиі кездестіреміз. “Ескі әдет һәм қазақ кедейінің міндеті” деген мақаласы басылыпты. Екі саннан кейін, яғни, 28 желтоқсандағы 58-санда “Өмірден сүйіспеншілік көрмеген жан”, келесі 59-санда “Оқығандар кімдер еді?” жарияланыпты. Соңғысы “Түсімде” дегені емес пе екен?” деген ой келеді. Себебі 1922 жылы жазушының қолынан шыққан басқа дүниесі кездеспейді.

Орынборға жаңа ғана келіп оқуға түскен жас талапкер өндіртін жаза бастағанға ұқсайды. 35 күн ішінде үш материалы басылған. 1923 жылғы дүниелер бұдан да көп.

“Түсімде” дейтін айбынды публицистикасының қалай дүниеге келуін Сәбит Мұқановтың өзінен естиік. “Сен осы партиядан не аласың? Бұдан шығу керек қой. Ертең соғыс болып кетсе не істейсің?” - деді 1921 жылы “Бостандық туы” газетінде редактор болып отырған Мағжан кеңсесіне келгенімде.

- Арыз жазып бере қойыңыз, - дедім қайтер екен деп.

Жазды. Мағжан көшіріп беріп, оригиналын жыртып тастады. Осының артынан мен Орынборға екінші партия конференциясына келдім де, алашордашылардың бағыты неге бұрылғандығын көрсеткен “Түсімде” деген фельетон-әңгіме жаздым. Оным 22 жылы “Еңбекші қазақ” газетінде басылды. Сол фельетон күні бүгінге дейін программа болып келеді. Алғашқы баспаға шыққан әңгімем осы” (С. Сейфуллин, О.Тұрмажанов. “Әдебиет оқу құралы”, 1934, 35-бет). Әрине, тұңғыш болған соң қымбат, алайда Сәбит Мұқановтың қазақ мәдениетіне, әсіресе, әдебиетіне келгендігін бірден аңғартқан шығармасы - “Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер”.

Белсенділік қашанда бірдемеге апарып ұрындырмай қоймайды. Оқып жүрген шәкірттердің құлақ салмайтын әңгімесі, араласпайтын ісі болмайтынын әркездегі уақиғалар дәлелдеп келеді. Бүкіл Орынбор қаласын, әсіресе, кедейшіл, тапшыл жастарды дүрліктірген, Сәбит Мұқановтың сөзімен айтсақ, “алаш партиясының ірі көсемі, қазақтың шын мәніндегі ғұламасы Ахмет Байтұрсыновтың 50 жасқа толуын тойлау мәселесі болды”. Оған кімнің қалай дайындалғанын Сәбит Мұқановтың сол кездегі ойы, кейіннен кітапқа түскен сөзінен танысайық.

Біздің кейінгі әңгімелеріміз көбіне таптық түсінік аясында өтетіндіктен алдымен Сәбит Мұқановтың имандай сырын ұғып алған жөн. “Мен қаналушы таптан шыққан адаммын. Қиналуды сезу үшін, оған жан-жүрегіңмен қарсы тұру үшін адамға марксист болу міндетті емес” (1960 жыл). (Осу жолдарымыз, 654-бет) десе, онда Сәбит Мұқановтың 20-30 жылдарда айтқан, жазған ойлары бұдан да ащылау болары хақ қой. Және бір ғажабы өзі жасаған қателіктерін елден бұрын өзі айтып-жазып отырғаны болса керек. Кезінде сындыра да, қирата да білді, кейіннен артық-кем кеткенін ешкімнің зорлығынсыз өзі мойындай да білді.

Енді Сәбит Мұқановтың әдебиет әлеміне, идеологиялық майданға келгендігін аңғартқан, аңғартып қана қоймай, осы жігіттен бірдеме шығады деп үміттендірген атышулы мақаласына оралайық.

1923 жылы 28 қаңтарда Орынбордың ең үлкен залы - Я.Свердлов атындағы клубта қазақтың ұлы оқымыстысы, филология ғылымының негізін қалаушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тарихында тұңғыш рет 50 жылдық мерейтойы аталды. “Аханның алдында” деген тақырыпта Қазақстан Жастар одағының жетекшісі, Әлихан Бөкейхановтың күйеу баласы Смағұл Садуақасов баяндама жасады. Осы тойға дайындалу кезінде Смағұл және басқалар бұл тойды оқу-ағарту комиссариатының хұзырында өткізу орынды деп тауып, жоспарын жасаған екен.

Дүниеде болып жатқанның бәрін бақылап отыруға машықтана бастаған партия комитеті оқу комиссариаты белгілеген шаралардың бәрін тиып, 1923 жылы 23 қаңтарда мынадай қаулы шығарды: а) считать недопустимым организацию советскими органами празднования данного юбилея; б) против проведения праздника частными лицами не возражать; в) возложить персональную ответственность за содержание речей выступающих товарищей от имени советских органов на товарища Сейфуллина” деп қаулы алады. Кімнің аузынан қандай сөз шығарын аңдудан жаман не бар?! Халық Комиссарлары Кеңесінің төрағасы болуға өзер көнген тарпаң асау Сәкен Сейфуллинге бұл тапсырма орынсыз болып көрінді де, бүкіл мерейтойдың билігін қолына алып, кіріспе сөз сойледі. Ол сөзі 30 қаңтар күні “Еңбекші қазақ” газетінде жарияланды. Партиялық тапсырма алған Сәкен Сейфуллин “Өзге оқыған мырзалар шен іздеп жүргенде қалың қазақтың ұлт намысын жыртып, ұлттың арын жоқтаған патша заманында жалғыз-ақ Ахмет еді. Өзге

оқыған замандастары өз бастарының пайдасын ғана іздеп, ар-нәм имандарын сатып жүргенде Ахмет халықтың арын іздеп, өзінің ойға алған ісі үшін бір басын бөйгеге тіккен. Ахмет Байтұрсынұлы ұлтын шын сүйетін шын ұлтшыл” деп мерейтой иесінің мерейін асыра сойледі.

Осы тойға қатысып, әңгімелерін естіген қазақ жазушысы, қайраткер Ғалым Ахмедовтың кітаптарында жазылғандарымен қатар өз аузынан айтатын естелігін талайлар естісе керек. Бұл той Еуропа дәстүріне түсе бастаған қазақтардың ең алғашы корген қызығы, тамашасы еді. Той керемет өтті, бірақ оны қоштамағандар, әсіресе, үлкен ағайындар, шовинист-коммунистер, “алаш, националист, пантюркист” деп таңбалауға аузы үйреніп қалғандар тыржындады. Астанада болып жатқанды естіп жүрген Ішкі істер халық комиссары Әбдірахман Әйтиев “Степная правда” (қазіргі “Казправданың” бастауы) газетінде “Фактические поправки” деп өзінің басшысы Сәкен Сейфуллинді “Ұлтшылдықпен күресе алмайды, ең үлкен пантюркисті мақтап жатыр” деп байбалам салды.

“Иә, мұның Сәбит Мұқановқа қандай қатысы бар дейсіздер ғой. Тікелей! Бай десе, қанаушы таптан шықты десе шамданып шыға келетін Сәбит Мұқановқа Ахмет Байтұрсынұлының мерейтойын өткізу Советке жасалып жатқан қастықтай көрінді, Әйтиевтің орыс тілінде жазған мақаласы Сәбит Мұқановтың тапшылдық ойына от тастады.

“Сәкен Байтұрсынұлының революциядан бұрынғы ағартушылық қызметін асыра мақтаған мақала жазды. “Мендешевшілердің бірі” саналатын Әбдірахман Әйтиев баспасөз бетінде Сәкенге қарсы шығып, Байтұрсынұлының совет өкіметіне жат қылықтарын айтты. Мен де Әйтиевтің пікірін қолдап, “Еңбекші қазақ” газетіне “Қара тақтаға жазылып жүрмеңдер, шешендер” деген мақала апарып бердім.

Мақаланың емеурінінде өз мақаласына қайшы келетін пікірлер бола тұра, Сәкен оны жариялады” (1964. 43-бет) дегенін санаттан шығарып тастауға болмайды.

Әбдірахман Әйтиевтің мақаласында Ахмет Байтұрсынұлы пен Сәкен Сейфуллиннің қарым-қатынасы, ой-пікірі ғана әңгіме болса, ал рабфак шәкірті Сәбит Мұқанов құлашты кенге сілтеп, әріден ой өрбітті. Әрқайсысының атын атап, түрін түстеп жазды. Абылай, Шоқан, Кенесары, Абайлатып келіп, Ахмет Байтұрсынұлы туралы ауыр айтты.

“Ахмет Байтұрсыновты еңбекшілерге майлап өткіземін деуді қою жөн. Еңбекшіл қазақтың арасынан Ахаңа орын жоқ. Ахмет байдың Ахаңы, “күле кіріп, күңірене шығып жүрген” мырзалардың тірегі. Еңбекшілердің Ахаңы да емес, әкесі де емес, досы да емес. Еңбекшіл қазақтың әкесі - өздерінің қолын теңдікке жеткізген Октябрь революциясы. Ендеше, шешендерге айтатыным: “Қисынсыз сайраймын деп еңбекшілердің қара тактасына жазылып қалып жүрмендер!” деген әсіреқызыл ескерту жасады. Осы эссесінде Сәбит Мұқанов талайларды тарихтан сызып тастаймын деп үлкен қателіктерге ұрынды, ұлылардың аруағын қозғап, салмағы бес батпан күнәні арқалауына тура келді.

Сонымен Сәкен Сейфуллинның ықпалында жүрген, үйінде жатқан Сәбит Мұқановтың үкімет басшысының Ахмет Байтұрсыновқа жасаған құрметіне, ол жөнінде айтқан ойына қарсы екенін көреміз. Рас, Сәкеннің аты аталмайды, бірақ ол Әбдірахман Әйтиев ашық айтқан адреске бағытталғаны сөзсіз. Себебі бар ма? Сылтау табылады.

1921 жылы Міржәкып Дулатовты төніп келген ажалдан құтқарып жіберген Сәбит Мұқанов Ахмет Байтұрсынұлының қаламгерлігіне көңілі риза, 1919 жылы Ахмет Ленинге жолығып, талай игі іске араласып, “Сол күзде коммунист партиясының қатарына мүше болып кіріпті деген хабарды

естігенде мен өзім қатты қуандым. Өйткені ол кездегі менің ұғымымда “Ахмет Байтұрсынов - халық қамқоры” (Есею жылдары. 1964. 9-бет) еді. Алайда екеуінің советке қарсы жасаған әрекеттерін көргенге дейін іштей сыйлау ойынан арылған жоқпын” (Өсу жолдарымыз. 1960, 668-бет) дегені бізге мәлім. Олай болса бірден осыншама теріс айналып кететіндей не болып қалды? Болды. Тапшыл Сәбит Мұқановқа Ахаңның қолымен істегенін былай қойғанда, газет-журнал бетінде жарияланып жатқан мақалаларындағы ойының өзі советтік құрылысқа қастандық болып көрінгені қашан.

1922 жылы ақпанда бірінші рет Орынборға келгенде Сәкеннің киім киісінің өзіне “советтік тәкәппарлығы” ұстап сәлемдеспей кеткен Сәбит Мұқанов енді Ахмет Байтұрсынұлына жолыға кетуді ойлайды.

“ - Иә, не жұмыспен келдің? - деді сарғылт адам.

- Сізді көріп, сәлем беруге.

- Рахмет, - деді сарғылт, - ал біздің қазір қолымыз тимей жатыр.

- Сізге сөзім бар еді.

- Уақытым жоқ қазір.

- Қайтып келуге менде де уақыт жоқ. Орынбордан бірер күнде кетем.

- Мынау бір тіл мен жақ қой, бейбастақ! - деді зор кара. Мені де ашу қыса ғап, азамат соғысының дағдысымен он қолым мықынымдағы кабураға жақындай берді.

Артынан білсем, сарғылт расында Байтұрсынов екен, кара - Алаш орданың Сейтәзім Кәдірбаев деген қуы екен” (“Өсу жолдарымыз”. 1960. 674, 675-беттер). Бұл көрініс Сәбеннің түсінігін бұрынғыдан да жайсыз ете түссе керек. Бұл аз болса, сол 1922 жылдың 8 шілдесінде Мұқановты қатты шошындырған, таптық түсінігін ушықтыра түскен “Қазақ

қалам қайраткерлері жайынан” деген мақала болды. Оның авторы - Ахмет Байтұрсынұлы. “Қазақ баласын ұлтым, жұртым, бауырым деп үйреніп қалған қазақтың қалам қайраткерлері Октябрь революциясынан кейін интернационалдық (бибауырмалдық) жолға түсе алмайды. “әлімсақтан бері” коммунист, интернационалист едім деп айтуға аузы бармайды. Бауырмал болып қалған қазақ қалам қайраткерлері иә бояумен түсін өзгертіп, иә түленмен түгін өзгертіп бибауырмал болмаса, нақ ішін өзгертіп бибауырмал бола алмайды. Сондықтан бауырмал десін, қазақшыл десін, ұлтшыл десін, оған құлақ аспай, бұрынғы жолдан таймау керек. Қазақтың сөзін қаймықпай сойлеу керек. Бас өзгерді, бастық өзгерді, тобе өзгерді, торе өзгерді. Басқасы әлі қарап тұр. Қазақ көрген қорлық пен зорлық қобеймесе кеміген жоқ. Қазақты бұрын жегендер әлі де зорлық қылып отыр. Қазақ мәдениеті орыстан кем болған соң жем болатыны сөзсіз” дегенді оқығанда интернационалист революционермін, лениншілмін деп жүрген Сәбит Мұқановтың таптық санасы қалай оянбасын? Оны нақты істе көрсетудің орайы табыла кетті. “Бір күні витринаның бетіне ойда жоқ қағаз жапсырыла қалыпты. Үлкен афишаның ортасында Ахмет Байтұрсынұлының портреті. Жоғары жағында ірі әріптермен “Ахаңның алдында” деген жазу бар. 50 жасқа толуына байланысты мерекелі жиналыс өткізілетін болыпты. Осы мәселе сол күні кеште рабфак жатақханасындағы қазақтар жататын бөлмелерде сөз болды, студенттердің басым көпшілігі юбилейге қарсы шығуға бекінді. Одан кейін Орынбордағы Совпартшколада, Қазақ педагогика институтында (КИНО), соғыс, милиция школдарында, финанс және заң курстарында оқитын қазақтармен байланысып, олардың да басым көпшілігімен ауыз біріктіргеніміз есімде берік сақталған оқиға” деп 1960 жылы баяндауына қарағанда, Сәбит Мұқановтың “Қара

тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!” деген памфлетті жазуға іштей дайындығы барын айқын көреміз. Идеологиялық майданның жауынгері болғандардың Сәбит Мұқановты аспандағы жарық жұлдыз санап, бір деп мойындауларына себепші болған жариялымның басы осы “Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер” еді.

Сойтіп, Сәбит Мұқанов жаңа ғана туа бастаған қазақ совет әдебиетінің есігін зор екпінмен, уытты ой-пікірмен ашып кірді де, оның негізін қаласуға, өркендетуге, қалыптастыруға бар қажыр-қайратымен кірісті. Опыра қимылдады, қисынсызды қиыстырды, жоқтан бар жасауға бүкіл парасатын жұмсады. Осы атышулы мақаладан кейін қазақ елі Сәбит Мұқановты бірден ақын-жазушы, публицист, қайраткер деп танып, оның жазғандарын үзбей оқып, айтыс-тартыстарына тікелей араласпағанымен демеу жасап отырды. Оған партия жол көрсетіп, өкіметі мықтап қолдады. Сәбит Мұқанов сөзі, Сәбит Мұқанов әрекеті әрқашанда ірі де пәрменді болды, еленді, қадірленді.

Осының алғашқы көрінісі - Қазақстан Орталық атқару комитетінің (КирЦИК) төрағасы Сейітқали Мендешев “Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!” мақаласы жарияланғаннан кейін Сәбит Мұқановты шақырып алып “Риза болғанын айтты да, IV съезді өткізетінін, республикалық сайлау комиссиясына студенттер атынан менің де мүше болуымды ұсынғанын”, съезд үстінде КирЦИК-ке мүше етіп сайланғанын, 75 сом жалақы алғанын, мейманхана номерінде Ғабит Мүсіреповпен бірге жатқандығын, екі айлық ақшаны алғаннан кейін өзінің немере інісі Шәкен, Мүсіреповтің інісі Баязит төртеуіне төрт костюм, төрт шинель, төрт хром етік алып “байығандары” да бар.

“Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер” мақаласы Сәбит Мұқановқа атақ, құрмет дарытқанымен шұбатылған

іс пен сөзді де ала келді. Сол дақпырт бүгінде басыла қойған жоқ. Оның басты себебі, академик - жазушы Сәбит Мұқановтың ғылыми зерттеулерінен гөрі жазушылығын жоғары қоюымыздан. Жалпы алғанда, ол орынды да. Бірақ, жазушы Сәбит Мұқанов “Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!” деген мақаласындағы аты аталып, түрі түстелген “бай балдарына” қайта оралмап па еді?! Кезінде жіберген қатесін мойындамап па еді?! Олардың аруағының алдында кешірім сұрай отырып, ғылыми зерттеу жұмысын жүргізіп, толымды еңбектер жазып, қазақ әдебиеттану ғылымының қоржынын салмақтандыра түскен жоқ па еді?!

Сол аты аталғандардың ішінде Ахмет Байтұрсынұлына ғана үлгермеді-ау деп жүруші едік. Жоқ, олай емес екен. Сәбит Мұқановтың ағалары алдында ұятты болар кінәсі жоқ дегенді сеніммен айта аламыз. Оған куәлік ретінде 1963 жылдың 14 қаңтарында Қазақстан Жазушылар Одағына (сол кездегі жазушылар одағының торағасы Ғабиден Мұстафинге К.А.) жазған хаты куә. Яғни, Сәбит Мұқанов алаш азаматтарына да қайта оралып, артық-кем айтқандарын түзетуге бет бұрған. Оған мүмкіндік те бар еді.

1957 жылы “халық жауы” болып атылғандардың алды Сәкен, Ілияс, Бейімбеттер ақталып, шығармалары жарық көріп, ғылыми айналымға да түсе бастаған. Ал Сәбит Мұқановтың Қазақстан Жазушылар Одағына өтіне жазған хатының аяқсыз қалуына тарихты таратып қана қоймай, тереңінен тартатын білімдарлығы, көп білетіндігі кедергі болғанға ұқсайды.



САЛАЛАС ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРДІҢ ПАРАДИГМАСЫ

Қазақ тіл білімінде құрмалас сөйлем мәселесіне алғаш көңіл аударған Ахмет Байтұрсынұлы болды [1.280-291]. Ғалым құрмаластарды сыйысулы құрмалас және қиысулы құрмалас деп екі парадигмалық топқа бөліп қарастырады. Автор бірінші мүшелі жай сөйлемдерді (*Қарабай мен Сарыбай аңғашықты*) сыйысулы құрмалас деп береді.

Ахмет Байтұрсынұлы салалас құрмалас сөйлемді қиысулы құрмалас сөйлемге жатқызады. Ғалым “Қиысулы құрмаластағы сөйлемдер тең болса, салалас құрмалас аталады. Тең болмай, бірінен бірі кем бөлып қиысса, онда қиысулы құрмалас сабақтас аталады” [1.301, 302] деп құрмалас сөйлемдер құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу түрлеріне қарай құрмаластың екі парадигмасын көрсетеді. Ал салалас құрмалас сөйлемнің құрамындағы компоненттердің бір-бірімен қиысуына, мағынасына қатысты бес түрлі мағыналық парадигмасын ұсынады. А.Байтұрсынұлы ұсынған салалас құрмалас сөйлемнің парадигмалары қазіргі тіл білімінде басқа атауларға ие болған. Атап айтатын болсақ, ғалым ұсынған жиылыңқы салалас ыңғайлас салаласқа (*Үлкен бастар, кіші қостар*), қайырыңқы салалас қарсылықты салаласқа (*Мен бардым, сен үйде болмадың*), айырыңқы салалас талғаулықты салаласқа (*Не сен тұрасың, не мен тұрамын*), сұйылыңқы салалас себеп-салдар салаласқа (*Сабыр түбі* -

сары алтын: сарғайған жетер мұратқа, асыққан қалар ұятқа), қойылыңқы салалас та қазіргі талғаулықты салаласқа (*Не өгіз өлер, не арба сынар, екінің бірі болар*) сәйкес келетінін көруге болады.

Құдайберген Жұбанов құрмалас сөйлемді “күрделі сөйлем” деп атаған болатын. Ол құрмалас сөйлемнің салалас және сабақтас парадигмалық топтарын көрсетеді [2.231]. Ғалым 1936 жылы орта мектептің 5-7-сыныптарына арналған “Қазақ тілінің программасы” атты еңбегінде құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдары мен амал-тәсілдеріне талдау жасап, мағыналық парадигмаларына тоқталған. Салалас құрмалас сөйлемді жасайтын амал-тәсілдер ретінде алғашқы сөйлем баяндауышы құрамындағы *еді* көмекші етістігі, шартты рай тұлғасы, көсемшенің *-п* тұлғасы, *да, және, сосын* дәнекерлері, *сол себепті, сондықтан, сөйтіп, бірақ, сөйтсе де, я, өйтпесе, не болмаса, үйткені, неге десең*, т.б. жалғаулықтары, *осы, сол, бұл* есімдіктері берілсе, сабақтас құрмалас сөйлемдерде негізінен құрамында қатыстық сөздері бар шартты рай тұлғалы етістіктер көрсетіледі.

Қ.Жұбанов салалас құрмалас сөйлемдердің өз ішінде мағынасы жағынан ынғайлас, ереуіл, талғама, себеп-салдар, шарт жағдай парадигмалық қатарларға жіктейді [2.359].

Құрмалас сөйлемді зергтеуді ғылыми тұрғыдан қарастырған Сәрсен Аманжолов құрмалас сөйлемдердің салалас, сабақтас, аралас және тиянақсыз сабақтас деп төрт парадигмалық қатарын көрсетті [3.359].

Қазақ тіл білімінде салалас, сабақтас құрмаластарды анықтауда ғалымдар екі түрлі қозқарасты ұстанады: 1) құрмалас сөйлем компоненттерінің мағыналық қатынасын басшылыққа алу; 2) құрмалас сөйлем компоненттері баяндауыштарының тұлғалық белгісін басты назарда ұстау.

Белгілі тілші М.Томанов “Өзара тең дәрежеде байланысқа сойлемдер тобын салалас құрмалас дейміз” деген анықтаманың өзі дұрыс емес деген пікірді білдіре отырып, оған *Іші пысы жүрген кезде жолықтым ба немесе білген кеңестерін білдіргі келмеді ме, Жәкең үлкен әңгімелер қозғады* сөйлемін дәлел ретінде келтіреді. Бұл сөйлем жоғарыда келтірілген анықтаманы сәйкес салалас құрмалас бола алмайтынын айтып салаластардың “тұрақты принцип негізінде анықталма жүргендігін” мәселе етіп қояды [4.45]. Егер өзара тең байланысқан, бірақ интонация арқылы ұласқан сөйлемдер салалас деп танитын болсақ, оған баяндауыш құрамының сұраулық шылауы бар немесе косемше тұлғалы (-ын, -ін, -і) сөйлемдерді жатқызуға болмайтынын, өйткені мұнда сөйлемдердің құрамындағы алғашқы сөйлем соңғы сөйлемге бағынышты болатындығын айтады.

С.Жиенбаев, Н.Сауранбаев, Ғ.Бегалиев, Қ.Жұбановтар алғашқы ұстанымды негізге ала отырып, косемшенің -ын, -ін, -і тұлғасымен келген сөйлемдерді салалас құрмалас сөйлемдер қатарына жатқызды. Мұндай сөйлемдер Н.Сауранбаев “іргелес сабақтас”, С.Аманжолов “үлесті сабақтас” деп, ал Қ.Есенов “ерекше құбылыстағы сөйлемдер” деп атайды да, тұлғалық тиянақсыздықты басты ұстаным ретінде ұстап, мұндай сөйлемдердің қазіргі қазақ тілінде сабақтастардың қатарында қарастырылатынын айтады.

Осындай пікірді профессор А.Ысқақов та өзінің “Құрмалас сөйлем мәселелері” атты мақаласында ұстап отырып, сабақтас пен салалас құрмаластарды өзара ажырату негізгі ұстаным етіп екі жай сөйлемді байланыстырушы баяндауыш сөзінің тұлғасын басшылыққа алады. Осындай келіп, *Омар кітап оқып, Жамал хат жазып отыр* тәрізді сөйлемдерді кейбіреулердің салалас деп ұғынуына қарса

мұндайларды сабақтас құрмалас деп дұрыс түсіндіреді. Мұндағы дәлелі - бағыныңқы сойлем баяндауышының тиянақсыз тұлғада тұруы [5].

Белгілі тілші Н.Сауранбаев құрмалас сөйлемдерді зерттеу барысында құрмалас сөйлемдерді парадигмаға жіктеуде бірнеше пікір ұсынды: алғашқы жіктемеде құрмаластардың салалас, сабақтас сияқты екі парадигматикалық қатарларын көрсетсе [6.46], кейінірек салалас құрмалас, сабақтас құрмалас, іргелес құрмалас деп алдыңғы екі парадигмалық қатарға үшіншісін қосады [Н.Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі // Академик Н. Сауранбаевтың еңбектері: 3 томдық. А., “Кенже пресс”, 2000, 2-т. 5-119-б., 34-106-б.]. Зерттеушінің зерттеу еңбегінде берілген іргелес құрмаластар тілімізден берік орын алып, әбден қалыптасып кеткен жалғаулықсыз салалас сойлемдер екенін көруге болады. Н.Сауранбаев іргелес құрмаласқа *Құнанбай округті басқаратын приказдың бастығы, Майбасар оның орынбасары болатын* (М.Әуезов) сойлемін мысалға келтіреді. Автор құрмалас компоненттері бір-бірімен мағына жағынан ұласып, Құнанбай мен Майбасардың қызметі туралы күрделі ойды білдіретінін, сыртқы формасы жағынан бұл екі сөйлемнің арасын қабыстырып, байланыстырып тұрған ешбір дәнекер форма жоқ екенін, екі сөйлемнің баяндауышы да тиянақты қалыпта тұрғанын, алайда мұндағы екі сөйлем бір-бірімен дауыс ырғағы (интонация) арқылы құрмаласқанын айта отырып, бұл сөйлемді іргелес құрмалас сөйлем қатарына жатқызады. Ғалым мұндай сөйлемдерді жалпы құрмалас сөйлемнің бір түрі ретінде түсіндіре отырып, өзінің көзқарасын былай дәлелдейді: “Іргелес құрмаласта салаластың да, сабақтастың да белгісі бар. Салаласқа тән белгісі - ондағы жай сөйлемдердің грамматикалық жағынан бір-бірімен тең дәрежеде

құрмаласатындығы және сойлемнің баяндауышы тиянақты қалыпта болатындығы. Бұл екі қасиет іргелес құрмаластарды салалас құрмаласпен жақындастырады. Ал іргелестерді сабақтастармен жақындастыратын белгі - іргелестегі жай сойлемдер ішкі мағына жағынан бірін-бірі сипаттап, бір-біріне тәуелді болып байланысады” [Аталмыш кітап. 2 т., 5-119-б., 27-28-б.]. Зерттеуші іргелес құрмалас сөйлемдерді сабақтастармен салаластардың тарихи бастауы деп таниды.

Сонымен қатар ғалым іргелес салаластардың стильді жағынан екі парадигмалық қатарын корсетеді. Олар: 1) жайылыңқы іргелес; 2) қойылыңқы іргелес. Негізгі бір ойды сипаттау, толықтыру үшін бірнеше жай сөйлемдердің тең мағынада іргелескен тобы жайылыңқы іргелес болады. Жайылыңқы іргелеске енген жай сөйлемдер қысқартылмай толық күйінде айтылады. Мысалы: *Жүнді су көтереді, жүйрікті ду көтереді, қайғыны ер көтереді, құрлықты дария көтереді, арысты ай көтереді, өлімді сай көтереді* (Шешендер созі). Ал қойылыңқы іргелес жайылыңқы іргелестің ықшамдалуынан, қысқарып сиысуынан жасалады. Мысалы: *Бір жерде күш, бір жерде өнер, бір жерде мінез көрсетіледі* (М.Әуезов). Мұнда үш сөйлемнің ортақ баяндауышы әр сөйлемде қайталамай, ең соңғы сөйлемде бір-ақ рет айтылған. Бұл сөйлемнің толық нұсқасы былай болады: *Бір жерде күш көрсетіледі, бір жерде өнер көрсетіледі, бір жерде мінез көрсетіледі* [А.к. 2-т. 5-119-б., 32-б.].

Ал, ғалымның кейінгі зерттеулеріне жүгінсек, мұнда құрмаластар компоненттерінің бір-бірімен құрмаласу тәсілдерін негіз ете отырып, мынандай төрт парадигмалық қатарларын ұсынған: 1) салалас; 2) сабақтас; 3) аралас; 4) үйірлі мүшелі сабақтастар [б. 520-б.].

Төлеубай Қордабаев “Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер

синтаксисі” атты еңбегінде құрмаластардың салалас, сабақтас және аралас парадигмалық қатарларын көрсетеді. Құрылымдық жағынан салалас құрмаластарды жалғаулықты және жалғаулықсыз салаластарға бөледі. Ғалым салалас құрмалас сөйлемдер компоненттерінің мағыналық қатынасы жағынан мынадай сегіз мағыналық парадигмалық қатарға жіктейді: 1) мезгілдес салалас; 2) себептес салалас; 3) қарсылас салалас; 4) талғаулы салалас; 5) кезектес салалас; 6) түсіндірмелі салалас; 7) салыстырмалы салалас; 8) шартты салалас [7.55].

Белгілі тілші Рақыш Әмір қазақ тіліндегі құрмалас сөйлем жүйесіндегі үш құрылымдық парадигманы ашып көрсетеді: 1) жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдер; 2) іргелес салалас құрмалас сөйлемдер: а) тұрақты іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; ә) ауыспалы іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 3) сабақтас құрмалас сөйлемдер. Автор одан әрі қарай іргелес салалас құрмалас сөйлемдерді төмендегідей грамматикалық-семантикалық парадигмалық топтарға жіктейді: 1) мезгілдік іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 2) қарсылықтық іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 3) себептік іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 4) шарттық іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 5) теңдік қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 6) айқындауыштық қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 7) объектілік қатынасты білдіретін іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 8) телінбе компонентті іргелес салалас құрмалас сөйлемдер; 9) ауыспалы іргелес салалас құрмалас сөйлемдер. Ал жалғаулықты салалас құрмалас сөйлемдерді мынадай мағыналық парадигмаларға саралайды: 1) ыңғайлас салалас; 2) себептес салалас; 3) қарсылықты салалас; 4) талғаулы; 5) кезектес салаластар [8. 695-701].

Қ.Шәукенұлы профессор Толеубай Қордабаевтың соңғы еңбегіне сүйене отырып, мынандай мағыналық парадигмалық топтарға бөледі: ыңғайлас салалас сөйлем, себептес салалас сөйлем, ес салалас сөйлем, түсіндірмелі салалас сөйлем, салыстырмалы салалас сөйлем, шартты салалас сөйлем, мезгіл салалас сөйлем, сын-қимыл салалас сөйлем, көп компонентті салалас сөйлем [9.161]. Қ.Шәукенұлының топтамасының Т.Қордабаевтың жіктемесінен ерекшелігі өзінің жіктемесіне ыңғайлас салалас сөйлем мен сын-қимыл салалас сөйлемді қосқан.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. А.Байтұрсынов. Тіл тағылымы. А., “Ана тілі”, 1992.
2. К.Жубанов. Исследование по казахскому языку. А., “Наука”, 1996.
3. С.Аманжолов. Қазақ тілі ғылыми синтаксисінің қысқаша курсы. А., “Қазмембас”, 1940.
4. М.Томанов. Құрмалас сөйлемдер туралы бірер сөз // Қазақ тілі мен әдебиеті, 1959.
5. А.Ысқақов. Құрмалас сөйлем мәселелері // Халық мұғалімі, 1940, № 23.
6. Н.Сауранбаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер жүйесі // Академик Н.Сауранбаевтың еңбектері: 3 томдық. А., “Кенже пресс”, 2000, 2-т., 5-119-б.
7. Т.Қордабаев. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. А., “Санат”, 1995.
8. Р.Әмір. Іргелес салалас құрмалас сөйлемдер // Қазақ грамматикасы /Жауапты ред. Е. Жанпейісов. Астана, “Астана полиграфия”, 2002.
9. Қ.Шәукенұлы. Синтаксис. А., Арыс, 2004.

ТАРИХИ ЖАД: ШӘКӘРІМ МЕН МҰХТАР ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Тарих пен әдебиет - бірін-бірі дамытып, бірін-бірі толықтырып тұратын ғылым салалары. Әдебиет - тарих қойнауындағы талай-талай белгісіз сырларды ашудың шебері. Әдебиеттегі тарихилық - халықтың тарихи жады, тарихи есімен сабақтас ұғым. Тарихи жад (ес) халықтың ауызша шығып тараған мол фольклорлық мұрасынан бастап бүгінгі заманның ақын-жазушыларының шығармаларында кездесетін ортақ ұлттық ойлау қабілетіне байланысты қалыптасқан категория деуге болады.

Тарихи жад көркем әдебиеттің ұлттық белгісімен, халықтың тұрмыс - салт дәстүрімен, діни наным-түсінігімен байланысты. Ғылыми тарихилық пен көркем тарихилықтың арасындағы өзгешелік жадтың көркемдік ойлау негізінде өмірге келген көркемдік шындығы мен нақтылы шындықты ажыратуына байланысты.

Жад - адам психологиясымен, оның дүниені қабылдау ерекшелігіне байланысты қалыптасатын ерекше қасиеті. Ж.Аймауытов “Жад дегеніміз - бір жағынан неше түрлі еске алуларды жинап қоятын қойма, екінші жақтан белгілі нәрсені еске түсіретін (қуат) қабілет орнына жүреді” дейді.

Ойшыл ақын Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи жад ақынның философиялық ойлау қабілетімен байланысты. Терең білімді Шәкәрім өлеңдеріндегі ағартушылық, философиялық,

азаматтық ой орамдары халықтың тарихи жадымен сабақта екенін байқау қиын емес. Шәкәрім өлеңдеріндегі тарихи жад мәселесі туралы айтқанда ақынның тарихи ұғымдарды білген тарихшы, дүние сырын терең түсінген философ екендігін естен шығармау керек.

Тарихи жад көркем шығармаларда үш түрлі сапада көрінеді: 1) халықтың тұрмыс салтына байланысты қалыптасқан ұғым атауларының бойындағы тарихи жад; 2) халықтық қоғамдық-әлеуметтік жағдайына байланысты қалыптасқан тарихи жад; 3) діни таным-түсінікке байланысты қалыптасқан тарихи жад. Шәкәрім өлеңдерінде осы үш тарихи жадқа жататын ұғымдар мен сөздер кездеседі. “Епті тышқан” деген өлеңінде:

*Арамдықпен жеткізіп көкке қолын
“Көмөнес” боп алады жоғары орын.
Тартылса анық адал таразыға,
Бірақ күнде қайнатар оның сорын, - дейді.*

Мұнда коммунист сөзін “Көмөнес” деп қазақ тілінің ынғайымен айтып тұрса да, олардың сол атты жамылып істеп жүрген әрекетін епті тышқанмен астарлы сабақтап көрсетеді. Кезінде 1988 жылғы шыққан (күрастырушы Ә.Тәжібаев) ақын өлеңдерінің жинағында бұл өлең шумағы жазылмай қалған. “Піскен мен шикі” өлеңінде:

*Екеуі келді шауып атты қыстап,
“Шылбырынан арқандап атты отқа қой,
Тойып қалсын болғанша біз жұмыстап”* деп

түлкіні өтпен ыстап қолға түсіруі, атты шылбырынан арқандауы тұрмыстық жағдайға байланысты қалыптасқан сөз тіркестері. Қолында қаруы жоқ болған кезде іннің аузына от қойып аң алу аңшылықты кәсіп еткен адамдардың айлалы амалы болған. Орман, тоғайсыз жерде атты байлаудың амалы ретінде халық шылбырынан байлауды қолданған.

Шәкәрім дін тарихын терең білген, теолог ақын ретінде өз шығармаларында діни түсінік, діни танымды жиі қолданған. “Пайғамбар Мұса жолықса” деген өлеңінде ақын діндер тарихын терең білетіндігін көрсетеді. Өлеңдегі “шатақ дін”, “нәпсі”, “шоқыну”, “иман”, “күдірет киесі”, “затшылдық” сөздері тарихи жад арқылы қалыптасып, ақынның түсінігіне адамгершілік танымына сай қолданылған.

Шәкәрім шығармашылығында тарихи оқиғалардың сипатталуы сюжетті өлеңдерінде көрінеді. “Наушеруен”, “Қодардың өлімі”, “Бояулы суыр”, “Піскен мен шикі”, т.б.

Тарихи уақыт аумағынан қарағанда Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов шығармаларындағы тарихилық, белгілі оқиғалар мен сюжеттік желі аясында келуі де екі қаламгер үндестігін айқындамақ. Шәкәрім мен Мұхтар Әуезов шығармашылығындағы алғашқы тоқайласу “Еңлік-Кебек” оқиғасына байланысты орбиді. Екі қаламгердің шығармаларындағы “Еңлік-Кебек” оқиғасына байланысты өзара сабақтастықты академик Рымғали Нұрғали жақсы талдап көрсеткен. “Шәкәрім мен М.Әуезов бір Шыңғыстың тумасы, ағайын-туыс қана емес, рухани жағынан аға-іні. Терең тарихты ақтарып, “Еңлік-Кебек” оқиғасының желісімен бірі поэма, екіншісі драмалық шығарма жазған. Творчестволық сайысқа түсіп, ой жарыстырып, сұлу сөздің інжу-маржан үлгісін жасауға жетіскен. Шәкәрім (1858-1931) мен Мұхтар Омарханұлы (1897-1961) жас алшақтарына қарамай, ғажайып сыйластық қарым-қатынаста болған” [4.51].

Шәкәрімнің “Қодардың өлімі” деп аталатын ұзақ өлеңіндегі (кей зерттеушілер поэма дейді) тарихи оқиғаның суреттелуінде және “Абай жолы” роман-эпопеясында екі автордың бір оқиғаға екі түрлі көзқарасы берілген. “Абай жолында” М.Әуезов көркемдік шындықты роман талабы

бойынша суреттеген. Қодардың өлімінің басты себебі жер мәселесіне байланысты екенін назарда ұстатады, бірақ жанам түрде болса да Шәкәрім ұсынған оқиға шешімінен де қол үзбейді. Романда Қодардың өз аузымен айтқызатын шындық: “Қодар қайғыдан сандалып, жаны күйіп отырып: - Маңымда тұлдыр жоқ. Құдай маған қылды ғой. Кәпір өтсем де енді кәрінен аянарым жоқ. Құдай маған қылса, менің құдайға қыларым сол... - деген [2.27.] Бұл сөйлемдер арқылы жазушы Шәкәрім айтатын тарихи шындықты білетінінен хабардар етеді. Ал Шәкәрімнің өлеңінде реалистік оқиға барлық айшығымен көрінген. Ақын шындықты барынша нақты көрсете отырып, тарихи уақыт пен тарихи оқиға желісінен қол үзбей жалғастырып, дамытып отырады. Өлең оқиғасы басталатын

Тастан тайып өлген жоқ, таудан құлап,

Оны өлтірген - ағайын, қарындасы.

Ел бұзатын ерсі істі өршітпеске

Дарға асып, таспен атқан өз ағасы [3.150.], - деген жолдар арқылы автор оқырманын бірден оқиғаға араластырады. Сондай-ақ Шәкәрім өзінің қалыптасқан жазу әдісі бойынша тарихи оқиғаның мазмұнын бұзбай сол қалпында беруге ұмтылады. Ақын Қодардың жаман қылығын, адамгершілікке жатпайтын іс-әрекетін біле тұра оның жақсы қырларын да айта кетеді. Бұл Шәкәрім көзқарасындағы дүниеде тек жақсы, не тек жаман адам болмайды деген идеямен сай келеді. Қодардың ел қамын ойлайтын ер екенін, елге басшы бола алатындай батыр екенін де жасырмай:

Ол - Қодар, барымташы, елдің басы,

Жыртылмасын деп жүрген ел жағасы.

Ар сүймейтін бір істі қылғаннан соң,

Аямаған олжайдың кәрі-жасы [3.150.], - дейді.

“Олжайдың кәрі-жасы ар сүймейтін іс істегені үшін жазаға бұйырған” деген сөздер арқылы Шәкәрім болашақтағы Құнанбай атына байланысты өрбитін оқиғадан оны арашалап тұрғандай. Шәкәрім шежіреші, тарихшы адам ретінде өз шығармаларында үнемі тарихи оқиғаларға байланысты мәліметтер беріп отырады. “Қодардың өлімі” өлеңінде де ақын өзінің сол стилін тапқан.

*Арғы атамыз Олжайдан үш ұл болар,
Айдос, Қайдос, Жігітек - міне, осылар.*

Қайдостың бір баласы Борсақ деген,

Соның бір тұқымы еді батыр Қодар [3.151.] , -
деген өлең жолдары арқылы Қодардың батыр екенін тағы бір айта отырып, оның ата тегінен хабардар етеді.

Сондай-ақ ақын өз атасы Құнанбайды өте жоғары бағалаған. Әділ басшы, ел қорғаны, Құнанбай көзінше басқа адамдар насыбай атпақ түгіл ұрлық, зорлықтан тыйылды деп асқақтата суреттейді. Шәкәрімнің бұнысы, бір жағынан, Қодар мен Қамқаға жасалатын жазаға шешім шығарған Құнанбайды ақтау үшін де жазылған сияқты.

Әділ деп ел мақтаған Құнанбайды,

Көзінше жан әдепсіз іс қылмайды.

Ұрлық, зорлық, зұлымдық... бәрін тыйып,

Арам деп атқызбаған насыбайды [3.151.] , - деген жолдар бұған дәлел бола алады. “Қодардың өлімі” өлеңінде Шәкәрім көрсеткен тарихи шындық пен көркемдік шындықтың арасы тарихи уақыт аясынан шықпай, өзіндік өлшемін тапқан. Өлеңде “Алтынды ер атқа тисе, отқа жақ”, “Бір кісіге екі өлім бөлмейді” деген сияқты тұрақты оралымдарды да орынды пайдалану арқылы көркемдігін арттырған.

Барып ойға түскен соң таспен атты,

Көпке шейін тытырлап тулап жатты.

Әбден өліп болған соң отын әкеп,

Екеуінің сүйегін отқа жақты [3.155.], - деген

жолдар бір қарағанда тым қатыгездік сияқты корінгенімен, автор басында ескерткендей, “Алтынды ер атқа тисе, отқа жақ” дегенді түйіндеп тұр. Сонымен бірге қазақта өлікті отқа жағу дәстүрі жоқ болса да, бұл жерде жаман іс-әрекеттің елге таралмауы үшін әрі отқа жағу арқылы тазару ұғымын білдіріп тұрса керек.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Нұрғалиев. Арқау. 1-т. А., “Жазушы”, 1991.
2. М.Әуезов. Абай жолы. 1-т. А., “Жазушы”, 1995.
3. Шәкәрім шығармалары. 1-т. А., “Жібек жолы”, 2005.

Нүргүл Исмагулова,
Қазақстан Республикасының Қорғаныс
Министрлігі Әскери институтының
Мемлекеттік тіл кафедрасының
меңгерушісі, ф.ғ.к.

СӘБИТ МҰҚАНОВ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ИДЕЯЛЫҚ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ МҰРАТ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Сәбит Мұқановтың “Жетім қыз” дастаны (1926) жеті-сегіз буынды жыр үлгісінде жазылған, 641 олең жолына тұрады.

Сәбит Мұқановтың дәуір талабына сай тап күресінің шиеленісін, еңбекші халықтың, қазақ әйелдерінің тағдырын

көрсететін “Батырақ” (1926), “Балбөпе” (1927) поэмалары - өзара үндес дүниелер. Ғалым Серік Қирабаевтың “Қазақ кедейінің ауыр тұрмысы, моральдық жүдеулігі, ұсқынсыз сыртқы кейпі Сұлтанмахмұт өлеңдерінен кейін (әсіресе, “Кедей” поэмасы) Сәбит поэзиясында көрінді. Ақын қазақ кедейінің ауыр тұрмысын жасырмай, сыртқы ұсқынсыз бейнесін сәндемей, сол құж-құж қалпында әдебиетке кіргізді” деген сөздері бар (1). Шыңында да, “Батырақ” пен “Балбөпе” жазылған жиырмамыншы жылдардың екінші жартысында кедей-батырақтардың образдары әдебиетке шет-пұшпақтап кіріп қалғанмен, оларда сыпайылық бар болатын, көз тартарлық болмаса да, адам шошырлық емес-тін. Ал С.Мұқановтың Қарашұнағы (“Батырақ”):

*Сақал, мұрты жабағы,
Түксие біткен қабағы,
Бұқа мойын, шоң желке,
Тырысып жатқан бұғағы.
Күңшашы (“Балбөпе”):
Күңшаш Күңшаш болғалы,
Күңшаштың атын алғалы
Күл-көмірмен бірге өсті.
Жабағы шаш, ірің көз,
Мінезі жаман, бейпіл сөз,
Жалба-жұлба түрде өсті.*

Кезінде бірқатар сыншылар ақын батырақтарының әдеби образынан “натуралистік дәрекілік тауып, қинала атағанын” сөз еткен ғалым Т.Нұртазин “Кітаптағы образ - өмірдегі батырақтың реалды бейнесі. Ақын оны сәндеуді қажет деп таппаған. С.Мұқанов поэмадағы батырақтардың өмірімен байланысты ауыл өміріндегі әлеуметтік толғақты мәселелерге жауап береді” (2) дейді. Бұл жолдардың растығын мойындай

отырып, “Ақын неліктен оны сәндеуді қажет деп таппаған?” деген сұраққа жауап іздеп көрейікші. Ғалым Қ.Ергөбек “Идеялық мұрат бар да, эстетикалық мұрат бар. Жазушының идеялық мұраты өз қоғамына қызмет ету болғанымен, сол ой, сол мақсат сұлулық арқылы жүзеге асады. Эстетикалық мұрат, міне, осы мақсаттан туындайды. Егер С.Мұқановты кеңестік кезеңнің идеялық мұратына қызмет еткен деп тауып, бүкіл шығармашылығын мансұқтап жатсақ, біржақтылық болар еді. Онда біз жазушының эстетикалық мұратына ден қоймаған болып шығамыз” (3) деп жазғандай, С.Мұқанов әдебиет сүйер көпшіліктің эстетикалық талғамы туралы толғанбады, оқырман жүрегіне сұлулық арқылы жол табарын сезбеді дей алмаймыз. Олай болса, ақын Қарашұнақ, Күншаш секілді образдарды неліктен сомдады десеңіз, ол «кереғар ұғымдар мен құбылыстарды бір-біріне қарама-қарсы, бетпе-бет қою арқылы басқа бір құбылыстың, заттың сыры мен сипатын, ерекшелігін ұтымды аңғарту тәсілін” (4) қолданып отыр, яғни, құлдың құрбаны болған Қарашұнақ пен оның жетімегі Қозыбақтың образына Кеңес үкіметінің арқасында теңдікке қол жеткізген Қозыбақтың образын қарама-қарсы шендестіру арқылы жаңа заман сипатын, артықшылығын ұтымды аңғартып отыр. Күншаш пен оның қызы Балбөпе образы да дәл осындай мақсатта қолданылып, поэтикалық айшықтау міндетін атқарып тұрған образдар.

Алдымен “Кешегі жалшы мен бүгінгі жалшы” деп аталып, кейіннен “Батырақ” болып өзгертілген поэманың құрылымына назар аударсақ, шығарма он бөлімнен тұрады. Жалпы жеті-сегіз буынды жыр үлгісімен жазылған поэманың алғысөзі ретінде “Олеңді хикая” деп аталған ақынның қазақ жалшыларына жүрекжарды сезімі арнау ретінде берілген және он бір буынды кара өлең ұйқасымен жазылған.

*Мен сендерді басқадан бұрын көрем,
Мен қолымды сендерге бұрын берем.
Сендермен кеп алысар жау табылса,
Мен бәріңнен қолында бұрын өлем,* - деп ағынан

жарылған ақын алты шумақты арнауының он бойында өзінің жалшылардың жандарына жалау болу үшін, намысын қорғау үшін солардың еншісіне дара жаратылған ақын екендігін тілге тиек етеді.

Поэманың басында Қарашұнақтың көзін ашқаннан қамшыны жолдас еткен жан аярлық жалшылық өмірі сипатталады. Әйелі Күңшаштың араға екі-үш жас салып тапқан балаларының құтаймауын аза тұтқан Қарашұнақтың жасына жетпей қартайған - қырық бес жас шағында ұлды болуы оны шаттықтың шыңына шығарады. Жаңа туған әйелінің қалжасына союға алған қойының ақысын бес ай бойы жұмыс істеп қайтаруға келісуі және молдаға барын ұсынып ат қойғызуы, уайым-қайғыны ұмытып, бар жан-тәнімен беріле қуануы Қарашұнақтың жан тазалығы мен жоғары адамгершілігінен хабар береді.

*“Қозыжан” қойды баласын,
Көріп оның қарасын,
Ішпей-жемей тоқ болды,*

Жазып ескі жарасын, - деген жолдардан Қарашұнаққа ғана емес, жалпы қазаққа төн “бала десе ішкен асын жерге қоярлық” қасиет аңғарылады.

Осылайша зарығып корген баласының қызығына да тоя алмай, Қарашұнақты байдың бұрасының шайнап өлтіруі және бұл қайғыны көтере алмаған шешесінің дертті болып өлуі Қозыбақты жеті жасында жетім етеді. Бұғанасы да қатпаған жетімек балалықпен бір-ақ күнде қоштасып, жалшылық қамытын киеді:

*Басынан қотыр білінді,
Аяқтары тілінді.
Шөгір кіріп, ақсаңдап,
Қозымен бірге жүгірді.*

Қозының соңында жүрген, күтімі жоқ баланың:

*Жұрт жеркенді маңынан,
Аққан ірің қағынан.
Жататын мекен жасады
Ақтабанның жанынан.*

Осылайша тасбауыр жетім қозы он үшке келіп, қойшы бала атанады:

*“Таз қойшы” деген ат алды,
“Сұр таңдай”, “қу жақ” атанды.
Епті болды баладан
Өзімен өскен қатарлы.*

Жыл артынан жыл өтіп, Қозыбақ жиырма беске келіп ер жетеді:

*Он қолдан өнер төгілді,
Балқытып соқты темірді.
Түйін түйін ағаштан,
Өрнектеді өрімді.*

Сонда да “бүтін киім кимей, тақымына ат тимей, ойел ала алмай, бірақ жастықтың арқасында осының бірін де елемей” жүрген Қозыбақ Құдайберген байға жалданып, жаздай шөбін шауып, күзде отынын жинап, қыс болса малын бағыш күнін көреді. Осы тұста алпыс жасар байдың тоқалы он бес жасар Гүлжанға көңілі кеткен Қозыбақ өзінің келіншекке де ұнайтынын байқап:

*Екеуі қосты көңілін,
Гүлдендірді өмірін.
Күннен күнге арттырды*

Бір-біріне сенімін.

Ақырында поэма батырақ съезіне қатысқан Қозыбақтың көзі ашылып, көкірек көзі оянып, көп жылғы еңбегінің ақысын алып, ұнатқан адамы Гүлжанға қосылуымен аяқталады.

“Батыраққа” қарағанда көлемі жағынан шағын “Балбөпе” поэмасында ақын Күңшаштың күндікпен өксіп отіп жатқан өмірін сипаттаудан бастайды. “Жаны да, малы да, ұлы да, бұлы да” болған Балбөпесі үшін:

*Күңшаш нені көрмеді,
Кімге еңбегін бермеді,
Мал да бақты, шөп шапты.
Кісінің тілеп тілегін,
Кісіге жұмсап білегін,
Тезек терді, от жақты.*

Осындай ауыр азаппен таңын атырып, күнін батырса да, Күңшаш Балбөпесіне жарытып тамақ тауып бере алмайды. Ақыры дертке шалдығып, он күн бойы нәр татпай, аузына су тамызарлық жан табылмай, жан тәсілім еткен Күңшаштың жалғыз зарлап жетім қалады. “Даладан тезек теріп, күндіз бала тербетіп, таңертең козы оргізіп”, “Әбілет” деген ат жамалған Балбөпе:

*Не қылса да жақпады,
Сордан сор келіп қаптады,
Ашылмады қабағы.
Босағаға түнеді,
Зарын кім оның біледі,
Жарымады тамағы.*

Өлмешінің күнін көріп жүріп, он бірге келген, “Ақ бетінен қан тамған, Бұғағынан бал тамған”, “Жараған жүйріктей, Саусақтары сүйріктей” өрімдей жас қызды алпыс

жасар шалға тоқалдыққа берген ел-жұртқа “қой” деуші жан табылмай, табиғат қана мұндас болады:

*Бар и абиғат дірілдеп,
Иште, інен күбірлеп,
Сәл мен бірге жылады.*

*Нәлет айтып гұрыпқа,
Көнбеді деп ырыққа*

Осімдік шашын жұлады.

Міне, теңдікке зар болған Балбөпені бұл азаптан жаңа заман ғана арашалайды. Шалдың малын қазынаға, өзін жазаға кесіп, Балбөпенің көңілі басылады.

Осы екі поэманың ізін ала дүниеге келген “Қанды көл” (1927), “Құланың құны” (1928-1929) поэмалары да - “Батырақ”, “Балбөпе” шығармаларымен белгілі бір деңгейде үндес дүниелер. Үндестігі сол - өздерін жаңа өмірдің белсенді күрескері ретінде танып білген қаламгерлер секілді, С.Мұқанов та эпикалық шығармаларында өзін езілген қорлықта қалғандардың қорғаушы, жақтаушысы есебінде алған. Кейіпкерлерінің құлдық өмірдің торын бұзып, жаңа өмірге ұмтылған әрекет-болмысын көрсету арқылы автор қазақ әдебиетінде дүниеге келген жаңа күрескер бейнелер қатарын толықтырды. Ал, айырмашылығына келетін болсақ - кейінгі екі поэмасында ақын батырақ бейнесіндегі бас кейіпкерлерінің образын сомдауда жоғары эстетикалық деңгейге қол жеткізген дер едік.

*Дөңгелек қара көзі жанған шамдай,
Қайратқа әдейі арнап біткен маңдай.*

Сұрша бет, қалың қабак, сүйір иек,

Жүзінде лаулап жанған оты бардай, - деген үзіндідегі (“Құланың құны”) Болаттың портреті жанды адамның шынайы бейнесін көз алдына әкеледі және ақын

оның сыртқы бейнесінің өзін сомдауға тоғыз шумақ өлең жолын арнайды.

Ал “Қанды колде” ақын ауылдағы тап қайшылығын қашаннан қазақ дауының өзегі болған жер мәселесімен байланысты ашады да, Әлімнің сырт келбетіне тоқталмай, байдың “Күйген көл” деп аталатын жерінің шөбін рұқсатсыз шауып, малын аман сақтауға тырысқан он үйлі кедейдің бас көтерері ретінде сипаттайды. Бұл оқиға жұт жылы болған. Жұт қоян жылында болғандықтан, ел аузында “тақыр қоян” аталып кеткен екен.

Он үй “күлдың” бәріне басшы Әлім,

Күйген көлге сол алып барды бәрін.

Орагына Малдыбай бөгет болса,

Торсыққа біржолата күймақ қанын, - дегендей-ақ, қантөгістен қашып құтылу мүмкін болмайды. Өзіне төніп келген Малдыбайдың баласы Алтынсарыны Әлім “Екі өлгенше біржола өлейін” деп желкесін шалғымен қиып түсіреді. Төрт-бес жігіттің сойылы қатар тиіп Әлім жер құшады. “Күн батты қып-қызыл боп қанын шашып, Жел жылады, жер жүзін қайғы басып” деген жолдардан байқағанымыздай, ақын қашаннан өзіне тән шеберлікпен драмалық оқиғаны шырқау биікке көтере суреттейді. Одан әрі оқиға желісі Әлімнің жесірі Жаңыл мен үш жасында жетім қалған Әбіл төңірегінде өрбиді.

Әбіл биыл отыздың екеуінде,

Бейнеттен көз ашқан жоқ өлі күнге.

Мал дегенде бір сиыр, бір көк шолақ,

Әлі де құл, байларға әлі кірме, - болып жүріп жатқан Әбіл Кеңес үкіметі орнап, жер бөлініп жатқан тұста, шешесінің айтуымен, әкесі Әлімнің өлімін жадына алып, байдан әкесінің құнын және өзінің он жылдық еңбегінің ақысын ондіртіп алады. Ең бастысы “Қанды көл” аталып

кеткен “Күйген колдің” кедейлерге бөлініп берілуі арқылы олардың қайтқан кегін жыр өзегіне айналдырған поэма

*Күйгенкөл, Әлімді алған Қандыкөлде,
Қандыкөл екендігі мәлім-ді елге.*

Бір кезде Қандыкөлде құл шалынса,

Ие жоқ бүгінде оған құлдан оңге, - деп аяқталады

“Құланың құны” поэмасының оқиға желісі бас кейіпкер Болаттың жалшылығының сыбағасы ретінде құнан күнінде алған жанға қимас жалғыз жүйрік құла атының тоңірегінде орбиді. Шығарма осы құланың сұлу сымбатын суреттеуден басталып, оның иесінің сипатына ауысады. Құла алдын жылқы салмайтын, бәйгелерде жүлде бермейтін жануар болса “екі иығы екі кісі мінгізерлік, түйілген бұлшықтары бейне борік” Болаттың бір басына жетерлік балуандығы болады.

Құлаға қызыққан Қара есімді болыс Болаттан сұратып беті қайтқан соң атты ұрлатып алады. Бай ауылына барып қарсы шыққан жігіттерін сойылға жығып, атын тартып алған Болатты болыс “ұры” деп жала жауып айдатып жібереді. Түбінде тұтқыннан қашып шыққан Болат жолай Қар болыстың баласы Орақты кездестіріп, оны атып өлтіреді. Көзіне оттай ұшыраған Құласымен қауышып, атына мұңы шағады:

- Жануар! - деді, - менмін сүйген иең,

Сен үшін нәлет қамыт киген иең.

Түрме көріп, қандала, битке жем боп,

Қу тақтайға жамбасы тиген иең, - деп басталатын

алты шумак арнауда ақын зарлай арнауды да, сұрай арнауды да қолдану арқылы Болаттың тартқан азабын айшықтап бейнелеген.

Олай болса,

мен ерттеп мінем сені,

Жүректің тарқап болмай түгел кегі,

Үстіңнен ер алмаймын,

Шабысыңды

Көрсет сен, маған енді бәйгідегі! - деген арнаудың ақырғы шумағы арқылы ақын бас кейіпкерінің алдағы мақсатын айқындап аяқтайды.

Міне, бұл төрт поэмада ақын кеше мен бүгінді, өткен мен болашақты салыстыра суреттеп, ауыр езгі мен бейнетті еңбектен құтылған жалшы-кедейді жаңа өмірдің жаршғысына, белсендісіне айналдырады. Езілген тұрмыс тауқыметін жеңген Қозыбақ (“Батырақ”), байдан ескі кегін алып, өз жеріне ие болған Әбіл (“Қанды көл”), жазықсыз абақтыға жабылып, қорлық көрген, одан құтылып, азаттыққа кенелген Болат (“Құланың құны”), жетімдік пен күндік азабын көп тартып барып азаттыққа жеткен Балбопе (“Балбопе”) образдары арқылы өзінің таптық қалпын орнықты таныта алған эпик ақын өз образдарын әсемдеп, әлеміштемей-ақ, сөл қораш, үскынсыз кейіпте-ақ, оларды, “Қаламым тікен, тілім ара болды” деп көрсеткеніндей, жаңа заман оріне жеткізуге тырысты.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Кітапта: Сәбит Мұқанов тағылымы. А., 1990, 127-б.
2. Т.Нұртазин. Жазушы және өмір. А., Қазмемкөркемәдеббас, 1960, 105-б.
3. Қ.Ергөбек. Жазушы шеберханасы (С.Мұқанов). А., “Қазақпарат”, 2002, 22-б.
4. С.Мақпырұлы. Поэтикалық айшықтаулар // “Ұлт тағылымы”, 2010, №2, 288-б.

МӘШҺҮР ЖҮСІП БАЛЛАДАЛАРЫНДАҒЫ СЮЖЕТТІК ЖЕЛІ

Мәшһүрге дейін баллада жеке жанр ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы өлеңдерінде бой көрсеткенімен, бірақ та ол шындық болмысты таныту сипатындағы нәзирағөйлік шығармалар еді. Мәшһүр өз шығармашылық ғұмырында екі діни баллада жазған ақын дегіміз келеді. Енді осы екі баллада - “Шайқы Ысқақ” пен “Надан би” туралы қысқаша сөз етелік. Екі балладаға да ортақ арна, мотив - өлім. Тарихи шындық пен аңыздық шындықтың өзара өріле астарласуы “Шайқы Ысқаққа” тән болып келсе, неміс романтизмінде үстемдікке ие, біздің діни әдебиетте де өте жиі бой көрсететін стилистикалық амал “фантастикалық емес фантастиканың” шындық өмірде өтіп жатқандай көрініс тауып, сатирамен өрілген көркемдік аңысы “Надан биге” катысты қаламгердің өзіндік көркемдік ізденісінің шыңына жеткен шығармашылық жемісі болып табылады. Баллада баян етілетін өмірлік оқиғаға ерекше рең беретіні оқиғаның бұл дүниеде емес, о дүниеде өтуі: о дүние туралы жазылған Дантенің туындысының әлемдік әдебиеттегі алатын орны қандай болса, Мәшһүрдің осы тақырыпты тұңғыш рет төл өдебиетімізге енгізіп, оны жаңаша сомдауы ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басындағы казак романтизміндегі оның тарапынан жасалған көркемдік-жанрлық ізденістердің қандай дәрежеде бөлғандығынан біршама хабардар етеді.

Ел арасында молдалар аузынан ғана айтылатын о дүниедегі тергеуге алыну оқиғасы автор қаламынан ендігі жерде жанаша өріліп, фантастикалық шындық ретінде реалданып, поэзия тілімен әспеттеліп, былайша өрнектеледі:

*- Періште, түк білмейтін надансың! - деп,
Кітабын қолына ала үмтылды енді.*

*Шайхы Ысқақ молдалығы басым шықты,
Бір салған періштеге қысым шықты.*

Құдайдан пәрмен болып періштелер,

Екеуі екі жаққа қашып шықты [1.94].

О дүниедегі жаннан Әңкүр мен Мүңкірдің жауап алып тергеу үстіндегі отіп жатқан оқиғада оларды адамнан иыққан асқан білімдіге жеңгізіп, Ысқақ бейнесін асқақтатады. Ал келесі шартты кейіпкері қазақтың надан биінің жинақталған типтік бейнесін әуелгі балладағыдай бөлектей дараландырмайды, қайта оның о дүниедегі тергелуін ирониямен, сатиралық сипатта мүлдем күлдырата сипаттауы, *надан* сөзіне стилистикалық реңк беруі арқылы өзінің алдына қойған шығармашылық мақсатына діттеп жете алғандығын көреміз. Адамзат тірлігінде орын алатын шынайы өмірлік жағдаятты о дүниелік ахуалмен шебер ұштастыру Мәшһүрдің өзіне тән қаламгерлік стилінен байқалады. Озі надан би періштелердің арабша сөйлегенін орысша деп ұғынып, оларды өзінен дау-шарларын шешіп беруін сұраушылар деп ойлап қалуы өмірдегі шынайылықпен қабыспайтын автор қиялынан туған әдеби жалған оқиға болса да, осы жолдарды оқып отырған өз оқырманын сендірер сенімділікпен шыққан.

Беруге түк нәрсем жоқ жарайтұғын,

Адамды жерлерің бе тонайтұғын?!

Аңысы елдеріңнің қандай жаман,

Кісіні “шақша” деген сабайтұғын?!

*Енді шақша демейін, жақтырмасаң,
Балалар, маған айтшы, бұл қай ара?* [2.225], - деген
аңқаулығы ақынның сөз ойнату, кейіпкер бейнесін
сомдаудағы қаламгерлік шеберлікпен қалыптасқан
шығармашылық тапқырлығын көрсетіп тұр демекпіз.

Осы өзіміз діни балладаға жатқызған рауаятарда ақын
қаламынан шыққан шығу тегі түркілік жалғыз аңыз бар.
Мәшһүр кейбір кезде туындысына негіз болған оқиғаны
қайдан алғанын не туындысының кіріспе бөлімінде, не соңғы
тармағында өлеңмен кестелеп, мәлімет беріп отырады. Осы
жолы да дәстүрлі стилдік сол әдетінен, яғни, шығармашылық
дағдысынан айнамай, кіріспе бөлімде сөз етеді.

*Бұхарда шәкірт боп жүргенімде,
Құлақты жақсы сөзге түргенімде
Ғалымдар бас қосқанда сөйлеп еді,*

Мен ұғып, жаздым мұны көргенімде [1.94] - деп,
кейін ізденіп, түпкі дерек көзін тапқанын, енді сол мәліметін
шығармашылық үдерісінде басшылыққа алғанын төмендегіше
білдіреді:

*Бұл сөзім шын хақиқат кітапта бар,
Жаз - жаңбыр, қыс болса көп жаумай ма қар?!
Басқаның бір Құдайдан бәрі де жүп,
Келеді тағы әңгіме, құлағың сал* [1.94].

“Шайқы Ысқақ” өзінің рауаят топтамасындағы соңғы
шығарма емес екенін аңғартады. Біз ғылыми негізде ақынның
рауаят деп атаған өздік терминінің төркініне үңілер болсақ,
Ә. Дербісәлі: “... “афсана” парсыша “ертек”, ал “риваят”
арабша “роман” деген сөздер екен” [Араб әдебиеті. 103-б.]
десе, академик С.Қасқабасов осы терминге жан-жақты
тоқталып, өзбектерде “риваят”, ұйғырларда “ривайәт”,
түркімендерде “ревоят” терминдері орныққан, олар прозалық

фольклордың жанры болып табылады деген ой айтады [Қазактың халық прозасы. А., “Ғылым”, 1984, 39-41-б.]. Біз қазіргі таңдағы ақынның туындысының мәні мен мәнісін ашатын термин ретінде “діни баллада” деп алдық. Оның үстіне екінші сүйенгеніміз: рауаяттың бір ғана оқиғаға арқау болғаны және бұл дүниенің емес, о дүниенің оқиғасы арқау болғандығына орай діни романтикалық балладаға жатқызып отырмыз.

Шығармадағы діни терминдердің қолданылысы қазіргі оқырманға түсініксіздеу көрінгенімен, туындының авторы сипаттауындағы әңгімеленуі - діни үгітке қызмет еткендігінен. Хак мұсылман үні, тікелей айтылған автор үні бұл дүниеде емес, о дүниеде орын алған оқиғаны лирикалық негізде бірінші жақтан баяндау арқылы автордың еркі мен діни ағартушылық мақсатына бағындырыла:

*Ғибрат ал, ей, ағалар, мына сөзден,
Жастықта тәуба қылып, иман ізден.
Шайқы Ысқақ кәллә бәди Рахметулла*

Ғалайһи өткен екен бұрын бізден, - деп діни аңыздан ғибрат алуға шақыруы бұл рауаяттың ақынның жас жігіт шағында жазғандығынан хабар береді.

Тарихи қаһарман сөздері Мәшһүр діни балладаларында дидактикалық сипатпен бірге авторлық түсініктеме аясында беріледі:

*Жиылды ауырған соң жаранлары,
Оқыған бір мәжілісте жас пен кәрі.
Бұлбұлдай сайрап жүрген нәуе жуаны,
Қапалы болып жатыр жүзі сары.
Кешегі жүрген Ысқақ судай тасып,
Ажалдан құтылар ма адам қашып?
Өлерін бұл аурудан білгеннен соң,*

*Сөз айтқан жаранларға ғарыздасып,
- Осиет, жаранлар, құлаққа ая! - деп,
- Бұлайша күйге түсті біздің хал! - деп.
Көрсеткен бір кітабын "Ғылым Бахас"
- Көріме өзім өлсем, бірге сал! - деп [1.92].*

Өлімнен кейінгі өмір оқиғасын ақын оқиғаны қоюлата көркемдікпен әңгімелеуге көшіп, періштелердің екі рет сөзден тосылуын былайша суреттейді:

*Айтшы өзің мағынасын Матараккиб! - деп,
Періште "Айт!" дегенде сасып қалды.
Құдайға арыз қыла бұлар барды:
- Иә, Раббы, пендең не дер, біз білмейміз, -
Деп бұлар Хақ әміріне құлақ салды.*

*Пендеме ғылым - хикмет кеткен дарып,
Кетіпті ол "Тараккибін" қолына алып.*

Сендерден қымсынбайды, сескенбейді,

Байқандар, нанбасаңдар, қайта барып[1.93] -

дегізіп, әдебиетімізде бірінші рет Хақ тағаланы дастан кейіпкері етіп, адамның білімін періштеден асырып әспеттейді. Періштелермен қайыра жолығысқан екінші жайтты былайша суреттейді:

*Білмейді бұлар Тараккиб, Ғауамилді,
Ашуы Шайқы Ысқақтың қатты келді.
- Періште, түк білмейтін надансың! - деп,
Кітабын қолына ала ұмтылды енді.*

Шындық өмірде де, о дүниеде де болуы мүлде мүмкін емес, қарапайым пенденің періштеге ақыруын шынайлықпен оқырманын сендіре суреттейді.

*Шайқы Ысқақ молдалығы басым шықты,
Бір салған періштеге қысым шықты.
Құдайдан пәрмен болып, періштелер*

Екеуі екі жаққа қашып шықты.

О дүниедегі періштелерге біліммен қарсы шыққан діндар бунтардың істеген іс-әрекетінің себебі Құдай сөзін елден ерек білуінде деген ой түйеді.

Мәңкір-Нәңкірді қарапайым пенденің жеңу тарихын күнделікті болып жатқан әдеттегі оқиғалардың біреуінде қылып тартымды баяндай білген.

Мәшһүрдің рауаяттарын діни сабақ демеске шарамыз жоқ. Романтикалық дәрістерінде автор алаш мұсылмандығынын өзіндік имандылық кодексіне орай оқырманына риторикалық сауал қойып, оған өзі былайша жауап береді:

Жаратқан Құдай артық сендей құлын,

Көрсеткен зейін менен гақыл молын.

Періште Мәңкір - Нәңкір сасқанынан

Таба алмай адасыпты келген жолын.

Романтикалық ғажайып оқиғаға құрылып, періштелердің білімдінің алдында еш нәрсе істей алмайтындығын айтып, оқырманын адамгершілікке, имандылыққа шақыруы жай сөз емес, ой түбінен шыққан, жүректен тебіренген нәзік адами сезімнің оқырманға қара өлең үлгісінде эстетикалық жол табуы деп білгеніміз жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 1-том. Павлодар, “ЭКО” ҒӨФ, 2003.

2. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 4-том. Павлодар, “ЭКО” ҒӨФ, 2004.

УАҚЫТ ҰҒЫМЫНЫҢ ӨСІМДІК АТАУЛАРЫНДАҒЫ ТІЛДІК КӨРІНІСІ

Жалпы тіл білімінде, соның ішінде қазақ тілінде уақыттық мағыналардың грамматикаланып, етістіктің шақ формалары арқылы берілетіні белгілі. Уақыт ұғымы тілдік материалдарда грамматикалық тұрғыдан көбінесе “шақ” терминімен байланысты болып, осы тұрғыдан қарастырылса, ал лексикада “шақ атаулары” делінеді.

Шақтың қай түрі болмасын (грамматикалық шақтың болсын, лексикалық шақтың болсын) бәрінің басын біріктіріп тұрған ортақ нәрсе - уақыт ұғымы. Осы орайда уақыт ұғымының құрамындағы тілдік мағыналарды тілдің барлық деңгейінен кездестіреміз. Грамматикада - қимылдың оту мерзімін білдіретін тұлғалар, лексикада - уақыт семасы бар түрлі лексика - семантикалық топтар. Уақыт жалпы философиялық тұрғыдан материя өмір сүруінің бір формасы болғандықтан, кез келген қозғалыс уақыт пен кеңістікте өтеді десек, осымен байланысты уақыт ұғымы тілдің барлық деңгейінде әр қырынан көрініс тауып жатады.

Уақыт ұғымын тілдің лексика деңгейінде әр түрлі лексика-семантикалық топтар бойынша бөліп қарастыруға болады. Қазақ тілінде уақыт ұғымы лексикада көбінесе уақытты, шақтық мағынаны білдіретін аспан денелерінің қозғалысымен, кәсіппен (мал шаруашылығымен) байланысты (сүт пісірім уақыт, ет асым уақыт) болып келеді. Сонымен қатар адамның

жас мөлшерінде, малдың жас өлшемін білдіретін атауларда, тағам атауларында, өсімдік атауларында да уақыт семасы бар.

Уақыт белгілі бір есептеу нүктесі бойынша өлшенеді, бірақ бұл есептеу нүкте лексика мен грамматикада, тіпті лексика-семантикалық топтардың өз ішінде де бірдей емес. Мысалы, айтудағы семантикалық шақтың есептеу нүктесі сөйлеу сәті болса, грамматикалық тілдік жүйедегі есептеу нүкте грамматикалық формалардың өз ішінде шақ формаларының білдіретін мағыналары болып табылады. Сол сияқты лексикалық шақтық мағыналар да бір ғана есептеу нүктесі бойынша өлшенбейді. Мысалы, адамның жасы тумен, өмірге келу уақытымен өлшенеді. Өсімдік атауларының есептеу нүктесі де бірнешеі меже бойынша анықталады.

Өсімдіктер үшін биологиялық уақыттың маңызы зор, яғни бір өсімдік территориялық орналасуына қарай әр түрлі уақытта гүл жарады. Мысалы, жазық жерде өсетін “кракус”, “лапыз” (безвременник - әлекшөп), “шоңгебас” (рогоглавник) өсімдігі ақпан айының аяғында гүл жарса, таулы жерлерде әр түрлі биіктігіне қарай наурыз айының басынан кокек айының басына дейін гүл жара береді. “Шөпжияр” (иксиолирион) жазықта кокек айының аяғы мен мамырдың басында гүл жарса, таулы аймақтарда мамыр айының ішінде гүлдейді. Сөйтіп, биологиялық уақыт та орналасқан жеріне қарай әр түрлі (ақпаннан маусым айына дейін) болып келеді [1].

Өсімдіктерді уақытпен байланысты аталымдық сипатын қарастырған орыс зерттеушісі В.А.Фролова орыс тілі говорлары негізінде өсімдік атауларының олардың жас шамасымен байланысты түрліше аталатындығын айтады. Мысалы, көктемде “репейник” (лат. *scritium larra* - шоңайна) деп аталатын өсімдік жаздың бас кезінде “лопух” деп аталса,

жаздың соңында “собачник” деп аталады. Сондай-ақ “полевой хвощ” деп аталатын өсімдікті көктемгі уақытта “пестюшка” деп атаса, жазға қарай бұл өсімдік “полевой хвощ” немесе жай ғана “хвощ” деп аталады [2].

Өсімдік атауларын қазақ тілінде ең көп зерттеген, осы мәселе бойынша көптеген мақала, екі монография, терминологиялық сөздіктер шығарған қазақ ғалымы - Байынқол Қалиев. Ғалымның еңбектерінде өсімдік атауларының морфологиялық құрылымы қарастырылып, оларға жіктеме жасалады, лексика-грамматикалық сипаттама беріледі. Өсімдік атауларының функционалдық ерекшеліктері мен фонетикалық варианттары айқындалады, семантикалық деривацияның жалпы мәселелері, олардың түсіндірме сөздіктегі берілу жайы, түсіндірме, орфографиялық ерекшеліктері, т.б. зерттеледі. Сонымен қатар өсімдік атауларының мына белгілері бойынша ішкі сипаты (пішіні, түсі, биіктігі), дәмі, иісі, белгілі мақсаттарға жарамдылық немесе жарамсыздығы, сонымен қатар автор өсімдік атауларының уақытқа қатысты да уәжделетінін атап көрсетеді. “Өсімдік атауларының бірқатары уақыт белгісі (гүлдеу уақыты, жеміс салу уақыты, т.б.) бойынша уәжделеді. Мұндай атаулар саны - 17. Мысалы, *наурызгүл/наурызшешек/наурызек* көктеу, гүл жару уақытымен байланысты аталған. Бұл гүл ерте көктемде наурыз айының соңына қарай (21 наурыздан 22 көкек аралығында) көктеп шығады. Ал “*намазшамгүл*” (немесе *ымыртгүл*) өсімдігі күн батқаннан кейін, кешкі уақытта ғана гүл ашады. Сол сияқты *түнсүлу* немесе *түнсүлугүл* (*түн гүлі* немесе *түнсәуле*) өсімдігі тек түнгі мезгілде ғана гүл жаратындықтан осылай аталған. *Мамыргүл* мамыр айында, *мизамшөп* қыркүйек (мизам) айында, *көктемшөп* көктем айында, *қысшылшөп* (зимолюбка) қысқы мезгілде

шығып, гүл жаруымен байланысты уәждеделген [3.60-б.].

Ғалым еңбектерінде қазақ тіліндегі өсімдік атауларының синонимдік, омонимдік, варианттылық, дублеттік сипаттары қарастырылып, соның ішінде кейбір өсімдіктердің уақыт кезеңдеріне қарай түрліше аталатындығы айтылады. Айталық, қазақ тілінде “репейник” өсімдігін көктемгі уақытта “түйежапырақ” деп атаса, осы өсімдіктің әбден жетілген кезі - күзгі уақыттағы атауы - *шоңайна*. Осы сияқты енді шығып келе жатқан “шандра” өсімдігін “бұйражапырақ” деп атаса, кейін жапырақ жайғаннан кейін “сөрғыш” деп атайды. Енді бой көтерген жас қамысты “кұрақ” дейді [3.22, 23].

Екі өсімдіктің енді көктеп келе жатқан ерте көктемдегі атаулары “түйежапырақ”, “бұйражапырақ” болып аталуы олардың сол уақыттағы пішінімен байланысты уәждеделген. Түйежапырақ көктеп шығарда алдымен жапырақтары тарбиыш ірі-ірі болып тұрады. Жапырақтарының осы пішініне байланысты “түйе” малының ірілігіне ұқсатылып қойылған. Екінші сөздің “бұйражапырақ” аталуы да жапырақтарының көктеу кезіндегі пішінімен, яғни, бұйраланып шығуымен байланысты уәждеделген. Сол сияқты бұл атаулардың өсіп жетілген шағындағы “сөрғыш”, “шоңайна” атауларының да өзіндік уәждік белгілері бар.

Б.Қалиев өсімдік атауларына зерттеу жүргізу нәтижесінде олардың семантикалық құрылымын анықтаудың теориялық та, практикалық жағынан да маңызды екендігін атап көрсетеді. Сондықтан өсімдік атауларын түсіндіруде олардың мынадай дифференциалды семаларының көрсетілуі қажеттігін айтады:

- 1) өсімдіктің типі (ағаш, шөп, гүл, жеміс, көкөніс, т.б.)
- 2) сыртқы пішіні (биіктігі, көлемі, формасы т.б.) және өсімдіктің түсі;
- 3) басқа өсімдіктерден негізгі айырмашылығы (үй өсімдігі /жабайы, біржылдық/ көпжылдық, улы,

жарықсүйгіш, т.б.); 4) өсетін жері (бақшалық, егістік, т.б.); 5) ауылшаруашылықтық қызметі (тағамдық, жемдік, жемістік, т.б. [3.138, 139].

Ұ.Әділбаева “Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі” атты диссертациясында өсімдік атаулары дыбыстық уәж, морфологиялық уәж, лексика-семантикалық уәж бойынша талданып, сонымен қатар жартылай уәжді, толық уәжді, абсолютті уәжді және уәжсіз (бейуәжді) атауларға болініп қарастырылады. Бұл жұмыста “наурызек” өсімдік атауы мен құс атауының аталымдық уәждемесі, құстың наурыз айында ұшып келуімен, өсімдіктің наурыз айында өсіп шығуымен байланысты екендігі айтылады [4.18].

Уақыт ұғымы адам, мал атауларының барлығының ішкі мағыналық құрылымында дифференциалды сема ретінде жаппай көрініс тапса, өсімдік атауларында бұл сема барлық өсімдік атауының мағыналық құрылымында бола бермейді. Адам және мал атауларында уақыт семасының жаппай көрініс табуы олардың жанды тіршілік иесі ретіндегі жас ерекшеліктерімен байланысты, яғни, адам тұлғалық уақыт арқылы белгілі бір жас кезеңдерінде тұрады, уақыт отуіне қарай өткеннен болашаққа жылжи отырып, сәбилік кезеңнен кәрілік кезең аралығында өмір сүреді. Жас ерекшелігіне қарай малдың төлдері де түрліше аталады. Аталымдық тұрғыдан мал атауларының уәждік белгісінің бірі төлдің жасымен байланысты. Ал өсімдік атауларындағы уақыт ұғымы адам, мал атауларына карағанда әлсіз, өсімдік атауларының барлығының бірдей семантикалық құрылымында кездесе бермейді. Өсімдік атауларындағы уақыт семантикасы адам атаулары мен мал атауларындағы уақыт семантикасындай айқын болмаса да, имплицитті түрде, көбінесе, потенциалды семалар қатарында тұрады.

Уақыт ұғымы көрініс табатын өсімдік атаулары туралы жазған мәліметтерімізді сараптай келе, мынадай қорытынды тұжырым жасаймыз: өсімдік атауларының ішінде уақытқа қатысты уәжделетін атаулар бар. Олар, біріншіден, *өсімдіктің шығу, гүл жару мерзіміне қарай*, яғни, *тәулік кезеңдеріне қарай* (кешкі, түнгі мезгіл, т.б.), сонымен қатар *жыл мезгілдеріне қарай* (көктем, күз, т.б.) аталымдық сипат алса, екіншіден, *өсімдіктің бастапқы көктеу және соңғы пісіп жетілген кезеңдеріне қарай* түрліше аталып отырады. Өсімдік атауларының олардың жас шамасымен, яғни, көктеу (көктемгі мезгілдегі пішіні) және пісіп жетілген (күзгі пішіні) кездегі пішінімен байланысты түрліше аталуы - орыс тіліне де тән құбылыс. Кейбір өсімдіктер *территориялық орналасуына қарай* (*жазық не таулы жерде өсуіне қарай*) әр түрлі уақытта гүл жарады, осымен байланысты олардың аталымында да өзгешеліктер болады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Р.Айдарова, Е.В.Никитин. Ранневесенние растения Киргизии. Фрунзе, “АН КирССР”, 1960, 112-б.
2. В.А.Фроловская. Лексика обозначающая траву. // Ученые записки Калинин. пед. института. Калинин, 1969, 129-139-б.
3. Б.Калиев. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. А., “Мектеп”, 1996.
4. Ұ.Әділбаева. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі. Канд. дисс. автореф. А., 2001.



Гүлнар Жұмасейітова,
Мұхтар Әуезов атындағы
Әдебиет және өнер институтының
жетекші ғылыми қызметкері,
өнертану ғылымының кандидаты, доцент.

ӘПКЕЛІ-СІҢЛІЛІ ФАББАСОВАЛАРДЫҢ БИ ТЕАТРЫ

Осы уақытқа дейін жетпіс жылдан аса тарихы бар балет өнерінің тек классикалық түрін ғана атап жүрдік. Қазіргі таңда балет өнерінің де жан-жақты дами бастағандығын осы өнер қайраткерлерінің еңбектері растап отыр. Қазақстандағы хореография өнерінің дамуында соңғы жылдары заманауи би негізгі орынды ала бастады. Республикада бұл салада мамандар өте аз, олардың өзін де әкімшілік жақтан ешкім дұрыс қолдамайды. Заманауи би саласында қызмет етіп келе жатқан “Самұрық” би театры мен әпкелі-сіңлілі Фаббасовалар театры ұжымдарын ерекше атауға болады.

Әпкелі-сіңлілі Гүлнәр және Гүлмира Фаббасовалардың шығармашылық дуэті республикада кәсіби мамандар мен қазіргі заман биінің табынушылары арасында да жақсы танылған. Бұлар - тек заманауи би бағытында ғана емес, сонымен қатар драмалық театрда да жұмыс істейтін, елімізде өткізілетін барлық фестивальдер мен қазіргі би саласындағы семинарларға қатысып отыратын нағыз кәсіби мамандар. Олардың басқа шығармашылық дуэттерден бірнеше өзгешелігі бар. Біріншіден, олар үнемі жұп болып жұмыс істейді, өз балеттеріне либреттоны да өздері жазады, әуенді де өздері таңдап, хореографиясын да өздері құрастырады. Екіншіден,

ойлап тапқан билерінің орындаушылары да өздері болып табылады. Осы себепті үнемі аяқ астынан импровизациялар жасалып, спектакльдің әрбір жаңа көрсетілімі бұрынғыларынан жаңаша трактовкасымен және орындаушылық нюанстарымен ерекшеленеді.

Ғаббасовалар 1986 жылы Алматы хореографиялық училищесінің халықтық өнер бөлімін бітірген. Оқуды тәмамдағаннан кейін жолдама бойынша Қазақконцерт бірлестігіне жұмысқа барды. Кейін халық би ансамбльдерінде қызмет істеп, 1993 жылы Болат Аюхановтың шақыруы бойынша оның труппасына ауысты. Алғашқы уақытта балетте тек халықтық билерді орындады, кейінірек бірте-бірте пуанттық кішігірім вариациялар енгізеді. Бірақ көп ұзамай өздерінің табиғи табандылығы мен еңбексүйгіштіктерінің арқасында кішігірім жеке партиялар орындай бастады. Олар осымен қатар Темірбек Жүргенов атындағы Өнер академиясының хореографиялық режиссура бөліміндегі Б.Аюхановтың шеберханасына оқуға түседі. Г.Адамова джаз-биден сабақ бере бастаған 4-курста олар қазіргі заман хореографиясымен алғаш рет танысты. Сәл кейінірек белсенді түрде заманауи би бағытындағы белгілі хореографтардың спектакльдерінің видеонұсқаларымен таныса бастады.

Әпкелі-сіңлілі Ғаббасовалардың алғашқы өзіндік шығармашылық ізденістері дипломдық спектакльдерінің қойылымдары болды. Гүлмираның “Сезім геометриясы” атты спектаклі қазіргі заман биінің түрлі пластикалық тілін біріктірудің алғашқы талпынысы болатын. Ал Гүлнәр болса, өзінің “Қараңғыда адасқандар” спектаклінде биді барынша әсерлі етуге тырысты. Көрермен залында отырғандар адам дене графикасы мен әуеннің тұңғиығына шомды. Мұнда мазмұн мен ой екінші орынға шегеріліп, ең басты орында

қарапайым да сезімтал би түрды.

Диплом алғаннан кейін әпкелі-сіңлілі Ғаббасовалар белсенді шығармашылық және педагогикалық қызметтерін бастады. Олар бір уақытта Неміс драма театрының спектакльдеріне катысып, Темірбек Жүргенов атындағы Онер академиясы мен Хореография училищесінде сабақ беріп, әрі кішігірім номерлер қоя жүріп, Б.Аюханов труппасында қызмет атқарды. Олар Дрездендік Палукки мектебінің (Германия) оқытушысы Михаэль Дикамптпен болған мастер-класта алғаш рет неміс би экспрессионизмінің негіздерімен танысты. Ол семинарға қатысушыларға фон Лабана жүйесінің негізін жеңіл тілмен түсіндіріп берді. Ғаббасовалардың жақсы дайындығы мен шынайы қызығушылықтары олардың біреуінің Грета Палуккидің белгілі неміс би мектебінде тәжірибеден отуте мүмкіншілік берді.

Әпкелі-сіңлілі Ғаббасовалардың алғашқы жетілген қойылымы “Бір әйелдің тарихы” спектаклі болды. Бұл - алуан түрлі ракурсте, түрлі жағдайда көрсетілген әйел тарихы. Спектакль кішігірім бөлшектерден құрастырылған. Біз сахнадан біресе іскер жанды, біресе вокзалда біреуді сарыла күткен жолаушыны, енді бірде той көйлегін киген қалыңдықты көреміз. Әпкелі-сіңлілілердің бір-біріне үқсастығы мен үздіксіз жалғасқан іс-әрекеттен көрермендер көңілінде әр түрлі жағдайдағы бір ғана әйел образы деген әсер қалады. Соңында ғана олар сахнаға шығып, екі түрлі костюмде би-диалогын орындаған сәтте әйелдің табиғаты, оның әр түрлілігі мен қайшылығы ашылады.

Осындай тәсілдерді қолдану негізінде қазіргі заманның өзекті мәселелерін көтерген “Көршілер” заманауи балеті сахналанды. Спектакльдің оқиғасы өткен өмірлерінде атақты актриса мен балерина болған, қазір қазынаға қарасты

кішкентай пәтердегі ешкімге қажеті жоқ екі қарт әйел тағдыры. Олар өткен өмірлерінің оқиғаға бай естеліктеріне бой алдырып, қоршаған шынайы болмыстан еш сүйеу таба алмай әлек. Бұл спектакльде кейіпкерлер тек билеп қана қоймайды, сонымен қатар мұнда сөз де, қарапайым тұрмыстық іс-әрекеттер де қолданылады, яғни, бұл - еуропалық би театры жанрындағы заманауи балет. Балеттің хореографиялық лексикасының өзі барынша қарапайым, ең қарапайым тұрмыстық іс-әрекеттер бидің қазіргі күнгі лексикасымен толықтырылған, ал, сөз болса шығарманың хореографиялық астарын ашуға көмегін тигізеді.

Театрдың бойтұмары ретінде қазіргі таңдағы қала адамының ұлттық дәстүрге, яғни, рухани әрі қасиетті мәдениетке деген терең ойлы көзқарасымен таңқалдырған “Тамыр” (2004 ж.) спектаклін атауға болады. Қойылымда спектакльдің арқауымен өрілген әрі спектакльдің негізгі идеясын белгілеп, оны толық ашуға көмектескен Қуат Шілдебаевтың музыкасы үлкен рөл атқарды.

Әпкелі-сіңлілі Ғаббасовалардың Б.Аюханов ансамблінің көмегі арқылы жүзеге асырылған алғашқы шығармашылық кешіндегі қойылымдары қарабайыр емес еді. Бұл - “Уақыт” және “Ұрғашы иттер” (“Собаки женского рода”) балеттері. “Матрица. Перегрузка” фильміне жасалған саундтректің музыкалық композициясының сүйемелдеуіндегі бірінші қойылым саусақтық әдістің көмегімен түрлі техникалық амалдарды молайта түсті. Бишілер пластикасынан шексіз уақыт легі айқын сезіледі. Қоюшылар қарапайым тұрмыстық әрекеттерден, символика мен сөз көмегінен бас тартты. Мұнда алдыңғы қатарға абстракция шығады. Осыған орай хореография да нақты емес, мүлдем екі бөлек, классикалық және заманауи пластиканың синтезі байқалады. Уақыттың

өзі тәрізді би пластикасы мен карқыны да үнемі өзгеріп отырады. Бірде бұл жеңіл әрі көңілді секірулер, жылдам ауысқан ракурстар болса, келесі сәтте, керісінше, қозғалыс шұбалаңқы әрі күрделі күйге енеді. Ансамбль әртістерінің темпераменті мен фактурасы негізінде түрлі вариацияларға сай типаждар таңдап алынған.

“Ұрғашы иттер” спектаклінде сахнадан қаңғыбас иттер үйірін көреміз. Орындаушылар - Фаббасовалардың өздері, Неміс театрының актрисасы Н.Дубс және Б.Аюханов труппасының солистері С.Кокшинова, Г.Гафурова және А.Тұрғанбаева. Классикалық бишілер қорғансыз, қаңғыбас иттердің бейнесін шынайы жеткізе алды. Спектакль өте күлкілі, аздап гротескілі шықты. Би театры рухында бишілердің пластикалық тілі сахна тілімен, дыбыстық әсерлермен көркем бейнені толықтырып отырады. Балетмейстерлердің қоюындағы қимыл-қозғалыстар иттердің төрт аяқты шынайы жүрістерін қайталамайды. Бірақ олардың пластикасында иттердің басқа да көптеген табиғи қылықтары және әйелдің жалғыздығы мен қорғансыздығы, оның махаббат пен түсінісушілікке деген мәңгілік ұмтылысы көркем түрде көрінді. Бұл заманауи спектакльдің тұрмыстық, үйлесімсіз, кейде тіпті ұсқынсыз қимылдарын орындаушылар мағынаға, белгілі бір сезімдерге толтыра алды. Сәтті өткен премьера және көрермендер аудиториясының спектакльге деген ықыласы әпкелі-сіңділерді осы тақырыпты әрі қарай өрбітуге қанаттандырды. Осылайша бір жылдан кейін олар “Еркек иттер” (2005) атты екінші спектаклін қойды. Трилогияның үшінші бөлімі драматургиялық іс-әрекеттер заңдылығынан туындады: бірінші және екінші бөлімнің кейіпкерлері кездесуі қажет. Бұл “Ит өмір” (2006) атты спектаклінде жүзеге асырылды.

“Махаббат елесі немесе ...” спектаклі алғаш рет II Орта Азиялық заманауи би фестивалінде көрсетілді. Хореографиялық училищенің сахнасынан барлық артық бұйымдар алынып тасталып, көрермендер сахна жиегіне қойылған орындықтарға отырды. Бишілердің өздері өз әрекеттерін партнерлердің бірінің махаббат қиялын білдіретіндей, целлофан перденің артында бастайды. Бұл партнерлердің бірінің сезімінің жалған екендігін көрсететіндей. Одан әрі ширма жиналып, әпкелі-сінділілер қазіргі заман пластикасы арқылы шынайы және қиялдағы махаббат қатынастарының түрлі шектерін ашты. Спектакльде олардан өзге өмірдің үш кезеңін білдіретін үш бозбала билейді. Сильдік жағынан әр түрлі билерден басқа ерекше әрі қызықты тапқырлықтар бар. Мысалы: бишілерді түссіз пленкаға орау, сахнада шынайы от жағу және көрермендерді биге шақыру.

Театрдың соңғы қойылымдарының бірі “Тазалаушылар” (2009) спектаклі саяси би театры жанрында қойылған. Бұл спектакль - тазалық анықтамасын түрлі позициялар мен көзқарастар тұрғысынан интерпретациялау мүмкіндігі. Қоюшылар жан тазалығы, денсаулық тазалығы, экология тазалығы, саясат тазалығы, еркек пен әйел арасындағы қарым-қатынас тазалығын бір-бірімен салыстыра береді.

Қазақ өнерін қарыштап дамытуда, ұлттық өнерімізді әлемдік деңгейде танытуда ұлттық және заманауи хореография өнері саласында қызмет атқарып келе жатқан өнер қайраткерлеріне мемлекет тарапынан қолдау көрсету ауадай қажет екендігін уақыттың өзі көрсетіп келеді.

Гүлнара Мурсалимова,
Темірбек Жүргенов атындағы
Қазак ұлттық өнер академиясының
“Өнертану” факультетінің
“Кино тарихы мен теориясы”
кафедрасының аға оқытушысы.

БАЛАЛАР КИНОСЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕЛЕШЕГІ

Кино және балалар...

Бұл екі ұғым туралы толғанғанда балалардың өмірінен сыр шертетін, кейіпкерлері балалар болып келетін балалар киносын еске аласың. Балалар киносының мәселелері алғашқы қалыптасу кезеңінен бастап-ақ бүтіндей бір киноөнерінің дамуында қажетті бола отырып шешімін тапқан.

Әлем және кеңестік киноөнерінің бай тәжірибесіне сүйене отырып, әр түрлі тақырыптар мен жанрда жұмыс атқарған қазақ киносында балалар киносы ерекше орын алды. Еліміздің балалар кинематографистерімен түсірілген үздік фильмдер кеңестік киноөнерінің қорына енді. Бүгінде өте күрделі кинематографияның үдерісінде жоғары деңгейде дамыған киноөнерін балалардың қатысынсыз елестету мүмкін емес. Өздерін сенімді де еркін сезінетін жас өрендердің өмірде өз орны бар. Ересектер барлық игі істерді келешек ұрпақ үшін жасап, болашақтағы жауапкершіліктерін сезінуімен қатар ондағы атқарар ролін түсінуі қажет.

Киноны барлық балалардың ыстық ықыласпен көретіні сөзсіз, өйткені кино - жеткіншектерді идеялық-адамгершілік пен эстетикалық тәрбиеге баулитын мықты құралдардың бірі. Балалар аудиториясында киноөнері шығармаларын қабылдау деңгейі өте жоғары. Әсіресе, кеңестік уақытта тіптен ерекше болды. Қай кезеңде түсірілген балалар киносы

болмасын дамуы мен жас жеткіншекке жету мақсатында телевизиядан арнайы қасымша арна бөлінуі керек.

Киноөнері түрлі жас аралығындағы балалардың қалыптасу кезіндегі дүниетанымдық, адамгершілік және эстетикалық көркемдікке тәрбиелеу үдерісінде үздік пайдаланылып келген құралдарын толықтай жүйеде жүргізді. Өмір сүрген уақыттың сұранысымен әр түрлі тақырыптар мен жанрларда фильмдер көптеп түсірілді. Ол фильмдердің эстетикалық қуатынан бүгінгі күнге дейін нәр алып келеді. Бұл орайда классикалық режиссерлердің өнердегі бүгінді табыстары шексіз.

Ал қазіргі кезде біздің балалар кинематографиясының алға қарай жылжымай, күрделеніп кеткенін немен түсіндіруге болады? Бүгінгі таңда жас адамның кескін-келбетін, жастардың жоғары адамгершілікті түр сипаты мен өсіп келе жатқан жас ұрпақтың оркендеуін, олардың ғылыми-техникалық білімді меңгерудегі жоғары талабының көрсетілмеуін қалай түсіндіруге болады?

Мұндай жағдайды бүгінгі күнгі балалар киносының идеялық-тақырыптық қарым-қатынасы өз деңгейінде еместігімен түсіндіруге болады. Балалар фильмінің тақырып аясы өте тар. Кең ауқымды идеялы-тақырыпқа құрылған балалар фильмдерінің орнына “жаңа толқын” және кейінгі буын жас режиссерлар өздерінің ішкі әлемін, балалық сезімдерін еске алу арқылы балалық шаққа оралу, балалар бейнесі арқылы қоғамдағы келеңсіз жағдайларды бейнелеумен ғана шектеліп қалған. Әр кезеңде қоғамдағы күрделі өзгерістердің жас бала кейіпкерлер жан-дүниесінің қабылдауындағы көзқарастармен берілген шығармалар болып отыр. Әрине, олардың фильмдері авторлық қолтаңбаларымен (проблемалы фильмдер) ерекшеленетінде дау жоқ. Бірақ бұл фильмдер жас көрермен үшін қызықсыз. Дегенмен де, бетімен кеткен балалардың бейнесін көрген бала оған қарап

түзелмейді, керісінше, оның әсерінен біртіндеп келеді. Қазіргі жастар жаңа уақыттың ағымындағы жақсы мен жаманды айырмайды емес, айырады. Бірақ телеарналарды жаулап алған американ фильмдерінен соң өзін сондағы кейіпкердің бірі санап та үлгергендері өз киномыз Серік Апырымовтың “Үш ағайынды”, Әмір Қарақұловтың “Соңғы каникул күндері”, Дәрежан Өмірбаевтың “Кардиограмма” фильміндегі ата-ананың қарауынсыз демалыс күндері білгендерін істеп жүрген жас жеткіншек құрдастарының іс-әрекетін экраннан көріп, өздерін осы фильм кейіпкерлеріндей болу керек деген ойға келулері де ғажап емес. Әрине, фильмнен кейін жас көрермендер қандай тұжырымға келетінін өздері шешеді. Сондықтан да жаңа уақыттың бар құпиясын ашуға талпынған балалардың биік сұранысына жауап беретін, соларға арналған қызықты оқиғалы фильмдер керек-ақ.

Сайып келгенде, бір орында дамымай тұрып қалған кішкентайларға арналған қысқаметражды новелла, комедия, ертегі фильмдеріне қатысты сұрақтарды іспен қолға алатын кез жетті. Сонымен қатар балалардың көңілін селт еткізер маңызды, тәрбиелік мәні зор хикаялы (приключенческий), ғылыми-фантастикалық фильмдер мен көңілді комедиялардың жоқтығына мән берілмей келеді.

Сондай-ақ балалар экранында тәуелсіз еліміздің ұлы тұлғалары мен шығармашылық адамдардың өмірі, әдеби шығармалардан тарихи тақырыптарды экрандауда өзінің ұлттық нақышымен суреттелген фильмдердегі өткен тарихпен жастарды тәрбиелеу кинематографияның да үлесін қажет етеді.

Жалпы, балалар киносы туралы сөз ететін болсақ, жас және ересек көрермендер осы аймақтағы ірі шеберлердің қолынан өткен ХХ ғасырдың 60 жылдарында келген балалар киносы жанрының режиссері Абдолла Қарсақбаевтың “Менің атым - Қожа”, “Алты жасар Алпамыс” фильмдерін ғана атай

алады. Сонымен қатар қазақ киносында балалар тақырыбында түсірілген Шәріп Бейсембаевтың “Арман - атаман” фильмінің өзіндік орны ерекше екенін көпшілік көрермен біле бермейді. Ал 1971 жылы Қанымбек Қасымбековтың “Шоқ пер Шер”, 1980 жылдар басында келген бірнеше жас режиссерлар Талғат Теменовтың “Сен қайдасың, Чапай?”, “Торо” атты қысқаметражды және “Адамдар арасындағы бөлтірік” толықметражды, А.Сүлееваның “Ауылым Көктөбенің бөктерінде”, А.Алпиевтің “Шоп озегіндегі шырын” атты туындылары - біраз көрермендердің жүрегін жаулаған фильмдер. Бірақ бұл режиссерлар да балалар фильмдері аймағында бірыңғай жұмыс атқармағандықтан балалар киносының режиссерлары деп мойындағаннан гөрі, керісінше, ересектерге арналған фильмдерімен танымал шеберлер деп қарайды.

Соңғы уақытта Қазақстан балалар кинематографиясында тұрғылықты бірыңғай режиссерлар жоқ. 1990 жылдар “жаңа толқын” режиссерлары Д.Өмірбаевтың “Кардиограмма”, С.Апырымовтың “Үш ағайынды”, Ә.Қарақұловтың “Соңғы каникул күндері” және Б.Қалымбетовтың “Айналайын”, С.Нарымбетовтың “Көзімнің қарасы” фильмдері түсірілді. Бұл фильмдердің өзі, жоғарыда айтылғандай, балалар тақырыбындағы туындылар емес, балалық шақты еске алумен өткенді суреттеу, қазіргі таңдағы қоғамның болмысын көрсету. Сонымен қатар қазақ киносында басты кейіпкерлер - балалар бейнесі болып келетін ересектер фильмдері Д.Манабайдың “Қазақи оқиға”, Ә.Қарақұловтың “Жылама”, Р.Әбдірашовтың “Қаладан келген қыз”, т.б туындылармен шектеледі.

2009 жылы түсірілген Сәбит Құрманбековтың “Секер”, Данияр Саламаттың “Бәйтерегі” таза балалық психологияға құрылған фильмдердің санын толықтырса, оның негізгі

талабы фильмнің тақырыбының шектелуінде емес (тақырыптық айналымда жылдар өткен сайын кеңейе түсетінін тәжірибе көрсетеді), ол картинаның балалардың қабылдау мүмкіндігіне сай келуінде болып келеді. Шығарманы қабылдау көптеген жайттарға және одан бұрын жас ерекшелігіне байланысты болатынын режиссер ескеруі керек.

Қазіргі қазақ кинематографиясында шығармашылық суреткерлердің ішінде осы уақытқа дейін балалар киносына төкәппарлықпен қарайтындардың бар екені ешқандай күпия емес. Сондықтан да бала көрермендерге назар аудармай, тек ересектер аудиториясына көңіл бөліп кеткендіктен көп ұтылып жатырмыз.

Қазақ киносының режиссерлары балалар картинасының тақырыптық және жанрлық өрісін кеңейтуге, оның көркемдік деңгейінің үздіксіз жоғарылауына батыл атсалысуы қажет. Олар балалар фильмі жанрында жазатын киносценаристермен әр уақытта байланыста болу керек. Бірақ қазір балалар тақырыбында сценарий жазатын сценаристер жоқтың қасы және авторлық фильмдер басым болғандықтан режиссерлар өз сценарийлері бойынша фильм түсіреді. Дегенмен де, толық-қанды жақсы сценарий болмайынша балалар кинематографиясының өрісі кеңеймек емес.

Мұндай келелі мақсатты іске асыруда балалар киносы үшін шығармашылық суреткерлерді тәрбиелеуді неғұрлым күшейтуге көңіл бөлінген жөн. Бүгінгі күнде осыдан екі он жылдық бұрын балалар тақырыбында фильмдер түсірген, ал қазірде ересектер фильміне бет бұрған режиссерлердың қайтадан оралуы - үлкен бір мәселе. Қазіргі уақыттан бастап Қазақ ұлттық өнер академиясының “Кино және телевизия” факультетінде оқитын режиссерлардың таланты мен талабына қарай балалар фильмі жанрына байланысты пәндерден дәріс

беріліп, балалар киносының шеберлерін тәрбиелеу артық болмас еді.

Балаларды көркем тәрбиелеу және бала көрермендердің фильмді қалай қабылдайтыны туралы жүйелі түрде оқу мәселесі сияқты міндетті салаларды қоса отырып, балалар киносы бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының ондірістік талабына қарай ұйымдастырылуы тиіс. Сонымен бірге балалар фильмдері бойынша ғылыми-зерттеу жұмысының бағдарламасына балалар туралы киноөнерінің тарихы, балалар фильмдерінің драматургиясы мен режиссурасы, орындаушы-балалармен (актер-балалар) жұмыстың елеулі мақсаттарын кіргізіп, үлкен зерттеуді қажет ететін қазақ балалар киносын мәресіне жеткізуге көңіл бөлінгенде ғана нәтиже болмақ.

Балалар кинематографиясы - балаларға арналған киноөнері, кеңес уақытында қалыптасқан ерекше сала. Бұған ежелден келе жатқан балалар үшін жоғары мамандандырылған театр мен арнайы балалар кітап баспасы, сондай-ақ балалар киноөнері, жалпы кеңестік тәрбие жүйесінде пайда болып, жоғарғы деңгейге жетті. Аталмыш салада балалар киносын ары қарай дамытуды мамандардың жалғастыруымен талап ету керек.

Қазақ киноөнері балалар тақырыбындағы (бастапқы кезеңдерде) жекеленген шығармашылық жеңісін мақтан тұта алады. Біздің кинорежиссерлар балалар киносы мәселесін бүгінгі күнге дейін тұрғылықты дамытып келген болса, егер шығармашылықтарында өздерінің өнер тарихының дамуын есепке алса, онда үлкен сүйіспеншілікпен ересектерге арналған ең жақсы фильмдерін жасағандай балалар фильмдерін де жасаса, мұның бала көрермендерге тигізер әсері де зор болар еді.



ҒАФУДЫҢ АҚЫНДЫҚ ОРТАСЫ

Бала күнінен ел аузында айтылып келген қисса-дастандарды оқып бойына сіңіруі, білуі Ғафу Қайырбековтің шығармашылық ғұмырына айтарлықтай ықпалын тигізді.

Ғафу жырларында түрлі фольклорлық нақыштағы айшықты сөз маржандары кездеседі. Бұл Ғафудың бай ауыз әдебиетін оқып қана қоймай, оз шығармашылығымен ұштастыра білгенін аңғартады.

Ғафу ақындығының келесі бастау арналарының бірі - Ыбырай Алтынсариннің шығармалары. Ғафудың Ы.Алтынсарин ашқан мектепте оқып, білім алуы, шығармаларын оқуы, үлкендердің Ыбырай жайында айтқан естеліктері ақын жүрегінде мәңгі ұялап қана қоймай, ақын ретінде қалыптасуына септігін тигізді.

Ғафу ақындығына рухани ықпал етіп, оның ақындық осу жолына әсерін тигізген, ақындар, жыраулар қалдырған дәстүрлі мұраны “жалғастырып тұрған алтын көпір - жыр дүлдүлі” Нұрхан Ахметбеков еді. Ғафу кезінде сөз зергері Ғабит Мүсірепов “Торғайдың Топжарғаны” атаған, “суырып салма ақындықтың дүлдүлі” (Ж.Ысмағұлов) Нұрханның тікелей шәкірті болған. Бала күнінен Нұрхан Ахметбековтің “Ұры қарға”, “Есімсері”, “Жасауыл қырғын” дастандарын жаттап өскен әрі көпшілікке жеткізген. Оның суырыпсалмалық ақындығы әсер еткен Ғафу “Әлтайдың әңгімесі”, “Патша тауық”, “Қанды дәптер” атты шағын

дастандарды дүниеге әкеледі. Кейіннен жоғалтып алған бұл дастандар Ғафу ақындығының, эпиктігінің бастауы болғаны анық. Мәселен, “Қанды дәптер” дастанын Мәлікзада (Нұрханның ұлы, Ғафудың күрдасы) арқылы Нұрхан ақынға оқытқаны жөнінде “Желқайық” повесінің “Жастықтың тұңғыш дәптері” тарауында айтып өтеді.

Ғафу “бала дастандардың” қатарына жатқызған “Қызбел суреттері” өзінің айтуынша “Нұрхан үлгісінің тікелей әсерімен жазылған болатын” (1.190).

Ғафудың ақындық ортасын сөз еткенде Торғай ақындық мектебінің негізін қалаушылардың бірі Әбіқай Нұртазаұлының баласы Ахметқан Әбіқаевты айтпай кетуге болмас. Ғафу Ахметқанмен жақын араласып, сыйласып өткен. 1940 жылы Ахметқанды алғаш көрген Ғафу небары 12 жаста екен. Торғай қаласындағы 1-2 болмелі үйде 7-8 жан бірге тұрғаны жөнінде естелік әңгімелерінде айтып өтеді. “Асқан айтқыш, шешен әңгімеші, тамаша артист, күйші, әнші, ақын, сері, жомарт” (1.290) Ахметқан Әбіқаев түннен таң асырып, таңнан кеш батқанға дейін әңгіме айтудан жалықпаған. Сегіз қырлы, бір сырлы Ахметқанның әңгіме айтудағы шеберлігі Ғафуға ықпал етпей қоймады. Шебер әңгімеші әрі шежіреші Ахметқан “...ерекше талант тұлғасымен” бала Ғафуға өз әсерін тигізді.

“Желқайық” повесінде аталатын Тілеудің Шайханы жөнінде Ғафу “Күнде бізге ертемен көрісе салып, хикаяны бастап кететін. Ылғи ертемен, түстен кейін әңгіме айтпайды. Біз жем күткен балапандарша аузымызды ашып тындаймыз. Күнде жаңа әңгіме, бас кейіпкері өзі болып келеді” (1.285) деп еске алады. Алғашқы өлеңдерінің бірі “Ана қуаты” 1941 жылы “Социалистік ауыл” газетінде жарық көріп, Торғай өлкесіне біршама танымал болып қалған Ғафу Шайханмен 1943 жылы “райсоюзда” бірге жұмыс істеген. Тілеудің

Шайханының әңгімесін тек тыңдап қана қоймай, “оқиға, сюжетіне мән беріп”, ақындық өнеріне азық еткен. “Сол әңгімелерден “Түн асқан оқиғалары” деген цикл топтама хикаялар жазғанмын да, оны ойын-тойда айтып тарататынымын. Осы кезде көзі тірі адамдар жақсы біледі” (1.285) деген сөздерден аңғарылатыны - Ғафудың балалық шағында туған топырағының ақын, жыршы, әңгімеші, шежіреші шеберлерінің сөз маржандарына қанып өскендігі. Осылай ақын Ғафу тарихы тереңде жатқан Торғай ақындық мектебінің өнерімен сусындап шындалды, онымен біте қайнасып, сол қауымның өкіліне айналды. Оның ақындық өсу жолын жоғарыдағы әдебиет өкілдерінен бөліп қарауға болмайды. Ақынның суырыпсалмалық қасиеті, көзді ашып-жұмғанша жыр шумақтарын шығаруы, ұйқасы, сырт тұлғасы келіскен өлеңдерді түйдек-түйдек орамдарымен төгуі аталған ақындық дәстүрдің үлгісінен деп айтуға болады. “Ғафудың айтқандары”, “Ғафаң айтыпты...” деген сөздер замандастарының, әдебиеттегі аға-інілерінің арасында әлі күнге дейін айтылады.

Ғафудың ақындық жолына ықпалын тигізген, рухани жетілуіне бағдар бола білген сөз иелерінің орны айрықша. Қазақ халқының ұлы ақыны Абай жырларымен сусындап өскен Ғафудың өз шығармашылығына Абай өнерінің қаншалықты жақындығын, Абай қалдырған рухани мұраның қаншалықты игеріліп, жетілдірілгені жөнінде жазылған бірнеше өлең, мақалалары бар. Абай өлеңдерінен тәлім алып, Абай жырларының мәнін, мазмұнын жете түсініп өскен ақынның:

*Жыр жазамын дегенде
Сөзден тыяр лас, бөтен.
Жетімдік көрмей өлеңде*

Әкесі болған жақсы екен (2.23), - деуінде үлкен мән жатыр. Қазақ жазба әдебиеті өкілдерінің темірқазығы, бағыт-бағдар беруші ұлы ақынның “Ботен сөзбен былғанса сөз арасы, ол - ақынның білімсіз бейшарасы” деген сөзін Ғафудың өзіне бағдарлам еткені анық. Бұл үндестік “Сөзден тыяр лас, ботен” деген жолдардан байқалады. Жалпы Ғафу ақын Абай дәстүрінен, Абайдың жаңашылдығынан тәлім алды. Абайдың 150 жылдығына арнап Ғафу ақынның құрастыруымен “Жыр тәңірі” деген атпен кітап жарық көрді. Жыр дүлдүлдері Жамбыл, Шәкәрім, Мағжан, Қасымнан бастап, кейінгі ақындардың Абайға арнап жазған өлең-жырларын жинастырып шығарған бұл еңбек рухани ұстазының алдындағы борышының өтеуіндей еді.

Қазақ сөз өнерінің тарихында “Құлагер”, “Күй”, “Күйші” секілді көркем поэмаларды дүниеге әкелген Ілияс Жансүгіровтің де ақындық өнері, оның поэма жазудағы шеберлігі Ғафу ақынды тәнті етті. Алғаш елуінші жылдардың екінші жартысында танысқан Ілияс шығармаларының “қазақ өлеңінің тіл кестесін, сөз тіркесін, қолдану тәсілін, ой-жүйесін тануда, оны меңгеруде” көп көмегі болды. “Өзгені қойғанда мен өз творчествомда ылғи да Ілияс ықпалын сеземін, ол маған үнсімі бір қарауыл төбе секілді, соның биігінен алысқа, өлең жазығына көз тігемін” (3.55) деуінен Ілиястың да ақынның рухани өсуіне, жетілуіне септігі болды деп пайымдауға болады.

Ақынға тікелей ықпал еткен, үлгі көрсеткен замандас аға буын өкілдерінен Қасым Аманжоловты ерекше атап өтуге болады. Алғаш “тым балаң кезінде” Қасымның “Құпия қыз”, “Абдолла” поэмалары, Низамиден аударған “Ләйлі-Мәжнүн” дастанын оқып біршама таныс болған ақын “Өзім кезінде шаттық жасы аралас ессіз елтіп оқушы едім. Солардың бәрін

қазірге дейін жатқа білем. Газеттің қай бұрышында қандай әріппен басылғаны да есімде. Менің Қасымға деген ризалық, сүйіспеншілігім сол алыс жылдардан, шала бала, шала ересек кездерден басталып еді. Апыл-тапыл басқан нәресте жырларым бар, оларға Қасым жырларын қосып, “Осындай болындар сендер де!” деп көкірегімнің ыстығына басып әлдилеуші едім оларды. Домбыраға ілестіріп, әуенге салып айтар ем соларды” (4.3,4) деп тебірене еске алған екен. Бала күнінен Қасым жырларына қанық болған Ғафу 1948 жылдың жазында жерлес ағасы Сырбай Мәуленовпен бірге барып қазақтың ақиық ақынымен танысады. Қасыммен кездесу Ғафудың өміріндегі айрықша оқиғалардың бірі болды. Алғаш көрген сәтте-ақ “Қызбел суреттері” дастанын айтып, Қасым ақынның ризашылығын алған. Қасымның сынынан өту Ғафудың ақындық өнеріне айтарлықтай әсерін тигізді. Қасымның үйінде жарты жыл бірге тұрды. Ақындарды ақындық дарын мен сөз күдіреті бір-біріне жақын етті. Бұл сәт жайлы ақын естелігінен дәлел іздеп көрелік: “Екеуміз үйді ән, олеңмен толтырушы едік. Ол шығарған әндерін маған ептеп үйрететін. “Дариға”, “Туған жер”, т.б.” (4.7). Осылай Ғафу ақын ұстазынан алған үлгісін өмір бойы жанына серік етті. Бұл ойымызды жазушы Шерхан Мұртаза “Ғафу ғаламат әнші еді. Радиодан күнде естіп, мезі қылған әндер емес айтатыны. Торғайлық Нұрханның, Нұржанның әндері, қиссалары... Содан-содан... Қасым Аманжоловтың “Дариға қызы”. “Дариғаны” айтқанда Ғафу аруақтанып кетеді. Көздері жасаурайды. Дариға есімді қызды көріп отырғандай, “қып-қызыл оттың ішінде” өзі келе жатқандай аңырайды. Соғыстың сұрапыл суреті, оқ тиген солдаттың оліп бара жатқаны, бірақ Дариғаны бір көрмек арманы арқылы қайта түлегені - бәрі-бәрі көз алдына келеді, жүрегіңе жетеді, жан-дүниен

күнделікті күйбең тіршіліктің шаң-тозаңынан тазарып, анадан жаңа туғандай ғажайып хәл кешесің...” (5.109) деп сипаттайды. Қасым мен Ғафудың арасындағы рухани жақындық, сабақтастық, сыйластық туралы айтқанда бұл жайды айтпай кетуге болмас. Өйткені Ғафу бұл өнді естіп қана қоймай, “әрбір ырғағын, иірімін, дірілін, шырынын, шырылын” Қасымның өзінен үйренген.

Қазақ олеңіне ерекше түр, көркемдік дарытқан Қасым ақын Ғафудың ақындық өмірінде ерекше орын алды. “Азаматтық тақырыптағы жырлардың өзін барынша шынайы ақындықпен жазу - Қасым творчествосының бізге қалдырған аяулы үлгісі болып табылады” (4.13) деген Ғафудың шығармашылығынан да туған ел, туған жер, Отанға байланысты жырлар кең орын алды. “Қасым бүкіл Қазақстан өзімдікі деп ойлайтын”, Ғафу да ұстазының осы ұстанымын берік ұстанды. Ол ақынның Қазақстанның кең байтақ өлкесін аралаған сәттерде дүниеге келген өлеңдерінен байқалады. Мәселен, “Әулиеата әуендері”, “Нарынқол-Байынқол”, “Баянтау базарлықтары”, “Тобыл толқындарынан”, “Маңғыстау маңғаздары”, т.б.

Қазақта қара өлеңге дес бермеген Қасым ақын жырларымен де, азаматтық, адамдық іс-әрекетімен де үлгі бола білді. Ғафу ақынның кейінгі толқын інілеріне көрсеткен үлгісі, алғаш жыр өлкесіне келгендегі қадамына үн қосып, дем беруі, қамқорлық көрсетуі (Е.Раушанов, Т.Молдағалиев, Ш.Сариев, К.Әмірбеков, т.б.) сүтпен сіңген мінез әрі Қасым ақыннан алған үлгісі екені анық. Мұны Сырбай Мәуленов, Тахауи Ахтанов, Қуандық Шаңғытбаев, Тәкен Әлімқұлов сынды қазақтың біртуар азаматтарына ұстаз болған Қасымның туған әдебиетіне деген ерекше адалдығы, биік адамдығы деп қабылдаған жөн. Ендеше Ғафудың “Кейін ұзақ жылдар бойы

өзіміз талай жас ақынға оймен де, қолмен де жәрдем ұсынып ағалық етсек, алаңсыз қызмет жасасақ, ол біздің Қасымнан алған үлгіміз еді”(4.19) деген сөзі жоғарыдағы ойымызға тұздық болары сөзсіз. Қасымның ұстаздық қырын сөз еткен “Жыр бұлағы” (1961), “Қасымды еске алу” (1971), “Ағаның асыл бейнесі” (1981), “Өлмес өмір жыршысы” (1981), “Ақын туралы аңыз” (1991), “Дауыл мен оттан жаралған” (1991), “Қасымға қайта оралу” (1991), т.б. түрлі баспасөз беттерінде жарық көрген мақалаларынан Фафудың ұстазына деген алғысы, шексіз ризашылығы, сүйіспеншілігі, адалдығы көрінеді.

Фафуға әсер еткен ақын-жазушылардың ішінде сөз зергері - Фабит Мүсіреповтің орны айрықша. Үнемі жақсылардың жанында жүріп, ағалық, ақындық лебіздерін тыңдап, оны өз шығармашылығымен қабыстыра білген Фафу Фабит Мүсірепов жөнінде “Елтіңжал” атты повесть жазған. Алғаш “Жұлдыз” журналының 1975 жылғы 3-санында “Торт толғау” және “Үш қайтарма” деген атпен жарық көрген бұл повесте Фабеңдей сөз зергерімен әрдайым жолсапарларда бірге жүріп, тәлім алғаны айтылады. Тіпті Фабеңнің “Ұлпан” повесін жазу сәтінде бірге болуы, оны алғашқылардың бірі болып оқуы Фафудың шығармашылық онеріне айтарлықтай әсері болғаны сөзсіз. Фабеңдей сөз шеберінің жанында бірге жүрген сәттерін “Осылардан алған әсер, бақытты сезіммен мен ол кісінің көзінің тірісінде-ақ өзімше ақындықпен бедерлеп сапар эссе-әңгімелерін жаза бастадым. Менің көркем прозаға келуім осыдан басталды. Оның алдында мен орыстың классикалық әдебиетінен Пушкин прозасын, Лев Толстой, Иван Бунин, Владимир Короленко, Александр Куприн шығармаларын аударғанмын” (3.101) деп еске алады. Қазак әдебиетінің алыбы F.Мүсіреповтің рухани шығармашылық

өміріне жасаған ықпалын көркем сөзбен кестелеген ақын проза жанрына ден қойды. Сөйтіп, “Ақ желкен”, “Жел қайық”, “Өмір оттары” повестерін жарыққа шығарды. Ғабеннің Ғафу ақынның өмірінен алатын орны қаншалықты екені мына сөздерден анық аңғарылады: “Мен туған әкемді шала білген, туған ағаларды шала танып қалған кісі едім. Әке өз ажалымен, аға соғыс әкелген ажалмен кеткен. Менің өмірімде қазір алпыстан асқан жасымда осы екеуін де айырбастаған адам - Ғабит Мүсірепов. Оның үстіне әдебиеттегі әкелігі, аға ұстаздығы тағы бар” (3.96).

Ғафудың өлең күдіретін, ақындық қуатын сөз еткенде ақынмен қатар жүрген, қасында болып ерекше сыйласқан адамы Сырбай Мәуленовті айтпауға болмас. Бір Торғай топырағынан өніп өскен қос ақынның әдебиет әлемінде есімдерінің қатар аталуы да тегін емес. Сырбай ақындығымен аудандық “Большевиктік жол” газетінде шыққан өлеңдерінен біршама таныс Ғафу Сырбаймен 1945 жылдың жазында кездеседі. Ғафу “Алғашқы асу” жинағындағы Сырбайға арналған “Үйренсең де ұқсама” өлеңінде:

*Киімді кидім сол құсап,
Сондай гып қойдым шашымды.*

Қызық-ау сол бір сәби шақ,

Айнытпаушы ем даусымды, - деп ағынан

жарылады. Ағасына тек өлең жазуда ғана емес, киім киісінде де, шаш қоюында да ұқсағысы келген. Өмірлік жолында Сырбайды үлгі тұтып, барынша қадірлеп өткен Ғафуға ағасының:

Бір күні басын шайқады ол:

-Өз қалпыңа түс, бала!

Өзіңше үнмен айтар бол,

Үйренсең де ұқсама! - деуі де Ғафудың

шығармашылық өмірде өз жолын, өз өрнегін табуға көп септігі болды.

Ғафу тумысынан көп ізденіп, әдеби кітаптарды сүйіп оқыды. Туған халқының өнерімен сусындап өскен ол дүниежүзілік шығармаларды оқып қана қойған жоқ, аудармашы да болды.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ғ.Қайырбеков. Атамекен: Очерктер / Құрастырғандар: Бәдеш Хамзина, Әлима Ғафуқызы Қайырбекова. А., “Қайнар”, 2005.
2. Ғ.Қайырбеков. Шығармалары, I том. А., “Білім”, 1998.
3. Ғ.Қайырбеков. Алыс та жақын жағалаулар: Әдеби портреттер. А., “Білім”, 2001.
4. Ғ.Қайырбеков. Алыс та жақын жағалау: Әдеби портреттер. А., “Білім”, 2006.
5. Тұлпар жырдың дүбірі (Ғ.Қайырбеков туралы естеліктер). А., “Білім”, 2007.

Абзал Амиров,
Абылай хап атындағы
ҚазХҚ және ӘТУ-дің
ізденушісі.

АРАБ ТІЛІНДЕГІ ОМОНИМДЕР БҰРЫНҒЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕ

Араб лингвистері ертеден-ақ араб тілінде сөздер мен мағынаның арасында байланыстың бар екенін аңғарған. Сондай ғалымдардың ішінде ең алғаш омонимияны тілге тиек еткен Сибауейһи еді. Оны “араб грамматикасының атасы”

деп атайды. Бір қызығы ол араб емес, парсылық, қайтқан жылы һижра жыл санауы бойынша 180 (796). Ол “Біліп қой, олардың тілдерінде сөздері әркелкі болуына байланысты әр түрлі мағынада, екі сөздің бір-біріне қарсы мағынада, мағынасы бір, айтылуы әр түрлі және айтылуы бір, бірақ мағыналары әр түрлі сөздер бар” деген [1.29]. Байқайтынымыз, оның бұл тұжырымдамасы сол кезден-ақ антоним, омоним және синонимнің тілдегі анықтамасын берген. Алайда бұларға нақты терминдік атау бермеген. Сibaуейһиден кейін келген ғалымдар тілдің бұл құбылысына қатты көңіл бөліп, талай құнды еңбектер жазған. Ғалымдарды тілдің мұндай құбылыстарын зерттеуге итермелеген негізгі себеп - Құранды дұрыс оқын, ондағы сөздердің мағыналарын жете түсіну еді. Ал Құран араб тілінің классикалық әдеби тілі болып есептеледі.

Араб тіл білімінде омонимияға арналған еңбектер VIII-IX ғасырдан (I-II һижра) бастау алады.

Араб тіліндегі омонимдер бұрынғы зерттеулерде “Ужуһ уа Назайр” ғылымымен танылған. Құран ғылымын зерттеуші ғалымдар омонимия мәселесін екіге бөліп қарастырған. 1. Бұл еңбектердің барлығын “Ужуһ уа Назайр” деп аталатын арнайы әдебиеттерге жазған. Бұл жерде Ужуһ уа Назайрдың мағынасы: бір сөздің басқа жерде дәл өзі, басқа мағынамен келуі. 2. Құрандағы омонимге қатысты кейбір мәселелерді қарастырады. Құран кәрімдегі омоним сөздердің классификациясын жасауға байланысты Әбу Абдулла Икриманың (ибн Аббастың қызметшісі, қайтқан жылы 105 һижра (723), Ужуһ уа Назайрге жазған кітабы бар. Одан кейін осы тақырыптарға отыз бес адам құнды еңбектер жазған (Толығырақ: “Құран кәрімдегі омонимдер” атты Мұхаммад Нурид-дин әл-Мунажжид). Сондай-ақ осы тақырыпқа

байланысты алғашқылардың бірі болып Муқатил ибн Сүлейменнің (қайтқан жылы 150 (767) еңбегін ерекше атауға болады. Ол өз еңбегінде омонимдердің қолданылу аясын біршама ашып кеткен. Сондықтан да Құрандағы бұл тілдік кұбылыс ең көне лингвистикалық зерттеулерге жатады. Ал тіл ғалымдарына қарағанда усул ғалымдары сөздің мағынамен тығыз байланыста екенін байыппен байқағандықтан шарифат үкімдерін шығару үшін омоним сөздерге аса мән берген.

Араб тіл ғалымдары омонимия кұбылысын зерттеуде екіге бөлінген. Бірінші топ араб тіліндегі жалпы омоним сөздерді жинақтаған. Мысалы, “Ма иттфақа лафзуһу уа ихтәләфә мағнаһу (сөзі бір, мағыналары әр түрлі)” деген әл-Язидидің кітабын, еңбегі осы атпен танылған Абу Умайсил әл-Ағрабидің кітабын, Сулайман ад-Дақиқи ан-Нахуи “Иттифақул мабани, уа ихтилафул мағани (құрылымы бір, мағыналары басқа)” деген кітабы және Курағ ән-Нәмілдің “Әл-Мунажжад фил луғати” (қайтқан жылы 310 (922) деген сөздігі. Міне, осы аталған сөздіктер араб тіліндегі омонимге байланысты жазылған ең көне сөздіктер болып танылады [1.75].

Бұл сөздіктердің кейбіреуі әліпби немесе белгілі бір тәртіп бойынша реттелмеген. Тек ішінде Курағ ән-Нәміл “Әл-Мунажжад фил луғати” деген сөздігін негізгі алты тарауға бөліп құрастырған. Ол тараудың тақырыптары: адамның басынан аяғына дейінгі мүшелері, хайуанаттар, құстар, қару-жарақтар, аспан және жер. Сөздердің соңғы әрпі әліпбилік жүйемен реттелгендіктен омонимге байланысты ең көне әрі реттелген, жүйеленген сөздік болып есептеледі.

Екінші топ тек Құран кәрімдегі омонимдерді жинақтан. Олардың ішінде Әбу Омар әд-Дәури “Ма иттафақат алфазуһу уа ихталафат мағаниһи фи Қуран (Құрандағы сөздері бір, мағыналары әр түрлі сөздер)” еңбегі, Әбу Аббас әл-Мубаррад

“Ма иттфақа лафзуһу уа ихтәләфә мағнаһу (Құрандағы сөзі бір, мағыналары әр түрлі сөздер)” сөздігі және ибн Жаузидің “Ужуһ уа Назайрдегі ұқсас сөздер” деген еңбектерін атауға болады. Бұл кітаптар әліпби бойынша реттелген.

Ал қазіргі араб лингвистерінің зерттеулеріндегі көпшілік еңбектер омонимия мәселесін басқа да тілдік құбылыстармен қатар қарастырады. Әдетте, бұл еңбектерде омонимге анықтама беріліп, тіл ғалымдарының көзқарастары беріледі.

Абул Карим Шадид “әл-Муштарак ал-Лафзи фил-луғатил арабиати” атты магистрлік диссертациясында (1973ж. Бағдад қаласында қорғаған) омонимияны тілдік құбылыс сипатында синтаксистік, морфологиялық және семантикалық жағынан қарастырған. Еңбегінде бұрынғы және қазіргі лингвистердің ойларына сүйене отырып, Құран кәрімнен мысалдар келтірген.

Мұхаммад Нурид-дин әл-Мунажжид: “Әл-Иштирак “Әл-Лафзи фил Қуранил-Карим байнә ән-Назарияти уа әт-Татбики” (1999ж. Дамаск университетінде қорғаған). Диссертант бірінші бөлімінде араб тіліндегі омонимия мәселесінде лингвистер мен усул ғалымдарының көзқарастарын айта келіп, мойындайтындар мен бұл құбылыстың тілде еш негізі жоқ деп айтатындардың дәлелдерін келтіреді. Еңбегінің екінші бөлімінде “Ужуһ уа Назайр” кітаптарында келген омоним сөздерді қарастырып, кейбір сөздер омонимға жатпайтынын дәлелдемекші болған. Соңында ол омоним сөзінің көптеп келу себептерін айта келіп: “Ужуһ уа Назайр иелерінің негізгі сүйенген факторлары омоним сөзін табуда сыңға алынбайтын Құран сөзінен жинақтамаған. Сол үшін Құран кәрімде омоним бар деп айтпаймыз” деп тұжырымдайды [1.273]. Бұл жерде ол арабтың тілінде омонимия құбылыс болса да, Құран кәрімде омоним жоқ

екенін айтады. Ол Құранда омоним сөздерінің болмауымен Құранның керемет мұғжиза екенін айғақтағысы келеді. Керісінше, Заркаши “Әл-Бурһан” және Ас-Суюти “Әл-Итқан” деген кітабында Құран кәрімде омонимдердің болуы Құранның керемет мұғжиза екенін айтады [2.102].

Мұхаммад Нурид-дин әл-Мунажжид Құрандағы омонимдерді жоққа шығарып қана қоймай, ол жалпы омонимияны шешен сөздің деңгейін төмендетеді деп ұғады. Ол “Омонимия шешен сойлеуте кедергі келтіреді, өйткені создер нақты мағынасын жоғалтып, түсініспеушілік туғызады” дейді [1.273].

Расында, омонимге мұндай баға беру еріксіз сұрақтар туғызады. Егер бір сөз екі түрлі мәнмәтінде басқа мағына беріп жатса, оның басқа мағына беріп тұрған көрсеткіштері бар ғой, ендеше ол қалай түсініксіз болады? Мысалы, араб тілінде “Илмул Бөлаға (риторика, коркем сөз өнері)) деген пән бар. Ол жерде бір сөздің екі мағына беріп тұрған көрсеткіштері үнемі бола бермейді. Кейде түсіп қалады. Ендеше шешен сөзде түсініксіз жайттар бола ма екен? Ал *түсініксіз* жайттар шешендіктің қадірін азайтатын белгі ме?

Шешендіктің белгілеріне адамның зейіні бір мағынадан екінші бір мағынаға ауыспауын айтады. Ал “Бөлағаға” карағанда тілде көрсеткіштер әрқашан сөйлемде көрсетілгендіктен түсінбейтін келеңсіз жағдайлар қайдан болсын? Араб тілінде түсінбейтін сәттер грамматикада көптеп кездеседі. Араб тілінің грамматикасын білмейтін бір адам харакаты көрсетілмеген сөзді оқыса, түсінбей қате оқуы әбден мүмкін. Өйткені соз атау септігінде дамма, яғни, “у” болса, табыс септігінде харакаты фатха, яғни, “ә” болады, қалған септіктердің көбінде кәсра, яғни, “и” болады. Ал кейбір әріптің харакатын дұрыс қоймау мағынаны өзгертеді. Тіпті

доктор Абдуль Фаттах әл-Баркауи “Түсініксіздік кей жағдаяттарда талап етіледі, әдебиет жанрларында оқушы мен естушінің назарын аулау мақсатында” дейді [3.123].

Жалпы, өмонимия - тіл біліміндегі лексикологияның өзекті мәселелерінің бірі. Оны зерттеген және зерттеп жүрген ғалымдар баршылық, әлі де талай қыры ашылар зерттеулер болары сөзсіз.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Мухаммад Нуруд-дин Әл-Мунажжид Әл-Муштарак Әл-Лафзи фил Құрани әл-Карим. 1999.
2. Әз-Заркаши. Әл-Бурһан фи ғулумул Құран. Мысыр, 1957.
3. Абдуль Фаттах әл-Баркауи. Әл-Ғараба фил хадисин набауи. Каир, 1987.

Айсұлу Тойшыбекова,
Жамбыл гуманитарлық-техникалық
университетінің аспиранты.
Тараз қаласы.

ШЕРХАН МҰРТАЗАНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ТҰЛҒАСЫ

“Естелік - әдебиет жанры. Онда да мемуарлық әдебиеттің бір үлгісі. Естелік көзбен көрген шынайы шындыққа құрылса игі. Ол - бұл ретте “бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ” дерлік шыншыл жанр. Жанрдың калыпты формасы жоқ. Ықтимал формаларды қайталаудың өзі қателікке ұрындыруы мүмкін. Естелік - еске алып отырған адамның шын болмысына ғана ұқсауға керек”, - деп естелік жайлы өз ойын түйіндейді ғалым Құлбек Ергөбек өзінің “Баянғұмыр” атты еңбегінде.

Естелік кез келген адамға жазыла бермейді. Естелікті елі мақтаған, халқы жақтаған, бар ғұмырын елі үшін сарп еткен, өнерде, әдсбиетте, мәдениетте, қоғамда өзіндік алатын орны бар қайталанбас тұлғаларға, қоғам қайраткерлеріне жазады. Естелікте бет алды көлгірсіген көп сөзбен мақтауын жеткізіп айту міндетті емес. Онда адамның өзіне тән ерекшелігін, өнегелі із қалдырған өсиетін, халықтың жүрегiнiң түбiнен орын алған туындыларын, т.с.с. осындай бiр адамның бойындағы жақсы қасиеттердi кестесi келiскен көркем сөзбен жеткізеді.

Шерхан Мұртазаның көркем туындылары, жазушының азаматтық тұлғасы мен әдеби мол мұрасы туралы жазушылар, сыншылар өте құнды пікірлер мен естеліктер айтқан (2).

Тоталитарлық жүйенің 20-жылдардың соңына қарай ұйымдастырылған шаруаларды күштеп ұжымдастыруы халықтың жартысын жалмап кетті. Билік басына кедей табынан тағайындалған шолақ белсенділер мемлекеттің жана саясатын дөрекілікпен жүргізді. Жалдамалы қолшоқпарлар әр түрлі алым-салық түрін көбейтіп, онсыз да үрерге иті, сығарға биті жоқ халықтың күнкоріс көзі - малын соңғы тұяғына дейін тартып алды. Аузын ашқан ажалдан қаншама сәби көз жұмды... Сондай тажалдан құдай қолдап, бiр Алла жар болып Шерхан Мұртаза аман қалады. Жас балалар түгiлi, бұл ажалдың аузына қаншама ер азаматтар мен қаракөздеріміз, аналарымыз ілікті.

Шерхан Мұртаза халқының үкілеген үміті мен ой- арманын шама-шарқы жеткенше ақтады.

Шерхан Мұртаза 1963-70 жылдары “Лениншіл жас” газетінің редакторы, 1971-72 жылдары “Жалын” журналы, 1973 жылы Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, “Жұлдыз” журналының бас редакторы, 1980 жылдың қазан

айы мен 1989 жылдың қараша айының аралығында “Қазақ әдебиеті” газетінің бас редакторы, 1989 жылы қараша айынан бастап “Социалистік Қазақстан” газетінің бас редакторлығына тағайындалып, 1992 жылдың қазанына дейін еңбек етті. Таудай талабы мен срен қабілетінің, адал еңбегінің арқасында қазақ баспасөзі өркендеп дамыды. Шерхан Мұртазаның жақсыны үйренуге құмарлығы мен таза білімге күштарлығын, өз ісіне тиянақтылығын көрген Қазақстанның халық жазушысы Қалтай Мұхамеджанов былай дейді: “Шерхан Мұртазаны, басқаны қайдам, өзім ең әуелі қазақ баспасөзіндегі жаңа тұрпаттағы жана буынның толбасы, редакторы ретінде таныдым” (2.63).

Балалықтың бал дәурені соғыспен тұспа-тұс келіп, Шерхан Мұртаза фашизмнің салған қасіретін көзбен көріп, санасына түйіп өсе келе көркем шығармасына арқау етті. Осындай туындылардың бірі - “41-жылғы келіншек” әңгімесі мен “Мылтықсыз майдан” повесі. Шығармада жазушы заманның, қоғамның ащы шындығын кестелеп, соғыс жылдарындағы қиыншылықтар мен ауыл адамдарының әр алуан тағдырларын баяндап, ел басына қаралы қасіретті күн туған, сүттей ұйыған өмір жарастығын алай-дүлей бұзған, бақыттыны бақытсыз еткен соғыс жылдарындағы қазақ ауылы мен тұрмысын, қазақ әйелдерінің аянышты тағдырларын әңгімелейді. Осы тұрғыдан ақын Фариза Онғарсынова былай дейді: “Шерхан Мұртазаны жазушы ретінде танытқан - “41-жылғы келіншек” әңгімесі мен “Мылтықсыз майдан” повесі. Шерхан жазушы о бастан түймедей ойдан түйедей роман жазуға бой ұрып, көпірме сөздің көбігімен оқырманын қоректендіруге жоқ. Керісінше, жинақы сөйлем, сырбаз сөзбен сурет салды” (1.94).

Шерхан Мұртазаның шоқтығы биік ірі шығармасы - бес кітаптан тұратын “Қызыл Жебе” романы.

Қазақ әдебиетінде Тұрар бейнесін алғаш сомдаған көрнекті жазушы Мұхтар Әуезов еді. М.Әуезов “Қараш-Қараш” әңгімесінде “байлардың таны атқан, кедейдің күні батқан” тар кезеңде қожасынан қысым, қиянат, қорлық, зорлық көрген сiңiрi шыққан кедейлердiң әдiлдiктi, еркiндiктi аңсаған, сол кездегi қазақ халқының басында болған қиын кезеңдi Рысқұлдай өжет ердiң iс-әрекетiмен суреттейдi.

Шерхан Мұртаза қарапайым халық арасынан шыққан, халқын шын жүрегімен сүйіп құрметтеген, елінің болашағы үшін күрескен қоғам қайраткері, қызыл империяның құрбаны Тұрар Рысқұлұлының бейнесін жасады. Осы тақырыпта жазуға 1960 жылғы “Социалистік Қазақстан” газетіндегі Рахмалы Байжасаровтың “Тұрар Рысқұлов” атты мақаласы мен Ким деген кәріс ретушерінен алған Тұрар суретінің ықпалы зор болды. Оқылған мақаладан кейін жазушы Тараз, Меркі, Қырғызстан, Озбекстан, Мәскеу, Орынбор мұрағаттарынан кейіпкер өмірінен деректер жинайды. Тұрардың балалық шағынан бастап есейіп қызмет етіп, қайтыс болғанға дейінгі өмірбаянын баяндап, көркем тілмен өрнектесіп, әрбір сөзбен әспеттей ашып көрсеткен. Мырзатай Жолдасбеков “Қызыл Жебе” романы - Тұрар Рысқұловқа көркем сөзден соғылған еңселі ескерткіш болады деп көміл сенеміз” дейді. Шерхан Мұртазаның қазақ әдебиетінің дамуында алатын орны ерекше. Халық жазушысы туралы айтылған естеліктер мен ой-пікірлер көп.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қ.Ергобек. Баянғұмыр. А., “Жазушы”, 1991.
2. Шерағаң 60 жаста. Қазақтың халық жазушысы Шерхан Мұртаза. А., “Жазушы”, 1993.
3. Ш.Мұртаза. Алты томд. шығ. жинағы. II том. А., “Қазығұрт”, 2002.

“ТАСБАҚАНЫҢ ШӨБІ” ӘҢГІМЕСІ: ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ

Жазушы Әбіш Кекілбаев “Тасбақаның шөбі” әңгімесінде екі кейіпкер Қарабала мен Оңбайды алма кезек жүздестіріп, олардың жан сарайларының есік-терезесін ашып тастап, іс-әрекеті, сезіміне, көңіл күйі, амал-айласы, құлқы мен қылығына терең талдау жасайды. Шығарма тақырыбы - жетпісінші жылдардағы ауыл өмірі. Жазушының ауыл өмірін терең білетіндігі сондай, бар жайды өз басынан өткендей мөлдірете көрсеткен.

Оңбай - ата-бабасынан сіңірі шыққан кедейдің тұқымы. Табиғатында өте пысық, еті тірі адам. Оның пысықтығы мектепте оқып жүргенде-ақ байқалған. Оқуға алғыр, мұғалім тапсырмаларына мұқият болған. Сонымен қатар қағілез, тентек, ұрыншақ. Бойы жігер-қуатқа толы, “он беске келер-келместен-ақ қызы бар үйге тайлақ боп сүйкенетінді шығарған”. Қиқарлығы, ұрыншақтығы, сонымен бірге пысықтығы қартайғанша толас таппаған.

“Ауылдағы кісі үрікпес қыз біткеннің Оңбайдың өлеңдетіп жазған хатын алмағаны кемде-кем. Ал Оңбайдың қалтасы гола қыздар берген кестелі орамал. Алқалы жиын көрсе, арқасы қызып кетеді. Көзі шоқша жайнап, екі беті бал-бұл жанып шыға келеді. Жиналыс атаулыдан сөйлемей қалмайды... Басқарушы баяндамадан кейін-ақ соның есімін атайды. Жұрт дуылдатып қол соғады. Жоғарғы жақтан келген өкілдер болайын деп тұрған откір жас жігіттің қолын қысып,

арқасынан қағады. Соғыс кеп қыстырылмағанда, Оңбай болса болып та қалар еді”. Оңбайдың жастық шағын жазушы Қарабаланың сөзімен осылай баяндайды.

Оңбайдың осы жігер-қайраты, батылдығы мен пысықтығы соғыстан бір аяғын жоғалтып келгенде де өзгермеген. Ол - еңбексүйгіш, қандай қиындықтан да тайынбайтын еңбекқор, шебер ұйымдастырушы, халықты аузына қаратқан қосем, тапқыр, жаңашыл, ескілікке қарсы аянбай күрес жүргізе білетін күрескер, халық қамын ойлайтын қамқор адам екендігін соғыстан келгеннен кейін басқармалыққа сайланғанда анық көрсете білді. “Бір аяғы үзеңгіде, екі баздағы ердің артында өңгерулі. Шолақ аяқ басқарма ойда-жоқта тобеден түсе қалады. Жұрттың көрмесін көрің, білмесін біліп отырады. Ол дегенде бұрын аузын ашып, көзін жұматын ел енді жағаларын ұстайды. Орақшы әйелдер басқарма үстімізден шығып қала ма деп, бұрынғы шөмеле түбінде бірінің-бірі басын қарай беретінді қойды. Қырманшы шалдар астық бастырып біткен күні “қырман түн” деп ырым қып жұрттың етегіне бір-бір уыс бидай түйіп жіберетінді тоқтатты. Кеңседегілер де аяқтарының ұшынан басады. Ауданда заемді бірінші болып орындайтын - Оңбайдың колхозы. Тіпті бойдақ салық екеш бойдақ салық та Оңбай келгелі бірінші болып орындалды. Оңбайдың тұсында жыл он екі ай бос жататын ала қырға мал жайылды. Оңбайдың тұсында арқар мен киіктен басқа аяқ баспаған борілі түздерге орақ түсті”.

Кемшілік дегенді ата-бабасынан бері жек көретін Оңбай аудандағы қағазбастылықты қатты сынап, бір жиында сөз сөйлеп, шаруашылықтарды ірілендіру кезінде іріленген колхозға басқарма болайын деп тұрған жерінен қағылады. Қызбалықпен сөйлеген сөзінің бір ұшы хатшының маңдайына

тиіп кеткенін кейін барып біледі. Енді Оңбай өзіне тілін тістеткен сол “пысықтықтың” зиянын өкіне еске алады. “Қазір орынсыз момын болуға да, орынсыз пысық болуға да, орынсыз алғыр болуға да, орынсыз ақылды болуға да болмайды, қасқа. Артық дәулет көз шығармаса шығармас, артық ақылдың көз шығаратыны ып-рас. Дүниеде Құдайдың бергені де ештеңе емес, бергенін қайтып алғаны да ештеңе емес, бәрінен де берейін деп тұрып бермей, қайтып алғаны жаман екен. Өлгенше есіңнен кетпейді. Солай, құрдас” деп өз құрдасына мұңын шағып, өзінше өмір философиясының тұжырымын жасайды.

Әңгімедегі бұл деталь - шын мәнісінде де, кеңестік бюрократтық аппараттың мінез-құлқы. Бұл кезде кім алға шығып бара жатса, алуан әдіс-шаралар қолданылып тұқыртылатын. Әңгіменің бас кейіпкерінің бірі - Оңбай енді жасы ұлғайған шағында сол жастық жігердің пайдалы іске жұмсалмағанына күйініп, жамандамайтын адамы қалмай, бірінің ататегінен түк қоймай балағаттап, “ащы судың” ашуына беріле ашына сөйлейді. Қоғамдағы жіберіліп жатқан әділетсіздіктерді ол көп біледі. Міне, өз тілінен озі сондай қорлық көріп, Отан соғысында аяғын жоғалтқандарға берілетін машинаны өз бетімен өмір бақи ала алмай, енді ауырған шағында балдаққа сүйеніп жүре алмайтын болған соң құрдасы Қарабаланы аудан басшыларына барып машина алуға жұмсап отыр.

Қарабала бейнесі де типтік бейне. Әр адамның отбасының мінезі өзіне ұқсайтыны рас қой, Қарабаланың отбасы да дәл озі сияқты. Қарабала да мектепте оқыған, үш кластан аса алмаған. Бірақ өмір бойы ұсталық жұмысты кәсіп еткен. Жаны таза, жүрегі ақ жан. Онда адамға жамандық істеу былай тұрсын, жамандық ойлау да жоқ. Бүкіл болмысы

қарапайымдылықтан жаралған.

Қарабала өзінше өзінің кешірілмес кемшілігі соғысқа бара алмағандығы деп біледі. Өзін басқалардан кем санайтыны сондықтан. Соғысқа барған Оңбайдың алдында бұл мәселеде кібіртіктеп, жер шұқып қалады.

Ол аудан орталығына өмірінде екінші рет бара жатыр. Бірі - әскерге шақырылғанда, жас жігіт кезінде барса, екіншісі - осы жолы. Қартайғанда өзінің мектептес досы, айтқанын орындататын майдангер, адуын, жұртты аузына қаратқан Оңбайдың тапсырмасымен бара жатыр. Ол өзінің өте аянышпен қарайтын досының көңілін қалдырғысы келмейді. Қарабала Оңбайдың айтқанын қанағаттандырмаған басшылардың мұның айтқанын тыңдайтынына күмәнді.

Жазушы оқырманға ұсынған мына деталь - әңгіменің идеясының тініне “бойлатар” кілт іспетті: “Ауылдың алдындағы қара жол қарқарадай сөгіліпті. Қайда қарасаң - қарсы айырылып жатқан жарық. Қайда қарасаң - шөп арасында әлдеқайда бөксесін сүйретіп тоңқандап бара жатқан тасбақа. Тұқшындаған немелер тұяқ дыбысын естігенде мойындарын іштеріне тығып бұға қалады да, сәл ұзасаң қайтадан тарбаңдай жөнеледі”. ...тасбақа мойнын әнтек созып, жан дәрменімен тырбаң-тырбаң етеді. Аузында бір тал шөп.

Қарабала шыбын жаны көзіне көрініп, азапқа түскен бейшараны етпетінен аударып салайын деп, шыбыртқысын созып еңкейе берді де, тасбақаның жазғытұрым жер астынан тістеп шыққан шөбін алған адамның қай қалауы да орындалады дейтін әңгіме ойына оралып атынан түсті. Қасына барды. “Бісміллә” деп шөпті алды. Инедей ғана бір тал шөп. Құмақтарда көп өсетін көсіктің сабағына келіңкірейді. Алақанына сап сипап корді. Сосын көзі бақырайып, үйелеп жатқан тасбақаны етпетінен аударды.

“Апырай, ә... Сенейін бе, сенбейін бе? Жаратқан иемнің сүйген құлы болғаным-ау! Қай қылығыммен жақтым екен!” Қарабаланың тосын күпті ойдан жүрегі алып-ұшып барады. Манадан бері қинап келе жатқан: “Ауданға барып ештеңе бітірмей қайтсам, Оңбай тобемнен құдық қазады-ау деген күмән да жадынан шығып кетті”.

Әңгіменің “Тасбақаның шөбі” деп аталуы Қарабаланың халық ұғымындағы сенімге құлай нануынан туындаған. Кейіпкердің ойынша, егер тасбақа кездеспегенде, ол оның аузындағы шөбін алмағанда алдына қойған тілегі орындалмайтын еді. Автор да өз кейіпкерінің ығына құлап, әңгімесін осылай атауында елеулі мән бар. Бұл атаудың астарында оқырманға қойылған сауал-ой: “Шынында да, тасбақа шөбінің көмегі болды ма?”.

Оңбайдың Қарабала туралы айтқаны - шырқыраған шындық: “Бір өзі бір колхозға отгон болғандай ана маңдайың ашылмай жүр-ау. Әйтпесе, қайратың кімнен кем? Қыр мұрын, қияқ мұрт, дөңгелек жүз, еңгезердей қазақтың суреті қай газеттің коркін келтірмейді. “Жұлдызымыз, міне” деп сендейлерді көрсетудің орнына қайдағы бір мүжілген тобықтай қиқы-жиқы Қалиларды шығарды”.

Қарабала - еңбекқор жан, адамға деген жақсылығын ешкімнен аямаған, алайда ол өзін “адамның қоры” санайды. Озін еш бағалаған емес. Өмірде өзінің де салмағы бар екенін тек аудан орталығына келгенде білуі - Қарабала үшін үлкен жаңалық. “Қара бала қара шал болғанша бұл ауылда өлі оны “Қарекен” деп көрген жоқ”, ал мұндағылар оны алақанға салғандай сөз айтады. Мұндай құрметті ол өмір бақи көрген емес. Мұндағылар “Бетіңіздің иманы бар” дейді. Қатардағы беделді адамдай сөйлеседі. “Ақсақал, сізге кірсін деп жатыр” деген сөз тағы бар. Жұмысы басынан асатын аудандық партия

комитетінің бірінші хатшысы оған осылайша ілтипат білдіреді.

Басшы мекемеден жұмысы бітіп шығып бара жатып, бұл “рахметін” жаудыртқанда әлгі хатшы орнынан тұрып: “Сізге де рахмет! Былтыр біздің тапсырмамызды ойдағыдай орындадыңыз. Майдангерлерге ескерткіш орнату мәселесіне бас-коздік ету маған жүктелген-ді. Сіз қолғабыс жасамағанда ұятқа қала жаздап ек”. Мұндай сөзді бұрын естімеген ол тіл-жағынан айырылады. Мына бір диолог те Қарабаланың қандай адам екенін аша түсуде қомақты рөл атқарып тұр:

“ - ...Сіз сонда “Ұшқыннансыз” ба?

- Иә

- Мал бағасыз ба?

- Ұстамын.

- Атыңыз кім?

- Қарабала.

- Апырай, ә? Қашаннан ұстасыз?

- Мен өзім сонда туғам. Жұмысқа жарағалы темір соғам.

- Елу үштін жұты есіңізде ме?

- Әлбетте.

- Март айында сіздің ауылдың алдындағы донде катып қалатын көп машинаны білесіз ғой.

- Білгенде қандай! Тоң жібігенше жатты емес пе? Талайының белтемірі опырылып, маған бір ай бойы жұмыс табылған.

- Апырай, ә! “Ұшқында” бір қолы алтын ұста бар деуші еді. Сол сіз екенсіз ғой.

Қарабала қызарып кетті”.

Жүзбаев жолдастың содан кейінгі әңгімесі былай жалғасқанына Қарабала қатты қуанды: “Апырай, ә? Жарайды енді. Сіз келгесін болмас. Ол машинаны жүргізіп алып кететін адамыңыз бар ма?”

Бұлай жолы болып, ісі оңға басуын Қарабала озінше бағалайды: “Ат сабылтып талай барып, әлдекімдердің ішін кептіре боқтап, талай құр қол қайтқан орақ ауыз Оңбай бітіре алмай жүрген шаруа екі ауыз сөздің басын құраған құрлы көйлегінің арқасы малмандай боп шыға келетін Қарабалаға пішту болмай қалды. Бәрі манағы тасбақаның аузында қылтиған тебсн иненің тұқылындай көк шөптің киесі ғой. Ата-баба білмей айтты дейсің бе? Шарапаты алдымен Оңбайға тиді. Қазір барып рұқсат қағазды ұстата салғанда жүрегі жарылып қуанатын шығар.

- Әй, қасқа-ай, сенің қолыңнан да бірдеңе келеді екен ғой, - деп кеңк-кеңк күлер”.

Бұл - кейіпкер Қарабаланың ойы.

Жазушының әңгімелеріне зер сала қарап отырсаңыз, көбіне оның қарапайым еңбеккерлерді суреттеуге күштар екеніне куә боласыз. Неге? Бұл Әбіштің қарапайым ауыл еңбеккерлерінің өмірін өте жақсы, терең білуінен шығар. Ұлттық сана мен ұлттық мінез-құлықты айнытпай бейнелеуге халық арасынан шыққан кейіпкерлердің ой-арманы, мүддесін терең, зерек түсінеді. бүкіл болмысын, тынысын, күрсінісін, ішкі үнін естиді, іштерінде не керемет жатқанын сезеді. Қазақ әдебиетінде еңбек адамыпың, қарапайым ауыл адамы бейнелерінің галереясын жасауда жазушы үлесі зор.

“Тасбақаның шөбі” әңгімесіндегі нұсқалы ой-идеяны бағамдай келе ойға түйеріміз: “Адамзат өмірінде адам үшін жасалған зәредей жақсы іс ешқашан олмейді”. Ол адам баласы қоғамында бір белгі боп, бір белгісіз толқын боп өмір сүреді. Қандай бір адамның аты белгілі болсын-болмасын, атқарған игі істері ешқашан ошпейді”. Жақсылық боп алдыңнан шығады. Өзіне шарапаты тимесе, ұрпағына тиеді. Қазақ тәрбиесінің мазмұны осыған саяды. Асылы өмірге мән беретін,

тіршілік тұғыры болатын - қарапайым, елеусіз адамдардың еңбегі.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Кекілбаев. 10-томд. шығ. жинағы. 1-том, А., “Жазушы”, 1999.
2. Қ.Жүсіп. Әбіштің бір әңгімесі жайлы ой. // “Ана тілі”, 2009, 3-б.
3. Д. Кішібеков. Қазақ менталитеті: кеше, бүгін, ертең. А., “Ғылым”, 1999.
4. Б.Әбдіғазиев. Асыл арна.А., “Арыс”, 2005.

Бектай Қожахметов,
ұстаз.
Шымкент қаласы.

ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВТЫҢ ДЕРЕКТІ ӘДЕБИЕТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Деректі әдебиет белгілі дәрежеде ғұмырнамалық, тарихи әдебиет болып табылады. Көркемдік мақсатпен өзгертілген жайлар өмірлік шындыққа қиянаттық болмайды.

“Мен тек інілеріме өз көкжиектерін жоғалтып алмауын тілеймін” дейді Әбділда Тәжібаев. Мен бәрін көрдім. Шуақтай жылы, жібектей жұмсақ әмбе уақытта жанып, әмбе уақытта жарқырап тұратындарын да көрдім. Олардың көбісі аңғал, ақ көңіл, жұрттың бәріне сенгіш келетін. Ынжық, жалтақ жасқаншақтарымыз да кездесетін. ...берекесіздер осы ортадан көп шығатын ... ұрынып сөйлейтін, ұрыншақ інілерім де болды”.

Бұл сырға толы, ширақ жазылған жазбалар мемуарлық сипатта. Автор өзінің шығармашылық жағына көз тастай көңіл тоқтатады. Орта жастан асқан ақын үшін бұл жарасымды да мөлтек эссе өз өмірі жолында жас та болса да ықпалы болған аяулы өнерпаздар тағдыры туралы кеңінен баяндалады. Ең бастысы, автор мемуар көпке пайдалы дүние екенін, өмір жолынан өзге сабақ алуы керектігін ескертті. Мемуарлық эссенің “Естеліктер”, “Жылдар-ойлар”, “Есімдегілер” болып дүниеге келуі сондықтан.

Мемуар жазуда кейбір қаламгерлер біреудің әңгімесін, әлдебіреулердің естелігін пайдаланады. Айтылар ойға орай сәтті жымдастырылса дауымыз жоқ. Екінші кісінің естелігін пайдаланғанда автор мақсатқа жетпесе - ол айтары жоқ, көлем үшін жүрген, басы артық дүниеге айналады. Ең болмағанда, жағдаят ретінде рол атқару үшін ол автордың тегеурінді ойымен желімделуі керек.

Әр автордың мемуар жазу стиліндегі өзіне тән жарасымды өрнегі болды. Әбділда Тәжібаевтың естеліктерінде бір сарындылық, бедері кеткен көне тәсіл, бояулардың қайталануы жоқ. Оқушы сезімін сергітеді, әсерлі де қызық шығарманың тартымдылығы бар. Деректі туындыға қажет тарихи шындығы мен сөз күдіретіне бас иесің. Сөз жақындатпайтын қашық, сөз сейілтпейтін тұман жоқ. Ер намысын оятатын, ездi ерлікке бастайтын да сөз, оның қолдануы, яғни, стилінің өзіндік ерекшелігі әсерлі. Әбділда Тәжібаев “Ағалар мен інілер”, “Бөлек-бөлек”, “Әлібек Қоңыратбаев” атты қысқа миниатюрасында өзінің көрген-білгендерін толық баяндап тізе беруден аулақ, қажетті деген мәселелерді ғана олшеп алған. Оның өзінде фактіге тәуелді болып қалмайды, өмірден түйгендерін қорытындылап, көркемдік бояуын құбылтып, жетілдіріп отыруға айырықша

назар аударады. Осы жақтарынан алғанда, Әбділда Тәжібаевтың жазғаны оқушысын деректілігімен зеріктірмейтін, қайта қызықтыра түсетін ерекше дүние десек, артық айтқандық емес. Әлібектің балалық мінездері мен оның байыпты сезімталдығына да, қайыспас қайсарлығына да шүбәсіз сенесің. Ауыл баласы Әлібекті кейін “Қазақ әдебиеті” газетінде жауапты қызметте, Қазақстан Жазушылар одағының I съезінде талантты жазушы, қоғам қайраткері ретінде көреміз.

Әбділда Тәжібаевтың естелігі - адам жанын зерттей жүріп жазушылықты үйрену мектебінің жазбалары, өмір тәжірибесінің қорытындысы. Ол өзінің Әуезовтің шәкірті болғанын былай түсіндіреді: “Орысша оқымаған, дүние классиктерін тереңінен қанып ішпеген, күрделі құбылыстарды үстірт білетін, көбінесе ұранға шауып үйренген көрбала жасқа кезінде ақылшы болатын, оның көркем тәрбие көрмеген дәрежелігін асқындырмай тоқтататын ұстаз керек екен. Сол көрбала мен едім де, сол ұстаз Мұхаң болатын”.

Сократ ешкімге “Сенікі дұрыс емес” деп айтпаған. Шәкірттерін де солай тәрбиелеген. Мұхтар Әуезов те шәкірттерін Сократша тәрбиелеген сияқты. Ол үнемі батыс әдебиетін үлгі ете сойлеп, ұлттық шығармамыздың одан кем болмауын талап етіп отырған.

Мұқаң өз туындыларын қайта жазу үстінде, талдау, толықтыру арқылы шәкірттерінің де кемшіліктерін түзетуді мақсат еткен. “Еңлік-Кебекті” жөндеген сайын қандай өзгерістер кіргізді, не нәрселермен толықтырды, соның бәрін айтып беріп отырған. “Поэзиялық күшін арттырдым, толғау түрін кіргіздім, ойсыз монолог - бойсыз-болымсыз монолог, сондықтан монологты өңдеп, жас қойшының монологын кіргіздім. Бұл әрі күнәсіз бала, әрі фантазер, әрі философ емес пе?” деп шаттанған. Ал толғау түрін жетілдіргенін абыз

монологу арқылы түсіндірген.

Поэзиялық күшін арттырумен шындалған “Еңлік-Кебек”-драматургия мен поэзияның егіз екенін дәлелдегендей туынды. Сол кезде Еңлік рөлін ойнаған ҚазақССР-ның Халық әртісі, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Бикен Римова өзінің естелігінде спектакль туралы былай дейді: “Мұхан “Еңлік-Кебекке” үлкен өзгерістер енгізіп, қайтадан өндеп әкелді. Бұрынғы Абыз таяғының басына әлем-жәлем қызыл-жасыл шүберек пен сылдырмақ байланған бақсы-балгер түрінде көрінетін. Ал бұл Абыз ел бірлігін ойлаған ақылгөй, қобызына қосылып күй күңіrentкен сазгер, халықтың болашағына қоз жүгірткен дана қарт ретінде көрінеді”.

Мұхтар Әуезов суреткер, ұстаз ретінде бірде батыс, бірде оз туындысын талдай отырып, шәкірттерінің шығармашылық деңгейінің өсуіне мол жол ашты. Солардың бірі - Әбділда Тәжібаев болатын.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Ә.Тәжібаев. Есімдегілер. 5-т. шығ. жин. А., “Жазушы”, 1981.
2. Ә.Тәжібаев. Есімдегілер. 5-т. шығ. жин. А., “Жазушы”, 1993.
3. Қ.Ергебек. Баянғұмыр. А., “Жазушы”, 1991.



Бас редакторы - Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.

“Қазақ тілі мен әдебиеті” –
ай сайын шығатын республикалық
ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журнал.

Құрылтайшы және шығарушы: “Қазақ тілі мен әдебиеті”
және “Ұлағат” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Жауапты редакторы - Рыскелді САБЫРБАЙ.

Компьютерде теріп, беттеген –
Кәмшат ЖАҚСЫЛЫҚҚЫЗЫ.

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

Журнал Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке
қою туралы №6266-ж Куәлігі берілген.

Басуға 28.07.2010 ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 ¹/₃₂

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times/Kazakh.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4200.

Бағасы — келісімді. **ИНДЕКСІ- 75746.**

Мекен-жайымыз: 050009, Алматы қаласы,
Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

(бас жағғы мұқабаның 2-ші бетінде)

Әнін шығарған – Әуезхан Көсембекұлы.
Сөзін жазған – Зернебек Шілдебайұлы.

ҚАЗАҚ МҰРАТЫ

Тарихы жазылған күдірет күйінде,
Даналық жыр жатыр бал тамған тілінде.
Азаттық аңсаған «Елім-ай» әнімен
Халқымыз қол созды Бақытқа бүгінде!

Қайырмасы:

Атанған барша жұрт анасы
Жасасын мәрт қазақ даласы!
Төсінде еркелен өссін тек
Бауырмал адамзат баласы!

Алпауыт елдерің еріксіз санасқан
Әділет күші ғой Теңдікке жол ашқан.
Біз үшін басты арман – қуатты ел болу
Ынтымақ, Достығы мәңгілік жарасқан!

Жер-Ана жүрегін ауыртып алмайық,
Ұрпақтан-ұрпаққа Өмірді жалғайық.
Тәуелсіз Туымыз Ғарышта желбіреп,
Бейбіт Күн астында Қырандай самғайық!

**Қадірлі ұстаздар
мен
оқытушы ғалымдар!**

Кәсіби төл журналдарыңыз

75746

75697

75821



Егер өз мамандығыңызға деген ыстық сүйіспеншілігіңіз бар болса, онда өз кәсіби және ресми түрде жарық көрген төл журналдарыңызға 2010 жылға тұтас жазылуды ұмытпаңыздар! Өйткені оның нағыз тірегі, өмір сүруінің басты кепілі – әуелі Құдай, сонан соң Өздеріңіз ғана!

Алла Сіздерге қуат берсін!



